В. И. ЛЕНИН

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ

АЛМАТЫ - 1947

В. И. ЛЕНИН

МЕМЛЕКЕТ
ЖӘНЕ
РЕВОЛЮЦИЯ

МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ
МАРКСИЗМ ҒЫЛЫМЫ
ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ
РЕВОЛЮЦИЯДАҒЫ
МІНДЕТТЕРІ

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН
МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
1947

БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

Мемлекет туралы мәселе теория жағынан да, практика-саясат жағынан да кәзіргі уақытта өте-мөте маңызды мәселе болып отыр. Империалистік соғыс монополистік капитализмнің мемлекеттік-монополистік капитализмге айналу процесін өте тездетіп, шиеленістіріп жіберді. Капиталистердің құдіреті күшті одақтарымен барған сайын қосылып бара жатқан мемлекеттің еңбекшілер бұқарасын адам айтқысыз езуі барған сайын сұмдық болып барады. Алдыңғы қатарлы елдер — олардың «тыл» жағын айтамыз—жұмысшылар үшін соғыс-каторға түрмелеріне айналып барады.

Созылып бара жатқан соғыстың құлақ естімеген сұрапыл қырғындары мен апаттары бұқараның күйін адам шыдамастық халге түсіріп отыр, сол бұқараның ашынуын күшейтіп отыр. Халықаралық пролетарлық революция көрнеу өсіп келе жатыр. Сол революцияның мемлекетке көзқарасы жөніндегі мәселе практикалық маңызы бар мәселе болып отыр.

Бір шама бейбіт дамудың ондаған жылдарының бойында жиылған оппортунизм элементтері бүкіл дүние жүзіндегі ресми социалистік партияларда үстемдік етіп отырған социал-шовинизм ағымын туғызды. Бұл, сөз жүзінде социалистік, іс жүзінде шовинистік болып отырған ағымның (Россияда — Плеханов, Потресов, Брешковская, Рубанович, бұлардан кейін сәл ғана бүркеулі түрде Церетели, Чернов мырзалар мен солардың серіктері; Германияда — Шейдеман, Легин, Давид және басқалар; Франция мен Белгияда—Ренодель, Гэд, Вандервельд; Англияда,—Гайндман мен фабияншылдар, және т. т.) өзгешелігі: «социализм» «көсемдері» «өзінің» ұлттық буржуазиясының мүдделеріне ғана емес, дәл «өз» мемлекетінің

мүдделеріне қызмет етуге жүзікара итаршы құсап бейімделеді, өйткені ұлы держава делініп жүрген державалардың көпшілігі толып жатқан ұсақ және әлсіз халықтарды көптен бері қанап және құл етіп келеді. Ал империалистік соғыс осы олжаларды бөлісу және қайта бөлісу үшін жүргізіліп жатқан соғыстың дәл өзі болып отыр. Еңбекшілер бұқарасын жалпы буржуазия атаулының ықпалынан, әсіресе империалистік буржуазияның ықпалынан құтқарып алу үшін күресу, «мемлекет» жөніндегі оппортунистік жалған пікірлермен күреспейінше мүмкін емес.

Біз әуелі Маркс пен Энгельстің мемлекет туралы ғылымын қарастырамыз, қарастырғанда әсіресе осы ғылымның ұмытылып қалған немесе оппортунистік бұрмалауға ұшыраған жақтарына толық тоқталамыз. Содан кейін біз осы бұрмалаудың басты өкілі, Екінші Интернационалдың (1889 — 1914 ж. ж.) қазіргі соғыстың кезінде әбден масқара болып күйреген ең әйгілі көсемі — Карл Каутскийді әдейлеп тексереміз. Ақыр аяғында, 1905 жылғы және әсіресе 1917 жылғы орыс революцияларының тәжрибесінің басты қортындыларын шығарамыз. Осы кейінгі революция қазір (1917 жылғы августың бас кезінде) өзінің дамуының алғашқы кезеңін аяқтап келе жатқан болуы керек, бірақ жалпы алғанда бүкіл осы революция империалистік соғыс туғызатын социалистік пролетарлық революциялардың желісіндегі буындардың бірі деп қана ұғыныла алады. Сонымен, пролетариаттың социалистік революциясының мемлекетке көзқарасы жайындағы мәселе тек практикалық-саяси маңызы бар мәселе ғана емес, өзін капиталдың тепкісінен құтқару үшін бұқараның таяу уақытта не істеу керек екендігін оған түсіндіретін мәселе ретінде нағыз зәру маңызы бар мәселе де болып отыр.

Автор.

Август, 1917 ж.

ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

Осы, екінші басылуы ешбір өзгеріссіз дерлік басылып отыр. Тек қана II тарауға 3-параграф қосылып отыр.

Автор.

Москва.
17 декабрь, 1918 ж.

I ТАРАУ

ТАПТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

1. Мемлекет—тап қайшылықтарының келісімге келмейтіндігінің жемісі

Кәзір Маркс ғылымы, революциялық ой иелері мен езілген таптардың азаттық күресіндегі көсемдерінің ғылымдарының тарихта талай көргенін көріп отыр. Езуші таптар ұлы революционерлердің тірі кезінде оларды өнебойы қуғындап отыратын, олардың ғылымдарын барып тұрған өштікпен, орасан жек көрушілікпен, өтірік, өсекті үсті-үстіне жаудырумен қарсы алатын. Ұлы революционерлер өлгеннен кейін оларды зиянсыз иконаға айналдыруға, былайша айтқанда, оларды касиетті адамдар етіп көрсетуге, езілген таптарды «жұбату» үшін және оларды ақмақ ету үшін әлгілердің атына белгілі даңқ беруге әрекеттер істеледі, революциялық ғылымның мазмұнын жойып, оның революциялық өткір жүзін мұқалтып, оны бұзып отырады. Марксизмді осылайша «өңдеу» ісінде жұмысшы қозғалысы ішіндегі оппортунистер мен буржуазия кәзір бір жерден табысып отыр. Бұл ғылымның революциялық жағын, оның революциялық рухын ұмытып, шетке қағып, бұзып жүр. Буржуазияға қолайлы жерін немесе қолайлы болып көрінген жерін алдыңғы ретке шығарып, соны көтермелейді. Бұл күнде социал-шовинистердің бәрі де «марксшілдер», олармен ойнамаңдар! Марксизмді құрту жайындағы күні кешегі мамандар, немістің буржуазиялық оқымыстылары кәзіргі уақытта «неміс ұлтының» Марксі деген сөзді жиі айтатын болып жүр, оларша, талаушы соғысты жүргізу үшін әбден оңды ұйымдасқан жұмысшы одақтарын Маркс баулып тәрбиелеп беріпті-мыс!

Істің жәйі осындай болып отырғанда, марксизмді бұзушылықтар адам айтқысыз жайылып отырғанда, біздің

міндетіміз — алдымен Маркстің мемлекет туралы шын ғылымын бұрынғы қалпына келтіру. Мұның үшін Маркс пен Энгельстің өз шығармаларынан толып жатқан ұзақ-ұзақ цитаттар келтіру қажет. Әрине, ұзақ-ұзақ цитаттар келтіру сөз құрылысын ауырлатады, оның түсінікті болуына ешқандай жәрдем етпейді. Бірақ, цитаттар келтірмейінше ешбір мүмкін емес. Ғылыми социализмнің негізін салушылардың көзқарастарының жыйыны қандай болғаны туралы және бұл көзқарастардың дамуы туралы оқушы өз бетімен түсінік алу үшін, онымен қатар қазіргі үстем болып отырған «каутскийшілдіктің» бұл көзқарастарды бұзғаны документ арқылы дәлелденіп, айқын көрсетілу үшін Маркс пен Энгельстің шығармаларының мемлекет туралы мәселе жайында айтқан сөздерінің барлығы, ең болмағанда барлық түйінді жерлері, мүмкін қадарынша сөзсіз толық келтірілуі керек.

Сөзді Фр. Энгельстің: «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген ең көп тараған шығармасынан бастайық; оның 1894 жылы Штутгартта басылғаны алтыншы рет басылып шығуы болатын. Бізге цитаттарды неміс тіліндегі түп нұсқаларынан аударып алуға тура келеді, өйткені мұның орысша аудармалары, қаншама көп болғанымен, көбінесе не толық емес, не өте нашар аударылған.

Энгельс өзінің жасаған тарихи талдауын қорыта келіп, былай дейді:

«Мемлекет дегеніміз ешқалайда қоғамға сырттан тағылған күш емес. Мемлекет дегеніміз, Гегель айтқандай—«адамгершілік идеясының шындығы» да емес, «ақыл бернесі мен ақыл шындығы» да емес. Мемлекет дегеніміз белгілі даму сатысындағы қоғам жемісі; мемлекет — сол қоғамның шешілмейтін өз қайшылықтарына белшесінен батқандығын, бір-бірімен ешқашан сыйыса алмайтын қарама-қарсылықтарға бөлінгенін, қоғамның сол қарама-қарсылықтардан құтылуға дәрмені келмейтіндігін мойындағандық. Осы қарама-қарсылықтар және экономикалық мүдделері қайшы таптар жеміссіз күресте бірін-бірі және қоғамды жалмап қоймауы үшін, мұның үшін, шамасы, қоғамнан жоғары тұратын, шекісуді тежей алатындай, оны «тәртіптің» шегінен шығармай ұстап отыра алатындай күш қажет болған. Сол қоғамның ішінен шығып, өзін содан жоғары қоюшы, өзін содан алыстатып, барған сайын жат етіп бара жатқан күш— мемлекет» (немісше алтыншы басылуындағы 117—178-беттерде).

Мемлекеттің тарихи ролі және маңызы туралы мәселе жөніндегі марксизмнің негізгі идеясы бұл жерде әбден

анық айтылған. Мемлекет дегеніміз — тап қайшылықтарының сыйыса алмайтындығының жемісі және оның көрінісі. Тап қайшылықтары қайда, қай кезде және қаншалық объективті түрде сыйыса алмайтын болса, мемлекет те сонда, сол кезде, соншалық болып туады. Және оның керісінше: мемлекеттің болуы тап қайшылықтарының сыйыса алмайтындығын дәлелдейді.

Марксизмді бұзушылық дәл осы ең маңызды және түйінді пункттен басталып, негізгі екі саламен жүргізіледі.

Бір жағынан, мемлекет тап қайшылықтары мен тап күресі бар жерде ғана болатынын даусыз тарихи фактылардың күшімен амалсыз мойындап отырған буржуазияшыл және ұсақ буржуазияшыл идеологтер Маркстi былайша «түзеткен» болады: оларша, мемлекет таптарды жарастыратын орын болып шығады. Маркстше, егер таптарды жарастыруға мүмкін болатын болса, мемлекет тумас та еді, өмір сүріп тұра алмас та еді. Мешан және филистер профессорлар мен публицистерше, — бұлар көбінесе ешбір бөтен ойсыз-ақ Маркс айтты деседі! — мемлекет таптарды нақ жарастыратын болып шығады. Маркстің айтуынша, мемлекет тап үстемдігін жүргізетін орган, бір тапты екіншісінің езетін органы, таптардың соқтығысуын тежей отырып, жаңағы езушілікті заңды етіп, бекем қылатын «тәртіп» жасағандық. Ұсақ буржуазияшыл саясатшылардың пікірінше, тәртіп—бір таптың екінші тапты езуі емес, таптарды тура жарастыру; соқтығысты тежеу дегеннің мәнісі—езілген таптардың езушілерді құлату үшін жүргізетін күресінің белгілі құралдары мен әдістерін тартып алу деген сөз емес, қайта жарастыру деген сөз.

Мәселен, 1917 жылғы революцияда, мемлекеттің маңызы мен ролі жөніндегі мәселе дәл бүкіл аумағымен көтерілген кезде, көтерілгенде дереу қыймыл жасайтын, қыймыл жасағанда да жалпы көлемде қыймыл жасайтын практикалық мәселе болып көтерілген кезде эс-ерлер (социалист-революционерлер) мен меньшевиктердің барлығы «мемлекет» таптарды «жарастырады» деген ұсақ буржуазиялық теорияға бірден және түгелімен түсті де кетті. Осы екі партиядағы саясатшылардың сансыз толып жатқан қарарлары мен мақалалары басынан аяғына дейін осы мещандық және филистерлік «жарастыру» теориясымен толған. Мемлекет белгілібір таптың

үстемдігін жүргізетін орган екендігін, ол тап өзінің антиподымен (өзіне қарама-қарсы таппен) келісімге келе алмайтындығын, мұны ұсақ буржуазиялық демократия еш уақытта да түсіне алмайды. Біздің эс-ерлер мен меньшевиктердің тіпті де социалист емес (мұны біздер, большевиктер, үнемі дәлелдеп келеміз), социалистік дерлік сылдыр сөзді ұсақ буржуазиялық демократтар ғана екендігінің ең айқын көрінісінің бірі—олардың мемлекетке көзқарастары.

Екінші жағынан, марксизмді «каутскийше» бұрмалаушылық анағұрлым шебер бұрмалау. Мұнда мемлекеттің тап үстемдігін жүргізетін орган екендігі де, тап қайшылықтарының сыйыса алмайтындығы да «теория жүзінде» бекер делінбейді. Бірақ мына төмендегі жағдай ұмытылады немесе бүркеліп көмескіленеді: егер мемлекет тап қайшылықтарының сыйыспайтындығының жемісі болса, егер ол қоғамнан ж о ғ а р ы тұрған және «өзін қоғамнан алыстатып б а р ғ а н с а й ы н ж а т е т і п б а р а ж а т қ а н» күш болса, онда езілген таптың бостандықты революция жасамай азаттыққа жетуінің мүмкін еместігі былай тұрсын, қайта үстем тап құрған және әлгі «жат болып бара жатқандығы» бойына біткен мемлекеттік өкметтің аппаратын да қ ұ р ы т п а й т ұ р ы п азаттыққа жете алмайтындығы ап-айқын нәрсе. Революцияның міндеттеріне жасаған нақтылы тарихи анализге сүйеніп, Маркс ешқандай күдік қалдырмай теория жағынан өзінен-өзі айқын осы қортындыны жасады, оны біз төменде көреміз. Каутскийдің... «ұмытып кеткені» және бұрмалап жібергені нақ осы қортынды, — мұны толығырақ етіп бұдан былайғы баяндауымызда көрсетпекпіз.

2. *Қарулы адамдардың ерекше Отрядтары, түрмелер және басқалар.*

Онан кейін Энгельс былай деген:

...«Ескі гентиль (ру немесе клан) ұйымына қарағанда, мемлекеттің айырмашылығы: біріншi — мемлекетке қарайтын жұрттың территориялық бөлектерге бөлінуі»... Бұл бөлінушілік бізге «табиғи нәрсе» сықылды болып көрінеді, бірақ бұл бөлінушілік буынға немесе руға қарай құралған ескі ұйымдарға қарсы ұзақ күреспен түскен.

...«Екінші өзгеше айырмашылығы — қоғамдық өкіметтің құрылуы, бұл өкімет өзін өзі қарулы күш етіп ұйымдастыратын халықпен тікелей сәйкес келмейді. Бұл ерекше қоғамдық өкіметтің қажет

болған себебі — қоғам тап-тапқа жарылған мезгілден бастап халықтың өздігінен қыймыл жасайтын қарулы ұйымы болуына мүмкіндік қалмады... Бұл қоғамдық өкімет қай мемлекетте болсада бар. Бұл өкімет тек қарулы адамдардан ғана құралып отырған жоқ, заттық придатюктерден де, түрмелер мен әртүрлі еріксіз көндіруші мекемелерден де құралып отыр, бұларды руға (кланға) қарай құралған қоғам білмеуші еді»...

Энгельс, мемлекет деп аталатын «күштің» қоғамның ішінен шыға отырып, өзін одан жоғары қойған және өзін барған сайын одан алыстатып жат етіп отырған күштің ұғымын кеңінен алып көрсетіп отыр. Бұл күш негізінде неден құралады? Бұл күш өзінің қарамағында түрмелері және басқа сондайлары бар қарулы адамдардың ерекше отрядтарынан құралып отыр.

Қарулы адамдардың ерекше отрядтары туралы сөз қылуға біздің толық қақымыз бар, өйткені әрбір мемлекетке тән қоғамдық өкімет «өздігінен қыймыл жасайтын қарулы ұйымы» бар қарулы халықпен «тікелей сәйкес келмейді».

Революциялық ұлы ой иелерінің барлығы сықылды, Энгельс те саналы жұмысшылардың назарын нақ мына нәрсеге аударуға тырысады: үстем болып жүрген обывательщинаға оншалық назар салуға тұрмайтын нәрсе болып көрінетін нәрсеге, әбден үйреншікті болып кеткен нәрсеге, бекем ғана емес, тіпті тастай қатып қалған дерлік жалған пікірлермен дәріптелген нәрсеге аударуға тырысады. Тұрақты әскер мен полиция—мемлекеттік өкімет күшінің ең іргелі құралдары,—мұның басқаша болуға амалы бар ма?

Энгельс сөзін арнаған және ешбір ұлы революцияны басынан кешіріп көрмеген, жақыннан көріп байқамаған XIX ғасырдың аяғындағы европалықтардың орасан көпшілігінің көзқарасынша, бұл іс басқаша бола алмайды. «Халықтың өздігінен қыймыл жасайтын қарулы ұйымы» дегеннің не екені оларға мүлдем түсініксіз. Қоғамның үстінен қараушы етіп қойылған, өздерін қоғамнан алыстатып жат етіп бара жатқан, қарулы адамдардың ерекше отрядтарының (полиция, тұрғылықты армия) қажет болған себебі не, деген сұрауға Батыс-Европа мен орыс филистерінің Спенсерден немесе Михайловскийден алынған екі-ақ ауыз сөзбен жауап бергісі келеді, қоғам өмірінің күрделенгенін, функциялардың бөлінуін және тағы сондайларды дәлел қылып жауап бергісі келеді.

Ең басты және негізгі мәселені—қоғамның бір-бірімен сыйыспайтын жау таптарға жарылғанын көлеңкелеп, мұндай дәлелдер «ғылыми» сықылды болып көрінеді және обывательді тамаша ұйытады.

Осы жарылу болмаған болса, «халықтың өздігінен қыймыл жасайтын қарулы ұйымы» таяқ ұстап жүретін үйірлі маймылдардың, немесе алғашқы адамдардың, немесе клан қоғамдарына біріккен адамдардың жабайы ұйымынан өзінің күрделілігі, техникасының жоғарылығы, тағы басқа сондай өзгешеліктері арқылы бөлектенген болар еді, мұндай ұйымның болуы мүмкін болар еді.

Ондай ұйымның болуы мүмкін емес, себебі мәдениетті қоғам жау таптарға, оның үстіне бір-бірімен ешбір сыйыса алмайтын жау таптарға жарылған, бұлардың «өздігінен қыймыл жасайтын» болып қарулануы, бірімен бірін қарулы күреске ұшыратар еді. Мемлекет құрылады, ерекше күш, қарулы адамдардың ерекше отрядтары, жасақталады, сондықтан әрбір революция, мемлекеттік аппаратты қыйрата отырып, үстем таптың өзіне қызмет етуші қарулы адамдардың ерекше отрядтарын қайтадан орнатуға тырысатындығын, езілген таптың, қанаушыларға қызмет етпей, қаналушыларға қызмет етуге жарайтын сол тектес жаңа ұйым жасап алуға тырысатындығын бізге көзбе-көз көрсетеді

Әрбір ұлы революцияның біздің алдымызға іс жүзінде айқын түрде және оның үстіне жалпы бұқаралық қыймыл көлемінде қойып отырған мәселесін Энгельс жоғарыда келтірілген баяндамасында теория жүзінде қояды, атап айтқанда, ол мәселе — қарулы адамдардың «ерекше» отрядтары мен «халықтың өздігінен қыймыл жасайтын қарулы ұйымының» өзара қатнасы жайындағы мәселе. Европа мен орыс революцияларының тәжрибесінде бұл мәселенің нақты қалай болатынын әлі көреміз.

Ал Энгельстің сөзіне қайта оралайық.

Оның айтуынша, кейде, мәселен, Солтүстік Американың кейбір жерінде, әлгі қоғамдық өкімет әлсіз болған (мұндағы әңгіме капиталистік қоғамда рабайда бір ұшырайтын жай туралы және Солтүстік Американың еркін отаршы деңірек болған жерлерінің империалистік дәуірден бұрынғы қалпы жөнінде болып отыр), бірақ, жалпы айтқанда, ол өкімет күшейіп барады:

...«Мемлекеттің ішінде тап қайшылықтары шиеленіскен сайын, және бір-бірімен іргелес мемлекеттер неғұрлым зорайып, олардың халқы көбейген сайын, қоғамдық өкімет те күшейе береді. Кәзіргі Европаға болса да көз салып байқаңыздаршы, мұнда тап күресі мен жаулап алу жөніндегі бәсеке қоғамдық өкіметті жоғары шапшытып жібергені сонша, кәзір сол өкіметтің өзі бүкіл қоғамды және тіпті мемлекетті де жұтып қою қаупін туғызып отыр»...

Бұл сөздің жазылған мезгілі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының бас шенінен бері емес. Энгельстің ең соңғы жазған алғысөзі 1891 жылғы июннің 16 күні жазылған, деп көрсетілген. Ол кезде импералимзге карай бет алу — трестердің әбден үстем болуы жағынан да, ең ірі банкілердің өкімінің әбден күшеюі жағынан да, орасан зор отарлану саясаты жағынан да және басқалары жағынан да — Францияда жаңа-жаңа ғана басталған болатын, Солтүстік Америка мен Германияда одан гөрі сәл бәсеңірек болатын. Содан бері «жауап алулар жөніндегі бәсеке» орасан ілгері басты, оның мәнісі де бар: XX ғасырдың екінші он жылының бас шенінде бүкіл жер жүзін әлгі «бәсекелескен жаулап алушылар», яғни талаушы ұлы мемлекеттер біржолата бөлісіп алған болып шықты. Содан бері әскери, соғыс-теңіз карулары өлшеусіз өсті, сондықтан бүкіл дүние жүзіне Англияның немесе Германияның үстемдік құрмақ болуы үшін туған, олжаны бөлісу үшін туған 1914 — 1917 жылдардағы талаушылық соғыс жырткыш мемлекеттік өкіметтің қоғамға біткен барлық күшті «жұтып қоюын» барып тұрған апатка таяды.

Энгельс 1891 жылдың өзінде-ақ «жаулап алулар жөніндегі бәсеке» ұлы мемлекеттердің сыртқы саясатындағы ерекше белгілердің бірі екендігін көрсете білген, ал социал-шовинизмнен шыққан оңбағандар 1914 — 1917 жылдары, дәл осы бәсеке әлденеше есе асқынып, империалистік соғысты тудырған кезде, «өз» елі буржуазиясының талаушылық мүдделерін қорғап, ол кылықтарын «отанды қорғау», «республика мен революцияны қорғау» деген және басқа да сондай сылдыр сөздермен бүркеп отыр!

3. *Мемлекет—езілген тапты қанаудың құралы*

Қоғамнан жоғары тұратын, ерекше қоғамдық өкіметтің каражатына жұмсау үшін салықтар мен мемлекеттік қарыздар керек.

Энгельс былай деп жазады:

...«Қоғамдық өкімет және салық алу правосы өз қолдарында болғансоң чиновниктер, қоғам органы ретінде, қоғамнан жоғары болып алады. Ру (клан) қоғамының органдарын жұрт өзінің ықтыярымен, еркімен қадірлеген болса, мыналар сол дәрежеге жете алған күнде де, оны жеткіліксіз деп табады»... Чиновниктердің ардақтылығы және оларға ешкімнің тие алмайтындығы туралы айрықша заңдар шығарылады. «Полиция қызметшісінің ең жаманы да» клан өкілінен көп «беделге» ие, ал енді, қадірлілік жағына келгенде, мәдениетті мемлекеттегі соғыс өкіметінің бастығы да қоғам «таяқтың күшінен тыс қадірлеп отырған» клан ағасына қызығар еді.

Мұнда көтеріліп отырған мәселе—мемлекеттік өкімет органы ретіндегі чиновниктердің ардақты күйі жайындағы мәселе. Оларды қоғамнан жоғары еткен не? деген мәселе негізгі мәселе ретінде айтылып отыр. Осы теориялық мәселені 1871 жылы Париж Коммунасының іс жүзінде қалай шешкендігін және оны Каутский реакцияшылдық істеп, 1912 жылы қалай бүркепкеткендігін кейін көреміз.

... «Мемлекет таптардың қарама-қарсылықтарын ауыздықтап ұстау керектігінен туғандықтан; сонымен қатар, ол мемлекет осы таптардың белдесіп қақтығысуларынан туғандықтан, ол жалпы ереже бойынша, ең күшті, экономика жағынан үстем таптың мемлекеті болады, бұл тап мемлекеттің жәрдемімен саясат жағынан да үстем тап болып алады, сөйтіп, езілген тапты басуға және қанауға жаңа құралдар табады»... Ерте заманғы мемлекет пен және феодалдық мемлекеттер ғана құлдар мен крепостнойларды қанайтын органдар болып қойған жоқ, сонымен қатар «осы замандағы өкілді мемлекет те капиталдың жалдама еңбекті қанайтын құралы болып отыр. Дегенмен рабайда бір кездесетін дәуірлер болады, онда күресуші таптардың күштері теңбе-тең түседі де, мемлекеттік өкімет екі таптың ортасында арада жүруші сияқты болып көрініп, екі таптың екеуі жөнінде де уақытша белгілі мөлшерде өз билігі өзінде болады»... XVII және XVIII ғасырлардағы абсолюттік монархия, Франциядағы б і р і н ш і және е к і н ш і и м п е р и я н ы ң бонапартизмі, Германиядағы Бисмарк осындай болған.

Өз жанымыздан қосайық: революцияшыл пролетариатты қуғындауға көшкеннен кейінгі республикалық Россиядағы Керенскийдің үкіметі осындай болды, ол кезде Советтер ұсақ буржуазияшыл демократтар басшылық еткендіктен әлсіз б о л д ы д а, буржуазия әлі Советтерді турадан-тура қуып таратып жіберерліктей күшті болмады.

Энгельс сонан кейін былай дейді:

Демократиялық республикада «байлық өзінің өктемдігін жанамалап пайдаланады, бірақ оның есесіне сенімдірек етіп пайдаланады», атап айтқанда, біріншіден — «чиновниктерді тура сатып алу» арқылы (Америка), екіншіден — «үкімет пен биржаның одақтасып алуы» арқылы «пайдаланды» (Франция және Америка).

Қандай демократиялық республикаларда болса да байлықтың құдіреттілігін қуаттау мен жүзеге асырудың осы екі әдісін қазіргі уақытта империализм және банкілердің үстемдігі асқан шеберлікке жеткізе «дамытты». Мәселен, егер Россиядағы демократиялық республиканың бастапқы айларында, былайша айтқанда, «социалист» эс-ерлер мен меньшевиктердің буржуазиямен некелесіп қосылған алғашқы айларында, капиталистерге және солардың тонаушылығына, соғыс жабдықтарын жеткізу ісінде олардың қазнаны талаушылығына ауыздық салмақ болған шаралардың бәріне де коалициялық үкіметте Пальчинский мырза ылғый саботаждық жасаумен болса, егер содан кейін министрліктен кеткен Пальчинский мырзаға (оның, орнын әрине, дәл сондай екінші бір Пальчинский басты) капиталистер жылдық ақысы 120.000 сомдық бір орын «сыйласа», мұның аты не? тура сатып алғандық па, болмаса тура сатып алғандық емес пе? үкіметтің синдикаттармен одақтасқандығы ма, болмаса «тек қана» достық қарым-қатнас жасағандығы ма? Черновтар мен Церетелилердің, Авксентьевтер мен Скобелевтердің атқарып жүрген рольдері қандай?— Бұлар қазнаны ұрлап жүрген миллионерлердің «тура» одақтастары ма болмаса жанама одақтастары ғана ма?

Демократиялық республика тұсында «байлықтың» құдіреттілігінің сенімдірек болатын себебі — ол байлық капитализмнің нашар саяси сыртқы пішініне бағынышты емес. Демократиялық республика — капитализмнің мүмкін болатын таңдаулы саяси бүркеншігі болып табылады, сондықтан да капитал, осы ең таңдаулы бүркеншікті қолына түсіріп алып (Пальчинскийлер, Черновтар, Церетелилер және солардың серіктері арқылы), өзінің өктемдігін әбден сенімді, ешбір күдіксіз етіп орнатады, сенімділігі, күдіксіздігі сонша: буржуазиялық демократиялық республиканың адамдарының да, мекемелерінің де, партияларының да ешбір алмасуы бұл өктемдікті қозғалта алмайды.

Тағыда бір айтып өтуге керекті нәрсе, жалпыға бірдей сайлау правосын да буржуазия үстемдігінің құралы, деп Энгельс әбден анықтап айтқан. Энгельс неміс социал-демократиясының ұзақ тәжрибесін көрнеу ескере отырып жалпыға бірдей сайлау правосы:

«жұмысшылар табының есейіп, жетілгендігін көрсететін белгі. Оның бұдан артық берері жоқ және қазіргі мемлекет тұрғанда бұдан артық еш нәрсе бере алмақ емес», деген.

Біздің эс-ерлер мен меньшевиктер сықылды ұсақ буржуазияшыл демократтар, сонымен бірге осылардың бір туысқан бауырлары, Батыс Европаның барлық социал шовинистері мен оппортунистері де жалпыға бірдей сайлау правосынан бұдан анағұрлым «көпті» күтеді. Бұлар «қазіргі мемлекетте» жалпыға бірдей сайлау правосы еңбекшілер көпшілігінің еркін шын анықтап ашып бере алады және оның жүзеге асуын баянды ете алады, деген жалған пікірге өздері де сеніп жүр, халықты да ұйытып жүр.

Біз бұл арада бұл пікірдің жалғандығын айтып қана өтеміз және «ресми» (яғни оппортунистік) социалистік партиялардың пропагандасы мен үгіттерінде, Энгельстің мейлінше анық, дәл, нақты айтылған сөзін ылғый бұзып жүргендігін көрсетіп қана өтеміз. Энгельс оңдырмай сөгіп отырған бұл пікірдің мейлінше жалған пікір екендігін біз ілгеріректе Маркс пен Энгельстің «қазіргі» мемлекетке көзқарастарын баяндаған жерімізде толығырақ анықтап көрсетеміз.

Өзінің көзқарастарының жалпы қортындысын Энгельс өзінің жұртқа әбден мәлім шығармасында мына сөздермен баяндайды:

«Сонымен, мемлекет мәңгі жасап келе жатқан жоқ. Мемлекетсіз де өмір сүрген, мемлекеттің, мемлекеттік өкіметтің не екендігін білмеген қоғамдар да болған. Қоғамның тап-тапқа жарылуымен амалсыз байланысты болған экономикалық дамудың белгілібір сатысында сол жарылудан барып мемлекет қажет болды. Қазір біз өндіріс дамуының сондай бір сатысына тез адымдап, жақындап келеміз, бұл сатыда таптардың қажет болмауы былай тұрсын, тіпті олардың болуы өндіріске тіке бөгет болады. Бұрын таптар қалай лажсыз туған болса, олар солай лажсыз жоғалмақ. Таптардың жоғалуымен қатар мемлекет те лажсыз жоғалмақ. Өндірушілерді ерікті және тең одаққа бірлестіру негізінде өндірісті жаңаша ұйымдастыратын қоғам, бүкіл мемлекеттік машинаны сол кездегі өзінің нағыз тиісті орнына жібермек: ұршықпен, қола балтамен қатар ескінің мұралары сақталатын музейге жібермек».

Осы замандағы социал-демократияның пропаганда және үгіт әдебиетінде бұл цитат жиі ұшырамайды. Тіпті, бұл цитатты ұшыратқанда да, оны көбінесе иконаға иіліп, сәлем еткен сықылды болып келтіргендері көрініп тұрады, басқаша айтқанда, Энгельсті ресми түрде қошеметтеу үшін келтіргендей болып көрінеді, «мемлекеттік машинаның бәрін ескінің мұралары сақталатын музейге жібергенде» революцияның құлашы қаншама кең, қаншама терең болатындығы аңғартылғандығына ешбір зер салынбайды. Тіпті Энгельстің мемлекеттік машина деп нені атағанын ұққандықтары да көбінесе көрінбейді.

4. *Мемлекеттің „құруы" және зорлықты революция*

Энгельстің мемлекеттің «құруы» жайындағы сөздері жұрттың бәріне мәлім, олар цитатқа көп алынады, әдетте марксизмді оппортунизм түсіне бояп, бұзушылықтың мәнісінің неде екендігін әбден айқын көрсетеді, сондықтан бұл сөздерге толығырақ тоқталу қажет болады. Бұл сөздердің алынған жеріндегі байымдаманы тегіс келтірейік:

«Пролетариат мемлекеттік өкімет билігін қолына алады да, өндіріс құрал-жабдықтарын ең алдымен мемлекеттің меншігіне айналдырады. Ал мұнымен пролетариат ретінде ол өзін де жояды, мұнымен ол барлық тап айырмашылықтары мен тап қарама-қарсылықтарын да жояды, сонымен бірге мемлекет ретінде мемлекетті де жояды. Бұрынғы болып өткен және осы күнге шейін өмір сүріп келе жатқан қоғамға, тап қарама-қарсылықтарының ішінде өріс алып отырған қоғамға мемлекет қажет болды, басқаша айтқанда қанаушы таптың өндірісінің сыртқы жағдайларын сақтайтын сол таптың ұйымы қажет болды, демек, әсіресе, қаналушы тапты өндірістің сол әдісі арқылы белгіленетін езу жағдайларында (құлдық, крепостнойлық, жалдамалы еңбек) зорлықпен ұстап отыратын ұйым қажет болды. Мемлекет бүкіл қоғамның ресми өкілі болған, бүкіл қоғамның бейне корпорацияға бас қосуы болған, бірақ оның олай болған себебі сол мемлекеттің өз заманында бір өзі бүкіл қоғам атын алып жүрген бір ғана таптың мемлекеті болғандығынан ғана: ерте заманда ол құл иелерінің — мемлекет азаматтарының—мемлекеті болған, орта ғасырларда—феодал дворяндарының мемлекеті болған, біздің заманымызда — буржуазияның мемлекеті болып отыр. Мемлекет ақырында шынымен бүкіл қоғамның өкілі болғанда, ол өзін-өзі басы артық етіп шығарады. Басып-жаншып ұстау керек болатын ешбір қоғамдық тап қалмаған уақыттан бастап, тап үстемдігімен бірге, өндірістегі қазіргі анархиядан туған жеке тіршілік ету үшін болатын күреспен бірге, сол күрестен туатын соқтығысулар мен эксцестер (шарадан шығып кетушілік) құрып біткен уақыттан бастап, — содан былай қарай басып-жаншып ұстау керек болатын

да еш нәрсе болмайды, басып-жаншу үшін жұмсалатын ерекше күш — мемлекеттің де ешбір қажеттігі болмайды. Мемлекеттің шынымен бүкіл қоғам өкілі болып шығатын бірінші актысы — бүкіл қоғам атынан өндіріс құрал-жабдықтарын өз иелігіне алуы — сонымен бірге, оның мемлекет ретінде, өз бетімен істеген актысының ең ақтығы да болады. Ол уақытта мемлекеттік өкіметтің қоғам қарым-қатнастарына қол сұғуы бірден бірге керексіз бола бастайды да, өзінен өзі бәсеңсіп бітеді. Адамдарға үкім жүргізудің орнын зат-бұйымдарды билеп, өндіріс процестеріне басшылық ету басады. Мемлекет «қолдан бұзылмайды», ол құрыйды. «Еркін халық мемлекеті» деген сөзді, сөз болғанда уақытша үгітшілік сөз болып өмір сүруге право алған, бірақ сайып келгенде ғылымдық жағынан түкке тұрмайтын сөзді осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек. Анархистер деп аталғандардың мемлекет бүгін-ертеңнен қалмай қолдан бұзылуға тиіс, деген талаптарын да осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек». («Анти-Дюринг». «Евгени Дюринг мырзаның ғылымды құлатуы», немісше үшінші басылуының 302—303-беттерінде).

Энгельстің, пікірге тамаша бай, осы байымдамасынан осы кәзіргі социалистік партиялардағы социалистік ой-пікірдің шынымен өзіне тән етіп алғаны — мемлекетті «қолдан бұзу» жөніндегі анархиялық ғылымнан өзгеше, Маркcше, мемлекет «құрыйды» деген ғана нәрсе болды деп, қателесіп кетуден қорқпай-ақ айтуға болады. Марксизмді мұнша күзеушілік — марксизмді аппортунизмге айналдыру болады, өйткені ондай «мағна бергенде» мемлекет ақырындап, бір қалыппен, бірте-бірте өзгереді деген күңгірт ұғым ғана қалып, секіріп өрлеулер мен дауылдар болмайды, революция болмайды деген түсінік шығады. Мемлекеттің «құруы» деген сөздің жұрт аузындағы, кең өріс алған, жалпылама ұғынылуы, егер солай деп айтуға болатын болса, революцияның өзін мойындамайтын ұғыну демегенде, революцияны көмескілейтін ұғыну екендігі күмәнсіз.

Ал оның бер жағында, мұндай «мағна беру» марксизмді тым соракы етіп, буржуазияға ғана тиімді етіп бұзғандық болып табылады, теория жағын алғанда, Энгельстің ең болмағанда жоғарыда біз толық келтіріп өткен «қортынды» байымдамасында көрсетілген ең маңызды жағдайлар мен ой-пікірлерді ұмыту негізіне сүйенген бұзушылық.

Бірінші. Әлгі байымдамасының ең басында Энгельс, пролетариат мемлекеттік өкімет билігін қолына алғаннан кейін «мұнымен мемлекет ретінде мемлекетті де жояды» деп отыр. Мұның не деген сөз екендігін

ойластыру, әдеттө «жоқ нәрсе». Әдетте мұны не мүлдем елемей кетіседі немесе бұл Энгельстің «гегельшіл» «міні» тәрізді бірдеңе деп есептей салады. Акыйқатына келгенде бұл сөздерде асқан ұлы пролетарлық революциялардың ішіндегі бір ұлы революцияның тәжрибесі — 1871 жылғы Париж Коммунасының тәжрибесі қысқаша айтылған; ол туралы біздің әңгімеміз тиісті жерінде толығырақ айтылмақ. Ақыйқатында Энгельс бұл арада пролетариат революциясының буржуазия мемлекетін «жоятыны» туралы айтып отыр, ал мемлекеттің құруы жайындағы сөз социалистік революциядан кейінгі пролетарлық мемлекеттігінің қалдықтарына қатысты сөз. Энгельсше, буржуазия мемлекеті «құрымайды», оны революцияда пролетариат «жояды». Сол рево-революциядан кейін барып пролетариат мемлекеті немесе жартылай мемлекет құрыйды.

Екінші. Мемлекет— «басып-жаншу үшін жұмсалатын ерекше күш». Энгельстің осы өте тамаша, аса терен мағналы анықтамасы бұл арада әбден айқын айтылып отыр. Бұл анықтамадан шығатын қортынды— буржуазияның пролетариатты, ат төбеліндей азғана ғана байлардың миллиондаған еңбекшілерді «басып-жаншуы үшін жұмсайтын ерекше күшінің» орнын пролетариаттың буржуазияны «басып-жаншуы үшін жұмсайтын ерекше күші» (пролетариат диктатурасы) алуға тиіс. «Мемлекет, ретінде мемлекетті жоюдың» мәнісі де осында. Қоғам атынан өндіріс құрал-жабдықтарын өз билігіне алу «актысының» мәнісіде осында. Осылай бір (буржуазиялык) «ерекше күштің» орнын екінші бір (пролетарлық) «ерекше күштің» алуы мемлекеттің «құруы» арқылы тіптi де бола алмайтыны өзінен өзі түсінікті.

Үшінші. «Құру» жөнінде, тіпті одан көрі айқынырақ етіп, сұлулап айтқанда— «ұйқыға кету» туралы айтқанда Энгельс «бүкіл қоғам атынан өндіріс құрал-жабдықтарын мемлекет өз иелігіне алғаннан» кейінгі, яғни социалистік революциядан кейінгі заманға туралап ашықтан-ашық, айқын айтқан. «Мемлекеттің» бұл кездегі саяси формасының нағыз толық демократия болатынын бәрімізде білеміз. Бірақ бұл жердегі әңгіменің, демек, Энгельстің айтып отырғанының, демократияның «ұйқыға кетуі» мен «құруы» туралы айтылып отырған әңгіме екендігі марксизмді шімірікпестен бұрмалап

отырған оппортунистердің бірде біреуінің мыйына кірін шықпайды. Ә, дегенде бұл өте таң қаларлық нәрсе сияқты. Ал, бұл демократияның да мемлекет екендігі, демек, мемлекет жоғалғанда демократияның да жоғалатындығы тек оңдап ойластырмағандарға ғана «түсініксіз» болады. Буржуазиялық мемлекетті тек революция ғана «жоя алады». Жалпы мемлекет атаулы, яғни ең толық демократия тек «құрый» ғана алады.

Төртінші. Энгельс «мемлекет құрыйды» деген өзінің даңқты қағыйдасын айтуымен іле-шала, бұл қағыйданың оппортунистерге де қарсы, анархистерге де қарсы бағытталғанын дәлме-дәл түсіндіреді. Оның бер жағында, «мемлекет құрыйды» деген қағыйдадан Энгельстің біріншi орынға қойып отырғаны оның оппортунистерге қарсы бағытталған қортындысы.

Мемлекеттің «құруы» жайындағы қағыйданы оқыған не естіген 10.000 адамнан Энгельстің осы қағыйдасынан шығарған қортындыларының тек анархистерге ғана қарсы бағытталмағанын 9 990 адам мүлдем білмеді немесе олардың естерінде жоқ, буған бәсекесуге болады. Ал қалған он адамның тоғызы «еркін халық мемлекетінің» не екендігін, бұл ұранға қарсы шыққандықтың неліктен оппортунистерге қарсы шыққандық болатындығын білмейтін болу керек. Тарихтың жазылуы осылай! Революциялық ұлы ғылымды, білдірместен үстем обывательшілдікке айналдыру да осылай болып келеді. Анархистерге қарсы қортынды мың қайтара айтылды, қорланды, өте бұзылған түрде жұрттың мыйына қондырылды, ежелгі соқыр сенімдей берік орнықты. Ал оппортунистерге қарсы қортындыны көмескіледі және «ұмытып» кетісті!

«Еркін халық мемлекеті» — 70-ші жылдардағы неміс социал-демократтарының программалық талабы және алып-ұшып жүрген ұраны болды. Бұл ұранда тек демократия деген ұғымды мещандықпен көпірте жазғандықтан басқа ешбір саяси мазмұн жоқ. Бұл ұранда демократиялық республиканы тілегендікті ашық түрде білдіргендей белгі болғандықтан ғана, Энгельс оны «уақытша», тек үгітшілік тұрғысынан қарап қана «мақұлдауға» дайын болған. Бірақ бұл ұран оппортунистік ұран болды, өйткені ол ұран буржуазиялық демократияны бояп көрсетіп қана отырған жоқ, жалпы мемлекет атаулыға бе-

рілген социалистік сынды ұқпағандықты да көрсетті. Біз демократиялық республиканы жақтасақ, капитализм тұсында пролетариат үшін ең тәуір болатын мемлекет формасы деп жақтаймыз, бірақ ең барып тұрған демократиялық — буржуазиялық республикада да халықтың көретін күні жалдамалы құлдық болатындығын ұмытуға біздің ешбір қақымыз жоқ. Онан соң. Мемлекет атаулының қандайы болса да езілген тапты «басып-жаншу үшін жұмсалатын ерекше күш». Сондықтан, мемлекет атаулының қандайы болса да еркін де емес, халықтық та емес. Маркс пен Энгельс 70-ші жылдарда өздерінің партиядағы жолдастарына мұны бір емес, әлде неше рет айтып, түсіндірген болатын.

Бесінші. Мемлекеттің құруы жайындағы, жұрттың бәрінің есінде қалған, байымдамасы жазылған Энгельстің сол шығармасында зорлықты революцияның маңызы туралы байымдама бар. Зорлықты революцияның роліне Энгельстің берген тарихи бағасы зорлықты революцияның нағыз панегиригіне айналып отыр. Бұл «ешкімнің есінде жоқ», бұл пікірдің маңызын сөз қылу, тіпті ойластыру осы күнгі социалистік партиялардың әдетінде жоқ нәрсе, бұқара арасында жүргізілген күнбе-күнгі пропаганда мен үгітте бұл пікірлер ешқандай роль атқармайды. Ал шынында бұл пікірлер мемлекеттің «құруымен» айрылмастай байланысқан бір тұтас нәрсе болып отыр.

Энгельстің ол байымдамасы мынау:

...«Тарихта зорлықтың басқа да бір (жауыздық істеуден басқа) ролі бар, атап айтқанда, революциялық ролі бар, Маркстің айтуынша, ескі қоғам жаңа қоғамға екі қабат болғанда зорлық сол ескі қоғам атаулыны босандыратын кіндікшешесі болмақ, зорлықтың өзі құрал, осы құралдың арқасында қоғам қозғалысы өзіне жол ашады да, тастай қатып, өліктей сіресіп қалған саяси формаларды қыйратады, — осылардың барлығы туралы Дюринг мырза жұмған аузын ашпаған. Дюринг жалғыз-ақ, қанаушылық шаруашылықты құлату үшін, мүмкін зорлық керек болар, дейді; мұның өзін де ыйығынан дем алып әрең айтып отыр, — амалыңыз не, соны ғана көресіз! өйткені, Дюрингінің ойынша, зорлықты қолданудың қандайы болса да оны қолданушының декпірін қашырады-мыс. Әрбір жеңіп шыққан революциядан кейін жұрттың адамгершілігі де, идеясы да серпіліп, көтеріліп отырғандығына қарамастан, осылай делініп отыр! Бул сөз Германияда айтылып отыр, мұндағы зорлықты соқтығыстың, зорлықты соқтығысқа халықты еріксіз ұрындырудың болуы да мүмкін ғой, ең болмағанда бір артықшылығы болар еді: отыз жылдық соғыс қорлығының зардабынан ұлт сана-сезіміне сіңісіп қалған құлдық рухын құртар еді. Осы күңгірт,

тозғын, әлсіз поптардың ойы өзін, тарих бойындағы ең революциялық партияға батылы барып ұсынып отырғанын қайтерсің-ау?» (немісше үшінші басылуының 193-бетінде II бөлімінің 4-тарауының аяғы).

1878 жылдан 1894 жылға дейін, яғни өзі өлгенге дейін Энгельстің неміс социал-демократтарына талмастан ұсынып келген зорлықты революцияның осы панегиригімен мемлекеттің «құруы» жайындағы теориясын бір ғылымға қалайша қосуға болады?

Әдетте мұның екеуін де эклектицизм жолымен қосады, бет алды (немесе байлық иелерінің билігіне жағыну үшін) біресе ана біресе мына пікірге идеясыз немесе софистікпен жармасып барып қосады, оның бер жағында жиі демегенмен де жүздің тоқсан тоғызында, — алдыңғы қатарға нақ «құру» қойылып отырады. Диалектика эклектицизммен алмастырылады: бұл осы кездегі ресми социал-демократиялық әдебиетте марксизм жөнінде екінің бірінде қолданылып жүрген, кең өріс алып кеткен нәрсе. Мұндай алмастырушылық, әрине, жаңалық емес, ол тіпті гректердің классиктік философиясының тарихында да байқалған. Марксизмді оппортунизмге айналдырып бұзып отырғанда, эклектицизмді диалектика етіп көрсетушілік қалың бұқараны бәрінен оңай алдайды, процестің барлық жақтарын, дамудың барлық бағыттарын, бір-біріне қайшы ықпалдардың бәрін және басқаларын әбден ескеріп отырған тәрізді бұқараны алдамшы түрде қанағаттандырады, ал іс жүзіне келгенде ол қоғамның даму процесін ешбір толық және революциялық жолмен түсіндірмейді.

Маркс пен Энгельстің зорлықты революцияның болмай қалмайтындығы туралы ғылымының буржуазиялық мемлекетке қатысты екендігін біз жоғарыда айтқанбыз және бұдан былайғы баяндауымызда мұны толығырақ етіп көрсетеміз. Буржуазиялық мемлекеттің пролетарлық мемлекетке (пролетариат диктатурасына) ауысуы «құру» жолымен болмайды, жалпы ереже бойынша, зорлықты революция жолымен ғана болады. Энгельс жырлаған зорлықты революцияның панегиригі, Маркстің бір емес, талай айтқан сөздеріне әбден сай келетін панегирик — («Философия бишаралығы» мен «Коммунистік Манифестің» зорлықты революцияның болмай қоймайтындығын сүйініп ашықтан-ашық айтқан аяқ

жерін еске түсірейік; 1875 жылғы Готе программасын сынағанын еске түсірейік, сонда, 30 жылдай өткеннен кейін, Маркс ол программаның оппортунизмін жерден алып жерге салған болатын), — бұл панегирик «елігу» де емес, тақпақ та емес, айтыс үшін қолданған әдіс те емес. Қалың бұқараны зорлықты революцияға осындай, дәл осындай тұрғыдан қарайтын етіп үнемі тәрбиелеудің қажеттілігі Маркс пен Энгельстің бүкіл ғылымының негізіне жатады. Қәзіргі үстем болып отырған социал-шовинистік және каутскийшілдік ағымдардың Маркс пен Энгельстің ғылымдарынан айнып кетулері осындай пропаганданы, осындай үгітті олардың қай қайсысының болса да ұмытқандықтарынан өте айқын көрінеді.

Буржуазиялық мемлекеттің пролетарлық мемлекетке ауысуы зорлықты революциясыз мүмкін емес. Пролетарлық мемлекетті, яғни мемлекет атаулының жойылуы «құру» жолымен ғана болады, оның басқа жолмен жойылуы мүмкін емес.

Маркс пен Энгельс әрбір жеке революциялық жағдайды зерттеп біле отырып, әрбір жеке революцияның тәжрибесінен алынған сабақтарды талдай отырып, әлгі көзқарастарын толық етіп және нақтылы дамытып отырған. Енді біз бұлардың ғылымының ішіндегі сөзсіз ең маңызды болып отырған осы бөлегіне көшпекшіміз.

II ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ. 1848—1851 ЖЫЛДАРДЫҢ ТӘЖРИБЕСІ

1. Революцияның қарсаңы

Есейген марксизмнің тұңғыш шығармалары «Философия бишаралығы» мен «Коммунистік Манифест» дәл 1848 жылғы революцияның қарсаңына кез келген. Осындай жағдайлардан, бұл шығармаларда марксизмнің жалпы негіздерінің баяндалуымен қатар, сол кездегі нақтылы революциялық ситуацияның бір қатар әсері болған, сондықтан да 1848 — 1851 жылдардың тәжрибесінен шығарған қортындыларын шығарардың дәл алдында, әлгі шығармалардың авторларының мемлекет туралы не дегенін қарастырып өткеніміз қолайлырақ болар.

...«Жұмысшы табы — деп жазады Маркс «Философия бишаралығында» — даму үстінде, ескі буржуазиялық қоғамның орнына басқа бір ассоциацияны қояды, ол ассоциацияда таптар және олардың қарама-қарсылықтары болмайды; онда асылында ешқандай саяси өкімет те болмайды, өйткені саяси өкіметтің дәл өзі буржуазиялық қоғамның ішіндегі таптардың қарама-қарсылығының ресми көрінісі болып табылады» (1885 жылғы немісше басылуының 182-бетінде).

Мемлекеттің таптар жойылған соң жоғалатындығы жайында баяндалған осы жалпы ой-өрісін Маркс пен Энгельстің содан бірнеше ай өткен соң, атап айтқанда, 1847 жылғы ноябрьде жазған «Коммунистік Манифестегі» баяндаған ой-өрісімен салыстырып қарасақ, сабақ боларлық нәрсе табамыз:

...«Пролетариат дамуының неғұрлым жалпы кезеңдерін суреттей отырып, біз қазіргі қоғамның ішіндегі азамат соғысының ізіне түсіп келдік, бұл соғыс белгілібір пунктке дейін азды-көпті бүркеулі болып отырады да, дәл әлгі пунктке жеткенде ашық революцияға айналады, сонда пролетариат, буржуазияны зорлықпен құлату арқылы өз үстемдігін орнатады»...

...«Жұмысшы революциясындағы бірінші адымның пролетариатты үстем тапқа айналдыру» (дәл өз сөзінше айтқанда: көтеру екендігін), «демократияны қолға алу екендігін біз жоғарыда көрдік».

«Пролетариат өзінің саяси үстемдігін буржуазияның барлық капиталын бірте-бірте жұлып алу үшін, барлық өндіріс құралдарын мемлекеттің қолына жыйнау үшін, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариаттың қолына жыйнау үшін және өндіргіш күштердің жыйынын неғұрлым тез көбейту үшін пайдаланады» (1903 жылғы немісше жетінші басылуының 31 және 37-беттерінде).

Біз бұл жерде марксизмнің мемлекет туралы мәселедегі ең тамаша және ең ірі маңызды идеяларының бірі, атап айтқанда, «пролетариат диктатурасы» (Париж Коммунасынан соң Маркс пен Энгельс осылай атай бастады) идеясының тұжырымы беріліп отырғанын көріп отырмыз, ал онан соң мемлекеттің өте қызғылықты анықтамасы беріліп отырғанын көріп отырмыз, бұл да марксизмнің «ұмытылған сөздерінің» есебіне жатады. «Мемлекет, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат».

Ресми социал-демократиялық партиялардың үстем болып жүрген пропаганда және үгіт әдебиетінде мемлекеттің осы анықтамасы ешқашан тек түсіндірілмей қалып қана жүрген жоқ. Ол ол — ма. Бұл анықтама тура ұмытылып қалған, өйткені ол анықтама реформизммен мүлде сыйыспайды, өйткені ол анықтама «де-

мократия бейбітшілік жолмен дамыйды» деген кәдімгі оппортунистік соқыр сенімді де, мещандық иллюзияларды да бет қаратпайды.

Пролетариатқа мемлекет керек—деп барлық оппортунистер, социал-шовинистер мен каутскийшілдер қайта-қайта айтады, Маркс ғылымының өзі осылай дейді, деп нандырады; бірақ, олар: біріншіден, Маркстің айтуынша, пролетариатқа құрып бара жатқан мемлекеттің ғана, басқаша айтқанда, дереу құрый бастайтын, құрымай тұра алмайтын болып құрылған мемлекеттің ғана керек екенін қоса айтуды «ұ м ы т а д ы». Ал, екіншіден, еңбекшілерге «мемлекет» керек, «яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат» керек.

Мемлекет — күш көрсететін ерекше ұйым, белгілібір тапты басу үшін жұмсалатын зорлық ұйымы. Ал пролетариатқа қандай тапты басу керек? Әрине, тек қанаушы тапты, яғни буржуазияны басу керек. Еңбекшілерге мемлекет тек қанаушылардың қарсылығын басу үшін ғана керек, ал қанаушыларды басуға басшылық ету, ол басуды жүзеге асыру, бірден-бір ғана ақырына дейін революцияшыл таптың, буржуазияға қарсы күресте, оны әбден құлатуда барлық еңбекшілер мен қаналушыларды біріктіре алатын бірден-бір ғана таптың — пролетариаттың қолынан келеді.

Қанаушы таптарға саяси үстемдік қанауды қолдау мүддесі үшін керек, яғный халықтың адам айтқысыз көпшілігіне қарсы, ат төбеліндей ғана азшылықтың дүниеқорлық мүдделерін қолдау үшін керек. Қаналушы таптарға саяси үстемдік қанау атаулының барлығын толық жою үшін керек, яғни осы замандағы құл иелеріне қарсы, басқаша айтқанда, халықтың болмашы азшылығы болған помещиктер мен капиталистерге қарсы, халықтың адам айтқысыз көпшілігінің мүдделері үшін керек.

Тап күресін таптар келісімі туралы құрғақ қыялға ауыстырған ұсақ буржуазияшыл демократтар, осы социалист-сымақтар, социалистік өзгерісті де қыял жолымен түсінген, қанаушы таптың үстемдігін құлату ретінде түсінбей, қайта өздерінің міндетін ұғынған көпшілікке азшылықты бейбіт бағындыру ретінде түсінген. Тап тілегінен жоғары мемлекттің болуын мойындаумен нық байланысқан осы ұсақбуржуазиялық утопия іс жүзіне келгенде еңбекші таптардың мүддесін сатып кетуге әкеліп

соқтырды, мұны, мәселен 1848 және 1871 жылдардағы француз революцияларының тарихы да, Англия, Фрация Италия және өзге елдердегі буржуазиялық министрлікке XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың басында «социалистік негізде» қатысудың тәжрибесі де көрсетті.

Бұл күнде Россияда эс-ерлер мен меньшевиктер партиялары қайта туғызып отырған осы ұсақбуржуазиялық социализмге қарсы Маркс бүкіл өмірі бойына қатты күрес жүргізді. Маркс тап күресі жайындағы ғылымын дәйекті түрде жүргізіп, саяси өкімет жөніндегі, мемлекет жөніндегі ғылымға жеткізді.

Буржуазияның үстемдігін құлату, ерекше тап ретінде, тек пролетариат тарапынан ғана мүмкін, пролетариаттың өмір сүруінің экономикалық жағдайлары сондай құлатуға оны әзірлейді, соны істеуіне оған мүмкіншілік те, күш те береді. Буржуазия, шаруалар мен барлық ұсақбуржуазиялық жіктерді бөлшектеп, бытыратып отыратын болса, сол буржуазия пролетариатты бір жерге жыйнап, біріктіріп, ұйымдастырып отырады. Ірі өндірістегі өзінің экономикалық ролінің арқасында, **барлық** еңбекшілер мен қанауда жүрген бұқараларға тек пролетариат қана көсем бола алады; ал буржуазия ол бұқараларды қанайды, езеді, оларды пролетариаттан кем жанышпайды, көбінесе одан көрі күштірек жаншады, бірақ өз азаттығы үшін өз бетімен күресу бұл бұқаралардың қолынан келмейді.

Маркстің мемлекет туралы және социалистік революция туралы мәселеге қолданған тап күресі жөніндегі ғылымы пролетариаттың **саяси үстемдігін**, оның диктатурасын, яғни ешкіммен бөліспейтін және бұқараның қарулы күшіне тікелей сүйенетін өкімет сөзсіз мойындатады. Буржуазияны құлату ісі, буржуазияның сөзсіз болатын арпаласқан қарсылығын баса алатын және шаруашылықты жаңа қалыппен жүргізуге **барлық** еңбекшілер мен қанауда жүрген бұқараны ұйымдастыра алатын (пролетариатты **үстемдік етуші** **тапқа** айналдыру арқылы ғана іс жүзіне асады.

Пролетариатқа мемлекеттік өкімет, күштің бір орталыққа бағынған ұйымы, зорлық ұйымы, қанаушылардың қарсылығын басуы үшін де қажет, социалистік шаруашылықты «жөнге салу» ісінде халықтың орасан көп қалың бұқарасына, шаруаларға, ұсақ буржуазияға, жарты-

лай пролетарларға басшылық етуі үшін де қажет.

Марксизм жұмысшы партиясын тәрбиелей отырып, өкіметті қолға да алатын, бүкіл халықты социализмге бастай алатын, жаңа құрылысты бағыттап және ұйымдастыра алатын, буржуазиясыз және буржуазияға қарсы өздерінің қоғамдық тұрмыстарын құру ісінде барлық еңбекшілер мен қаналушыларға ұстаз, басшы, көсем бола алатын пролетариат авангардын тәрбиелеп шығарады. Ал бұған керісінше, кәзіргі үстем оппортунизмнің жұмысшы партиясынан тәрбиелеп шығаратыны—қалың бұқарадан қол үзетін, капитализм тұсында тәп-тәуір «орналасып», жақсы ақы алатын, өзінің көсем серке боларлық құқын қара көжеге сататын, яғни халықтың буржуазияға қарсы революциялық көсемдері боларлық ролінен безетін өкілдер болады.

«Мемлекет, яғни үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат», —Маркстің бұл теориясы, оның пролетариаттың тарихтағы революциялық ролі жөніндегі бүкіл ғылымымен үзілместей болып байланысқан теория. Бұл рольді аяқтап шығу—пролетариат диктатурасы, пролетариаттың саяси үстемдігі болып табылады.

Ал пролетариатқа керегі буржуазияға қарсы жұмсайтын зорлықтың ерекше ұйымы ретіндегі мемлекет болса, осыдан барып, буржуазияның өзіне арнап жасап алған мемлекеттік машинасын алдынала жоймай тұрып, қыйратпай тұрып, жаңағыдай ұйымды жасап ала қою мүмкін бе, — деген қортынды өзінен өзі тумай ма? «Коммунистік Манифест» дәл осы қортындыға әкеп тірейді, және 1848—1851 жылдардағы революцияның тәжрибесін қорытқанда да Маркс осы қортынды туралы сөз қылған.

2. *Революцияның қортындылары*

«Луи Бонапарттың 18-ші Брюмері» деген шығармасының бір жерінде Маркс 1848—1851 жылдардағы революцияның қортындыларын жасап келіп, біз шұғылданып отырған мемлекет турасындағы мәселені былайша байымдаған:

...«Бірақ революция әбден негізді. Революция әлі де тазартқыш арқылы тазару жолында. Ол өз жұмысын әдіспен орындауда. 1851 жылғы декабрьдің 2 не дейін» (Луи Бонапарттың мемлекеттік төңкеріс жасаған күні) «ол өзінің әзірлік жұмысының жартысын аяқтап шықты, кәзір ол екінші жартысын аяқтап келеді. Парла-

менттік өкіметті құлатуға мүмкіндік алу үшін революция алдымен парламенттік өкіметті кемеліне келтіреді. Енді, революцияның оған қолы жеткеннен кейін, ол *атқарушы өкіметті* кемеліне келтіріп жатыр, оны өзінің нағыз таза түріне түсіріп жатыр, оны оңашалап жатыр, бірден-бір мінеу ретінде, оны өзіне қарсы қойып отыр, *мұндағы көздеген ойы—қыйратушы күштін барлығында соған қарсы иірі і, жауып жіберу*» (курсив біздікі). «Революция өзінің алдын ала істейтін жұмысының осы екінші жартысын аяқтағанда, Европа бір серпіліп, салтанатты түрде: е, кәрі көр тышқан, ор қазуың қазу-ақ екен! дейтін болады».

«Адам айтқысыз бюрократтық және әскери ұйымы бар, күрделі және мейлінше жасанды мемлекеттік машинасы бар, жарты миллиондаған армиясымен қатар тағыда жарты миллион чиновник әскері бар, осы атқарушы өкімет, осы сұмдық арамтамақ-организм, француз қоғамының денесін буып, тордай шырмап және оның бойындағы тыныс алатын жерлерінің бәрін бітеп алған осы арамтамақ организм сомодержавиелі монархия дәуірінде туды, феодализмнің төмендеген кезінде, әлгі организмнің өзі соның төмендеуінің тездеуіне көмектескен кезінде туды». Бірінші француз революциясы үкімет билігінің бір орталыққа карауын дамытты, «сонымен бірге үкімет билігінің көлемін, атрибуттарын ұлғайтты және көмекшілерінің санын да көбейтті. Бұл мемлекеттік машинаны Наполеон аяқтады». Легитимді монархия мен июльдегі монархия «еңбекті көбірек бөлгеннен басқа тыңнан еш нәрсе қосқан жоқ»...

...«Ақырында, парламенттік республика өзінің революцияға қарсы күресінде, репрессия шараларымен бірге, үкімет билігінің құралы мен оның бір орталыққа жыйналуын шарасыздан күшейтуге тиісті болды. *Төңкеріс атаулының бәрі де бұл машинаны қыйратудың орнына, алға жіберіп кемеліне келтіре берді*» (курсив біздікі). «Бірінің орнын бірі алып, үстемдікке таласқан партиялар осы орасан зор мемлекеттік үйді қолына түсіруді жеңгендегі алатын ең іргелі табысымыз деп қарап келді» («Луи Бонапарттың 18-ші Брюмері». 98—99-беттері, 4-басылуы, Гамбург 1907 ж.).

Бұл тамаша байымдамада, «Коммунистік Манифестегісіне» қарағанда, марксизм орасан ілгері басып отыр. Онда мемлекет мәселесі әлі өте дерексіз түрде алынған, аса жалпы ұғымда және аса жалпы сөздермен айтылған. Мұнда мәселе нақты қойылып отыр, мұндағы шығарылған қортынды да өте дәл, анық, практикада сезілерлік етіліп шығарылған: бұрынғы революциялардың бәрі де мемлекеттік машинаны алға жіберіп кемеліне келтіріп отырған, ал дұрысында оны қыйрату, сындыру керек.

Бұл қортынды марксизмнің мемлекет туралы ғылымындағы ең бастысы, ең негізгісі. Үстем болып жүрген ресми социал-демократиялық партиялар марксизм ғы-

лымының дәл осы ең негізгі жерін мүлдем ұмытып қана қойған жоқ, қайта, II Интернационалдың ең көрнекті теоретигі К. Каутский мұны турадан-тура бұрмалаған (мұны төменде көреміз).

«Коммунистік Манифесте» тарихтың жалпы қортындылары түйіліп айтылған, бұл қортындылар мемлекеттің таптық үстемдік органы екендігін көрсетеді және пролетариат, алдымен саяси өкіметті қолына түсіріп, саяси үстемдік алмай тұрып, мемлекетті «үстем тап болып ұйымдасқан пролетариатқа» айналдырмай тұрып, буржуазияны құлата алмайды, бұл пролетариат мемлекеті өзі жеңіп шыққаннан соң дереу құрый бастайды, өйткені таптық қайшылықтар жоқ қоғамда мемлекеттің де керегі жоқ, оның тұра беруі мүмкін емес, деген қажетті қортындыға әкеп соғады. Мұнда буржуазия мемлекетінің орнын пролетариат мемлекетінің басуы тарихи даму тұрғысынан қарағанда қандай болуға тиіс деген мәселе қойылып отырған жоқ.

Дәл мұндай мәселені Маркс 1852 жылы алға қойып шешкен болатын. Өзінің диалектикалық материализм философиясына берік Маркс, революцияның ұлы жылдарындағы, 1848—1851 жылдардағы тарихи тәжрибелерді негіз етіп алады. Маркстың ғылымы, әр уақыттағысы сықылды, бұл жерде де, терең философиялық дүние танушылықпен, тарихты жақсы білушілікпен баяндалынған тәжрибені қорыту.

Мемлекет туралы мәселе нақты айқын қойылып отыр: буржуазияның үстемдігі үшін қажетті мемлекеттік машина болған буржуазиялық мемлекет тарихы қалай шықты? буржазиялық революциялардың кезінде және езілген таптардың өз алдына шығып, қайрат көрсетерінің алдында ол машинаның өзгерістері қандай болған, оның эволюциясы қандай болған? пролетариаттың сол мемлекеттік машина жөніндегі міндеттері қандай?

Буржуазиялық қоғамға тән бір орталыққа қаратылған мемлекеттік өкімет абсолютизмнің құлау заманында туған. Бұл мемлекеттік машинаға екі мекеме өте-мөте тән, олар чиновниктер мен тұрғылықты армия. Бұл мекемелердің дәл буржуазиямен әлде неше мың жолдар арқылы байланысып жалғасып жататындығы Маркс пен Энгельстің шығармаларында талай айтылған. Бұл байланысты әрбір жұмысшының басынан кешкен тәжри-

бесі де бадырайтып, толық көрсетіп отырады. Жұмысшы табы бұл байланысты білуді өз басынан кешіріп үйренеді—соның үшін де мұндай байланыстың болмай тұрмайтындығы жайындағы ғылымды, ғылым болғанда ұсақ буржуазияшыл демократтардың не надандықпен, ушқарлықпен бекерге шығаратын ғылымын, не одан тиісті практикалық қортынды шығаруды ұмытып, онан әрі ушқарлық қылып «жалпы» түрде мойындайтын ғылымын жұмысшы табы оп-оңай аңғарып, сонша мықтап түсініп алады..

Чиновниктер мен тұрғылықты армия, бұлар—буржуазиялық қоғамның денесіне жабысқан «паразит», паразит болғанда осы қоғамды жегідей жеп бара жатқан ішкі қайшылықтар туғызған паразит, бірақ бұл—өмір сүруге керекті тыныс алатын жерлерді «бітеуші» паразиттың дәл өзі. Кәзіргі ресми социал-демократияның ішінде үстем болып жүрген каутскийшіл оппортунизм мемлекетті паразиттік организм деген көзқарасты тек аққұла анархизмге ғана жататын көзқарас деп есептейді. Империалистік соғыс «отанды қорғау» үшін жүргізіліп отыр деген ұғым арқылы империалистік соғысты дәлдеп-ақтауға, боямалауға дейін барып социализмді адам айтқысыз масқаралыққа түсірген мещандарға марксизмді бұлай бұрмалаушылықтың өте-мөте пайдалы екендігі түсінікті нәрсе, бірақ, не дегенмен де бұл — марксизмді, — сөзсіз бұрмалағандық.

Бұл чиновниктер мен әскер аппараты феодализм құлағаннан бері Европаның басынан кешірген сансыз көп буржуазиялық революциялардың бәрінен өтіп, дамып, толығып, нығаюмен келеді. Атап айтқанда, нақ ұсақ буржуазия ірі буржуазияның жағына шығарылып және осы аппарат арқылы сол ірі буржуазияға едәуір дәрежеде бағындырылады, бұл аппарат шаруалардың, ұсақ қол өнершілерінің, саудагерлердің, тағы басқалардың жоғарғы топтарына, өзгелерге қарағанда, қолайлы, жайлы, құрметті, жылы орындар береді, осы жылы орындар бұған ие болғандарды халықтан ж о ғ а р ы қояды. Россияда 1917 жылғы 27 февральдан соңғы жарты жылда болған істі алып қараңыз: бұрын көбінесе құрметпен черносотенецлерге берілетін чиновник орындары кадет, меньшевик және эс-ерлердің олжасына айналды. Ауызға аларлықтай реформа жасау шынында олардың ойына

да келген емес, ондайдың бәрін «Құрылтай Жыйналысына» қаратуға тырысумен келді— ал Құрылтай Жыйналысының өзін, ептеп-септеп соғыстың аяғына дейін кідірте тұруға тырысты! Олжаны үлесу, министрлердің министр орынбасарларының, генерал-губернаторлардың, тағы талай сол сықылдылардың орындарын бөлісу істерін бір де кідірткен жоқ, ешқандай Құрылтай Жыйналысын күткен жоқ! Үкіметтің составы жайында болған түрлі айла-амалдардың бәрі де, расына келгенде әлгі олжаны бөлісудің белгісі еді, жоғарыда да, төменде бүкіл елде, барлық орталық және жергілікті басқарушы орындарда етек алған қайта бөлісудің белгісі еді, 1917 жылы 27 февральдан 27 августке дейінгі жарты жылдың ішіндегі болған мына қортынды, объективті қортынды күмәнсіз нәрсе: реформалар кейінге қалдырылды, чиновниктердің жылы орындары бөлінді, бірнеше қайта бөліс жүргізіліп, бастапқы бөлістің «қателері» түзетілді.

Ал түрлі буржуазиялық және ұсақбуржуазиялық партиялардың арасында (егер орыс тәжрибесін алсақ — кадеттердің, эс-ерлер мен меньшевиктердің арасында) чиновниктік аппараттың «қайта бөлісі» неғұрлым көп болса, езілген таптарға және солардың басшысы пролетариатқа, өздерінің б ү к і л буржуазия қоғамына бітіспес жау екендіктері соғұрлым ашық, айқын бола бастайды. Барлық буржуазиялық партиялар үшін, соның ішінде ең демократияшыл партиялар мен «революцияшыл-демократиялық» партиялар үшін де, пролетариатқа қарсы қолданатын жазаларды күшейту қажеттігі, жаза қолданатын аппаратты, яғни бәз-баяғы мемлекеттік машинаны нығайту қажеттігі осыдан келіп шығады. Оқыйғалардың барысы осылай болғандықтан революцияның «қ ы й р а т у ш ы к ү ш т е р д і ң б ә р і н» мемлекеттік өкіметке қарсы «жұмылдырмасқа» лажы болмайды, мемлекеттік машинаны оңдауды емес, оны қ ы й р а т у д ы, ж о ю д ы міндет етіп алға қоймасқа лажы болмайды.

Міндетті осылай қойдырып отырған логикалық байымдама емес, оқыйғалардың нағыз дамуы, 1848—1851 жылдардың естен кетпейтін тәжрибесі. Тарихи тәжрибенің нақты негізін Маркстің соншама мықты ұстағандығы мынадан көрінеді: әлгі құртылуға тиісті мемле-

жеттік машинаны **немен** ауыстыру керек деген мәселені ол 1852 жылы нақты алға қоймаған болатынды. Онда мұндай мәселені қоярлықтай материал тәжрибеден табыла қоймаған еді, тарих бұл мәселені кейінірек, 1871 жылы алға тартты. 1852 жылда табиғи-тарихи байқаудың дәлдеп көрсетуімен айтқанда мынаны ғана атап көрсетуге болатын еді: пролетариат революциясы «қыйратушы күштің барлығын» мемлекетттік өкіметке қарсы жұмылдыру міндегіне, мемлекеттік машинаны «сындыру» міндетіне **жақындап келген еді.**

Бұл арада Маркстің тәжрибесін, байқаулары мен қортындыларын жыйнақтап түю дұрыс па, соларын Францияның үш жылғы, 1848 — 1851 жылдардағы тарихынан гөрі кеңірек шекте алып қолдану дұрыс па? — деген сұрау тууы мүмкін. Бұл сұрауды қарастыру үшін, әуелі Энгельстің бір ескертуін айтып өтейік, содансоң нақтылы деректер жағына көшерміз.

«18-ші Брюмердің» үшінші басылуына арнаған алғысөзінде Энгельс былай деп жазған:

...«Франция сондай ел, онда, басқа елдерге қарағанда, таптардың тарихи күрестері әрдайым өзінің кезенді шегіне көбірек жетіп жүрді, Францияда әлгі таптар күресі өзіне жол салып және өзі осының нәтижесі болып отырған өзгере бергіш саяси формалар ерекше бадырая көрініп, жасалып отырды. Орта ғасырларда феодализмнің ұйтқылы жері болған, Ренессанс уақытынан бері бір беткей сословиелі монархияның үлгілі елі болған Франция, ұлы революция уақытында феодализмнің күл-талқанын шығарды да, буржуазияның нағыз таза үстемдігін тамаша айқын етіп орнатты, мұны Европаның өзге елдерінің ешқайсысы да ондай айқын етіп орната алған жоқ еді. Үстем буржуазияға қарсы бас көтеріп келе жатқан пролетариаттың күресі де мұнда сонша шиеленісе түсіп отыр, оның бұлай шиеленісуі өзге елдерге белгілі болған емес» (1907 жылғы басылуының 4-бетінде).

Соңғы ескертуі ескіріп қалды, өйткені 1871 жылдан бері француз пролетариатының революциялық күресі кідіріп қалып отыр, алай да, бұл кідіріс, қаншама ұзақ болса да, келешектегі пролетариат революциясында Францияның таптар күресін кезенді шегіне жеткізе жүргізетін маңдай алды ел болып шығу мүмкіншілігін ешбір жоймайды.

Алайда алдыңғы қатарлы елдердің XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы тарихына жалпы көз жіберіп қарайық. Сонда біз мына процестің анағұрлым баяу, неше алуан түрде, анағұрлым кең аумақта

болғанын көреміз: республикалы елдерде де (Франция, Америка, Швейцария), монархиялы елдерде де (Англия, белгілі дәрежеде Германия, Италия, Скандинавия елдері және басқалар) бір жағынан — «парламентті өкімет» жасалып келгенін, екінші жағынан — буржуазиялық құрылыстың негізін өзгертпей, чиновниктік жылы орындардың «олжаларын» бір бөлісіп, қайта бөліскен әртүрлі буржуазиялық және ұсақбуржуазиялық партиялардың өкімет үшін күрес жүргізгенін, ақыр-аяғында — «іс атқарушы өкіметтің», оның чиновник және әскер аппаратының кемеліне келіп, нығая бергенін көреміз.

Мұның — жалпы капиталистік мемлекет атаулының бүкіл ең жаңа эволюциясының жалпы белгілері екендігінде ешбір күмән жоқ. Бүкіл капиталистер дүниесіне тән даму процестерін Франция үш жылда, 1848 — 1851 жылдарда, өте тез, өте айғақ және жыйнақты түрде көрсетіп берді.

Әсіресе империализм, банкі капиталының заманы, орасан зор капиталистік монополиялардың заманы, монополистік капитализмнің мемлекеттік — монополистік капитализмге айналу заманы «мемлекеттік машинаның» адам айтқысыз күшейгендігін көрсетіп отыр, монархиялы елдерде болсын, ең барып тұрған еркін, республикалық елдерде болсын, пролетариатқа қарсы қолданылатын жазалардың күшеюіне байланысты, әлгі «мемлекеттік машинаның» чиновник және әскер аппаратының құлақ естімеген дәрежеде көбейгендігін көрсетіп отыр.

Жержүзілік тарихтың, 1852 жылғыға қарағанда, дәл кәзір, мемлекеттік машинаны «қыйрату» ісіне пролетарлық революцияның «барлық күшін жұмылдыруға» соншалық зор көлемде бастап әкеле жатқандығы даусыз.

Ол мемлекеттік машинаның орнына пролетариаттың қоятыны не болмақ, бұл туралы Париж Коммунасы айта қалғандай зор сабақ боларлық материал берді.

3. Маркс 1852 жылы мәселені қалай қойған[1]

1907 жылы Меринг „Neue Zeit" журналында (XXV, 2, 164) Маркстің Вейдемейерге 1852 жылғы марттың 5 күні жазған хатынан үзінді етіп бірнеше сөздерін

[1] 1919 жылғы екінші басылуына қосылған қосымша. *Ред.*

жарыялап шығарды. Бұл хатта, өзгелерімен қатар, мынадай бір тамаша байымдамасы бар:

«Әл енді маған келсеңіз, қазіргі қоғамда таптар барлығын табу да менің сіңірген еңбегім емес, ол таптардың арасындағы күресін табу да менің сіңірген еңбегім емес. Буржуазия тарихшылары таптардың арасындағы бұл күрестің тарихи дамуын, ал буржуазия экономистері таптардың экономикалық анатомиясын менен көп бұрын баяндап жазған. Менің істеген жаңалығым —мыналарды дәлелдеп көрсеткендігім болды: [1]) таптардың өмір сүріп тұруы өндірістің дамуына сәйкес болатын белгілібір тарихи ұрыстарға ғана байланысты (historische Entwickelungskampf der Produktion), 2) тап күресі сөзсіз пролетариат диктатурасына бастап әкеледі, 3) бұл диктатураның өзі тап атаулыны құртып, таптар болмайтын қоғамға жетудегі өткел ғана болады»...

Біріншіден, буржуазияның алдыңғы қатардағы және аса терең ой иелерінің ғылымдарынан өз ғылымының басты және негізгі айырмасын, ал екіншіден, мемлекет жөніндегі өз ғылымының мәнісі не екендігін Маркс осы сөздері арқылы әбден тамаша анық көрсетіп отыр.

Маркс ғылымының ең бастысы тап күресі. Жұрт осылай деп өте көп айтып, көп жазып жүр. Бірақ бұл дұрыс емес. Осы қателіктен барып, көбінесе марксизмнің өңін айналдырып, оппортунистік бұзушылық, марксизмді буржуазияға қолайлы кейіптіндей етіп бояушылық шығып жүр. Өйткені — тап күресі жөніндегі ғылымды шығарған Маркс е м е с, буржуазия Маркстен б ұ р ы н шығарған, жалпы айтқанда бұл ғылым буржуазияға қ о л а й л ы да. Таптардың күресін ғ а н а мойындаған адам әлі марксист емес; ондай адам буржуазияшыл ой шеңберінен, буржуазиялық саясаттан шыға алмай да қалуы мүмкін. Марксизмді таптар күресі жайындағы ғылымнан асырмау — марксизмнің өрісін тарылтқандық, оның өңін айналдырғандық, оны буржуазияға қолайлы түрге түсіргендік болады. Тап күресін танулы п р о л е т а р и а т д и к т а т у р а с ы н тануға дейін ж е т к і з е мойындаған адам ғана марксист. Марксистің кәдімгі толып жатқан ұсақ буржуадан (тіпті ірі буржуадан да) ең үлкен айырмасы да осында. Марксизмді ш ы н д а п ұғынып, мойындағандықты осы кезеңнен асуда сынап отыру керек. Европаның тарихы жұмысшылар табын осы мәселеге п р а к т и к а д а алып келіп соқтырғанда, барлық оппортунистер мен реформистер былай тұрсын,

тіпті «каутскийшілдердің» бәрі де (реформизм мен марксизмнің ортасында әрі-сәрі болып солқылдап жүрген адамдар) пролетариат диктатурасын мойындамайтын нағыз сорлы филистер, ұсақ буржуазияшыл демократ екендіктерін көрсеткендігі таңғаларлық нәрсе емес. 1918 жылы август, яғни, осы кітапшаның бірінші басылуынан көп кейін басылып шыққан Каутскийдің «Пролетариат диктатурасы» деген кітапшасы марксизмді мещандық түрде бұзудың үлгісі, марксизмді сөз жүзінде екіжүзділікпен мойындап, іс жүзіне келгенде марксизмнен мүлдем айныған оңбағандықтың белгісі («Пролетариат революциясы және ренегат Каутский» деген кітапшамды қараңыз: Петроград пен Москва, 1918 ж.).

Қәзіргі дәуірдегі оппортунизм, соның ең басты өкілі, кешегі марксшіл К. Каутский Маркстің буржуазиялық позиция жөніндегі жоғарыда келтірілген сыйпаттамасына толық дәл келеді, өйткені бұл оппортунизм тап күресін мойындауды буржуазиялық қатнастан әрі асырмайды. (Тап күресін бұдан асырмай, соның шеңберінде ғана «негізінде» мойындаудан білімді либералдың ешқайсысы қашпайды!). Оппортунизм тап күресін мойындауды оның ең керекті жеріне дейін, ең басты жеріне дейін, капитализмнен коммунизмге өтуге дейін, буржуазияны құлату және оны бір жола жою дәуіріне дейін жеткізбейді. Шынына келгенде, бұл дәуір тап күресінің бұрын болмаған ең шиеленіскен дәуірі болмай тұрмайды, тап күресінің бұрын болмаған шиеленіскен түрлері туатын дәуірі болмай тұрмайды, ендеше бұл дәуірдің мемлекеті де жаңаша демократияшыл (пролетарлар мен жалпы жарлылар үшін) және жаңаша өктемдік ететін (буржуазияға қарсы) мемлекет болмай қоймайды.

Онсоң. Бір таптың диктатурасы жалпы таптық қоғам үшін ғана қажетті болып тынбайтынын, буржуазияны құлатқан жалғыз пролетариат үшін ғана қажетті болып тынбайтынын, мұның өзі капитализмді «таптары жоқ қоғамнан», коммунизмнен айыратын бүтін бір тарихи дәуір үшін де қажетті екендігін ұғынған адам ғана Маркстің мемлекет туралы ғылымының мәнісін көңіліне әбден тоқып алған адам болып шығады. Буржуазия мемлекеттерінің формалары әлденеше түрлі, бірақ

бәрінің мәнісі бір: бұл мемлекеттердің кай-кайсысы болса да, сайып келгенде, калай да буржуазияның діктатурасы болмай коймайды. Әрине, капитализмнен коммунизмге өтудің саяси формалары сансыз көп, әралуын болмай тұрмайды, бірақ соның барлығының мәнісі сөзсіз бір ғана түрлі болады: пролетариат диктатурасы болады.

III ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ. 1871 ЖЫЛҒЫ ПАРИЖ КОММУНАСЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІ. МАРКСТІҢ ЖАСАҒАН АНАЛИЗІ

1. Коммунарлардың талабындағы ерлігі не?

Үкіметті кұлатуға талаптану саскалактаушылыктың салдарынан істелетін ахмактық болар еді деп сыйпаттап, Маркстің, Коммунадан бірнеше ай бұрын. 1870 жылдың күзінде, Париж жұмысшыларын сактандырғаны жұртка мәлім. Бірақ 1871 жылғы мартта жұмысшылар зор ұрыска еріксіз тартылып, жұмысшылар оны кабыл алғанда, көтеріліс ақыйкат нәрсеге айналған кезде, Маркс істің түбі жаманға айналатынын сезе тұрса да, пролетариат революциясын адам айткысыз зор шаттыкпен құттыктады, 1905 жылы ноябрьде жұмысшылар мен шаруалардың күресін мактап жазып, ал, 1905 жылдың декабрінен кейін: «колға кару алудың керегі жоқ еді» деп либералдарша айкай салған, марксизмнен тайып кеткен атышулы орыс ренегаты — Плеханов козғалыстың «мезгілсіздігін» айтып, соны сөгіп сіресіп педанттық істеген болса, Маркс өйткен жоқ.

Алайда, Маркс, өзі айткандай, «аспанға шапшып ойран салған» коммунарлардың ерлігіне сүйсініп кана коя койған жоқ. Бұқаралық революцияшыл қозғалыс көздеген максатына жете алмағанмен де, Маркс оны адам айткысыз зор маңызы бар тарихи тәжрибе деп таңыды, жержүзілік пролетариат революциясының ілгері басқан белгілі адымы, жүздеген программалар мен байымдамалардан әлде кайда маңызды тәжрибелік адым, деп таныды. Осы тәжрибеге анализ жасау, осыдан тактика сабағын шығару, сол тәжрибеге сүйеніп, өз теориясын

қайта қарап өту—Маркс өзінің міндетін міне осындай деп білді.

Маркс «Коммунистік Манифеске» бір ғана «түзету» енгізуді қажет деп тапқанда, онысын Париж коммунарларының революцияшыл тәжрибесіне сүйене отырып енгізген еді.

«Коммунистік Манифестің» немісше жаңа басылғанына арналып оның авторларының екеуінің де қолы қойылған ең соңғы алғысөздің жазылған уақыты 1872 жылғы июннің 24 деп, көрсетілген. Осы алғысөзде авторлар, Карл Маркс пен Фридрих Энгельс, «Коммунистік Манифест» программасының «кейбір жері кәзір ескіріп қалды» дей келіп:

...««Дайын тұрған мемлекеттік машинаны жәй меңгеріп алып, жұмысшы табы оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайтынын» әсіресе, Коммуна дәлелдеді»... деген:

Бұл цитаттағы екінші тырнақшаға алынған сөздерді авторлар Маркстің Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасынан алып келтіріп отыр.

Сөйтіп, Маркс пен Энгельс Париж Коммунасының негізгі және ең іргелі бір сабағын адам айтқысыз зор маңызы бар сабақ деп біліп, «Коммунистік Манифеске» ірі маңызы бар түзету етіп енгізген.

Дәл осы ірі маңызды түзетуді оппортунистердің бұзып жібергендігі тіптен айтақаларлықтай нәрсе, ал «Коммунистік Манифесті» оқыған жұрттың жүзден тоқсан тоғызына болмаса да, кемінде оннан тоғызына сол түзетудің шын мәнісі мәлім емес шығар деймін. Бұл бұзушылық жайында төменде, бұзушылықтарға, әдейі арналған тарауда, толығырақ тоқталып айтып өтпекпіз. Бұл арада мынаны ескертіп өтудің өзі жеткілікті: Маркстің жоғарыда біз келтірген даңқты нақыл сөздерінің көп айтылып жүрген дөрекі «ұғымына» қарағанда, Маркс бұл арада өкіметті басып алу, тағы сондайларға қарама-қарсы ақырындап даму идеясын атап көрсетіп отырған сияқтанады.

Шынына келгенде істің мәнісі мұның **нақ керісінше**. Жұмысшы табы «даяр тұрған мемлекеттік машинаны» жай басып алумен ғана тынбауы керек, оны **қыйратып, сындыруы** керек, Маркстің пікірі міне осы.

1871 жылғы апрельдің 12 күні, яғни дәл Коммунаның уақытында, Маркс Кугельманға былай деп жазған:

...«Егер сен менің «18-ші Брюмерімнің» соңғы тарауына көз салсаң, мынаны көресің, мен онда — француз революциясының еңдігі бір ұмтылып көретін ісі: бюрократтық-әскери машинаны бұл күнге дейінгі сықылды бір қолдан екінші қолға өткізіп бере салу емес, соның өзін сындыру деп жарыялағанмын» (курсив Маркстің өзінікі; оригиналында Zerbrechen делінген), «континентте болатын шын халық революциясының қай-қайсысының болса да алдын ала қоятын шарты да дәл осындай болмақшы. Біздің Париждағы ержүрек жолдастарымыздың талпынып көрген ісінің өзі де дәл осы» „Neue Zeit" тің 709-беті XX, I, 1901—1902 жыл). (Маркстің Кугелманға жазған хаттары орыс тілінде кем дегенде екі рет басылып шықты, соның бірін мен қарап шығып, өзім алғысөзін жазған болатынмын[1]).

«Бюрократтық-әскери мемлекет машинасын сындыру» деген сөздерде революцияда пролетариаттың мемлекет жөніндегі міндеттері қандай болуы керек, деген мәселе бойынша марксизмнің қысқаша айтылған басты сабағы көрсетіліп отыр. Марксизмді Каутскийше «түсіндірудің» осы күні көп таралып жүрген «түсіндірудің» нәтижесінде дәл осы сабақтың мүлдем ұмытылғаны былай тұрсын, сонымен қатар тура бұрмаланылып жүр!

Ал енді, Маркстің «18-ші Брюмерін» айтып отырғанына келсек, оның тиісті жерін жоғарыда толық келтіріп өткенбіз.

Маркстің әлгі келтірілген байымдамасының екі жерін ерекше ескертіп өтудің көп мәні бар. Біріншіден, ол өзінің қортындысын континенттің көлемінде ғана жасап отыр. 1871 жылы солай етуі түсінікті нәрсе, ол кезде Англия таза капиталистік елдің үлгісі болған ел еді, бірақ соғысқұмарлары болмаған және едәуір дәрежеде бюрократиясы болмаған ел еді. Сондықтан Маркс Англияны қортындысынан сырт қалдырған, онда революция, керек десе халық революциясының өзі де «даяр тұрған мемлекеттік машинаны» қыйрату сықылды алдын-ала қойылатын шартсыз-ақ болғандай еді және болуы ол кезде мүмкін де еді.

Енді, 1917 жылы, бірінші ұлы империалистік соғыстың заманында, Маркстің ол шек қоюы жоғалады; соғыс құмарлары мен бюрократизмі жоқ деген мағнада алғанда англо-саксон «бостандығының» дүние жүзендегі ең

[1] Қараңыз: Шығармалары, X т., 361-беті. *Ред.*

ірі және ең соңғы елі болып саналатын Англия да, Америка да бәрін бағындыратын, бәрін өзі басып-көктейтін бюрократтық-әскери мекемелерінің жалпы европалық ылас, қанды батпағына түсіп кетті. Енді Англияда да, Америкада да «шын халық революциясының қай-қайсысысының болса да алдын-ала қоятын шарты»—«даяр тұрған» (оларда 1914 — 1917 жылдарда «европалық», жалпы империалистік дәрежеге жеткізіле әзірленген) «мемлекеттік машинаны» **сындыру, қырату** болады.

Екіншіден, мемлекеттің бюрократтық-әскери машинасын қырату «әрбір шын **халық** революциясының алдын-ала қоятын шарты болып табылады» деген Маркстің өте терең пікірі ерекше көңіл бөлуге тұрарлық нәрсе. Бұл «халық» революциясы деген ұғымның Маркстің аузынан шығуы таңырқарлық нәрсе сияқты, сондықтан, Струвенің жолын ұстаған, өздерін марксшілдерміз деп санағылары келетін орыс плехановшылдары мен меньшевиктер, Маркстің осы сөзін, сірә, «қатеден» шығып кеткен сөз деп жарыялауға да барар еді. Бұлар марксизмді соншалық бишара-либералдық бұрмалаушылыққа түсірді: буржуазия революциясы мен пролетариат революциясының бір-біріне қарсылық қалпынан басқа олар үшін ешнәрсе қалмады, ал бұл қарсылық қалыптың өзін де олар соншама жансыз түсінеді.

Мысалға XX ғасырдың революцияларын алсақ, Португалия революциясын да, Түрік революциясын да, әлбетте, буржуазиялық революция деп мойындауға тура келеді. Бірақ, бұлардың ешқайсысы да «халық» революциясы болып табылмайды, өйткені халықтың қалың бұқарасы, оның орасан көпшілігі бұл екі революцияның ешқайсысында да белсеніп, өз бетімен, өзінің экономикалық және саяси талаптарын алға қойып, көзге көрініп шыға алған жоқ. Ал енді, 1905—1907 жылдардағы орыстың буржуазиялық революциясы Португалия мен Түрік революцияларындай кей-кейде «тамаша» табысты болып көрмесе де, ол сөзсіз, «шын халық» революциясы болды, өйткені халықтың қалың бұқарасы, оның көпшілігі, езу мен қанаудың тепкісінде болып жапа шеккен қоғамның ең «төмендері» өз бетімен бой көрсетті, революцияның бүкіл жүрісіне өз талаптарының, қыйратылатын ескі қоғамның орнына өздерінше жаңа қоғам орна-

туға ұмтылған өз әрекеттерінің белгілерін, ізін қалдырды.

1871 жылы Европа континентінде пролетариат ешбір елде халықтың көпшілігі болмаған еді. Қозғалысқа шын көпшілікті тартатын «халық» революциясы тек әрі пролетариатты, әрі шаруаларды қамтығанда ғана, «халық» революциясы болып шыға алар еді. «Халық» болып шығатын да ол кезде осы екі тап еді. Бұл екі таптың екеуінің де бірігетін жері сол — «мемлекеттің бюрократтық-әскери машинасы» біларды езіп, жаныштап, қанай берді. Бұл машинаны қыйрату, оны сындыру — «халықтың», оның көпшілігінің, жұмысшылар мен шаруа көпшілігінің шын тілегі міне осы, ең кедей шаруалардың пролетарлармен ерікті түрде одақ жасауының «ең алғашқы керекті шарты» осы, ал мұндай одақ болмайынша демократия баянды, берік болмайды және социалистік өзгеріс жасау да мүмкін болмақшы емес.

Бірсыпыра ішкі және сыртқы себептердің салдарынан мақсатына жете алмаған Париж Коммунасының осындай одаққа жету үшін өзіне жол салуға ұмтылғаны мәлім.

Олай болса, «шын халық революциясы» туралы сөз қозғағанда, Маркс, ұсақ буржуазияның өзгешеліктерін есінен ешбір шығармастан (ол өзгешеліктері туралы ол көп те, жиі де айтқан болатын), Европаның континентіндегі мемлекеттерінің көпшілігіндегі 1871 жылғы таптардың нақтылы ара-салмағын өте құнттап ескеріп отырған. Ал екінші жағынан, Маркс, мемлекеттік машинаны «қыйрату» жұмысшылардың да, шаруалардың да тілегі екендігін көрсеткен, ол «қыйратудың» соларды біріктіретінін, «паразитті» құртып, оның орнына басқа бір жаңа нәрсені қоюлары керек деген жалпыға ортақ міндет қоятынын да көрсеткен.

Оның орнына атап айтқанда нені қою керек?

2. Қыйратылған мемлекеттік машинаның орнына нені қою керек?

Бұл сұрауға 1847 жылы, «Коммунистік Манифесте» Маркс өте дерексіз түрде ғана жауап берген, дұрысында міндеттерді ғана айтып, олардың шешілу әдістерін көрсеткен жоқ болатын. Оның орнына «пролетариатты үстем тап етіп ұйымдастыру» керек, «демократияны

орнату» керек—«Коммунистік Манифестің» берген жауабы міне осындай еді.

Пролетариаттың үстем тап болып ұйымдастырылуының накты түрлері кандай болып шығады, бұл ұйымдастырылудың өзі «демократияны» барынша толық және дәйекті етіп «орнатумен» калай үйлесіп, сыйыса алады, деген сұраудың жауабын Маркс қыялға салынбай-ақ бұкара қозғалысының тәжрибесінен күткен болатын.

Коммунаның тәжрибесі каншама шағын болса да, «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасында Маркс оны әбден құнттап талдаған болатын. Осы шығарманың ең маңызды жерлерін келтіріп өтейік:

XIX ғасырда орта ғасырлардан шыққан «бір орталыкка каратылған мемлекеттік өкімет» дамыды, оның жүрмейтін жері жоқ мынадай органдары: тұракты армиясы, полициясы, бюрократиясы, дін басылары, сот сословиесі бірге болды». Капитал мен еңбектің арасындағы тап антагонизмі дамыған сайын «мемлекеттік өкімет еңбекті канау үшін құрылған қоғамдық өкімет сыйпатын, тап үстемдігі машинасының сыйпатын ала түсті. Тап күресінің ілгері басқан белгілі қадамы болатын әрбір революциядан кейін мемлекеттік өкіметтің таза езушілік сыйпаты бұрынғысынан әрі ашық-айкын көріне түсті». 1848—1849 жылдардағы революциядан кейін мемлекеттік өкімет «капиталдың еңбекке карсы соғысына жұмсайтын ұлттық құралы» болып алды. Екінші империя мұны баянды етті.

«Коммуна империяның түп-тура карама-карсылығы болды». «Коммуна, тап үстемдігінің монархиялық түрін ғана емес, тіпті тап үстемдігінің өзін де жоюға тиісті республиканың» «белгілібір түрі болды»...

Пролетариаттық, социалистік республиканың осы «белгілі» түрі атап айтканда кандай болды? Оның жасай бастаған мемлекеті қандай болды?

...«Коммунаның бірінші декреті тұракты әскерді құртып, оның орнына карулы халықты койғандығы болды»...

Социалистік партия деп аталғысы келген партиялардың бәрінің де программасында кәзір осы талап бар. Бірак олардың программаларында канша күн барлығы бәрінен де біздің эс-ерлер мен меньшевиктердің қылықтарынан-ақ айқын көрініп отыр, бұлар іске келгенде дәл 27 февраль революциясынан соң жаңағы талапты жүзеге асырудан айнып, бас тартты!

...«Коммуна Париждың әртүрлі округтерінде жалпыға бірдей сай-

лау правосы бойынша сайланған қала гласниларынан құрылды. Олар жауапты болды, тілеген уақытта орындарынан түсірілетін болды. Әрине, бұлардың көбі жұмысшылардан немесе жумысшы табының белгілі өкілдерінен еді»...

...«Бұған дейін мемлекет үкіметінің құралы болып келген полицияның атқаратын барлық саяси қызметі одан дереу алынды да, полиция Коммунаның жауапты орнына, тілеген уақытта орнынан түсіріліп, алмастырылатын орнына айналдырылды... Ел билеу ісінің өзге салаларындағы чиновниктердің бәрі де сондай етілді... Коммунаның мүшелерінен бастап, жоғарыларынан төменгілеріне дейін, қоғамдық қызмет жұмысшының жалақысындай ақыға өткарылатын болды. Ардақтылықтың қандайы болса да және өкіл болғаны үшін жоғарғы мемлекет шеніндегілерге ақша берушілік сол шендердің өздерімен бірге жойылды... Ескі үкіметтің заттық билігінің құралы болған тұрақты әскер мен полицияны жойған соң, Коммуна рухани езушіліктің құралын, поптардың күшін талқандауға дереу кірісті... Сот шеніндегілер бояма тәуелсіздігінен айрылды, бұдан былай олар ашықтан-ашық сайланып қойылатын болды, жауапты болатын, тілегенде орнынан түсірілетін болды»...

Сонымен, қыйратылған мемлекеттік машинаның орнына Коммуна анағурлым толық демократияны «ғана» қойған сияқты: тұрақты армияның жойылуы, барлық қызмет адамдарының толық сайланып қойылатындығы, қызмет орындарынан түсіріле алатындығы. Шынына келгенде осы «ғана» деп отырғанымыздың өзі бір мекемелерді негізінде мүлдем басқа екінші текті мекемелермен орасан зор ауыстырғандықты көрсетеді. Мұнда дәл «санның сапаға айналғандығының» бір реті байқалып отыр: демократияны қандай дәрежеде жүзеге асыруға мүмкін болатын болса сол дәрежеде мейлінше толық және айнытылмай жүргізілген демократия буржуазия демократиясынан пролетариат демократиясына айналып отыр, мемлекеттен (белгілі тапты басу үшін жұмсалатын ерекше күштен) басқа нәрсеге, өзі дәл бұрынғы мағнасындағы мемлекет сықылды емес бір нәрсеге айналып отыр.

Буржуазияны және оның қарсылықтарын басу әлі де болса қажет нәрсе. Коммуна үшін бұл өте-мөте қажет еді, оның жеңілуінің бір себебі де осыны онша мықтап, батылырақ істемегендігінен болды. Бірақ мұнда басушы орын құлдық кезіндегі, крепостниктіктің кезіндегі, жалдамалы құлдықтың кезіндегі сықылды азшылық емес, халықтың көпшілігі. Ал халықтың көпшілігі өздерін езушілерді өзі басып-жаншатын болғандықтан, басып-жаншу үшін жұмсалатын «ерекше күштің» керегі де жоқ!

Осы мағнада алып қарағанда, мемлекет біртелеп құрый бастайды. Ардақты азшылықтың ерекше мекемелерінің (ардақты чиновниктер, тұрақты армияның бастықтары) орнына, бұл істі көпшіліктің тура өзі орындай алады, ал мемлекеттік өкімет қызметтерінің атқарылуының өзі неғұрлым бүкіл халыққа ауа бастаса, ол өкіметтің қажеттілігі де соғұрлым азая береді.

Бұл жөнде Коммунаның Маркс баса көрсетіп отырған шараларының: өкіл болғаны үшін ақша берудің қандайының болса да жойылуы, чиновниктерді ақша жағынан ардақтаудың қандай түрінің болса да жойылуы, мемлекеттегі қызмет адамдарының бәрінінде ақысын «жұмысшы жалақысының» мөлшеріне түсіру сияқты шарасының зор маңызы бар. Мұнда дәл буржуазия демократиясынан пролетариат демократиясына, езушілер демократиясынан езілген таптардың демократиясына, белгілібір тапты басу үшін жұмсалатын «ерекше күш» болған мемлекеттен халық көпшілігінің жұмысшылар мен шаруалардың жаппай күші арқылы езушілерді басып-жаншуына бет бұрыс өте-мөте-айқын, ашық көрініп отыр. Мемлекет туралы мәселе жайындағы дәл осы аса айқын, шынында да ең маңызды болған пунктке келгенде Маркстің берген сабақтары өте-мөте ұмытылған! Көпшілікке арналған түсініктерде — ал бұл түсініктердің саны жоқ — осы туралы түк айтылмайды. Христиандар, мемлекеттік дін дәрежесін алғаннан кейін, демократияшыл-революциялық рухы бар бастапқы христиандықтың «аңқаулықтарын» «ұмытып» кеткені сықылды, әлгіні де, заманы өтіп кеткен «аңқаулықтай» көріп, ауызға алмау «әдеті бар».

Жоғарғы орындағы мемлекеттік чиновниктердің ақысын азайтқандықтың өзі аңқау, жабайы демократизмнің «жай ғана» талабы сықылды болып көрінеді. Ең жаңа оппортунизмнің «негізін салушылардың» бірі, бұрынғы социал-демократ Ед. Бернштейн буржуазиялардың «жабайы» демократизмді мазақтаған арсыз келекесін бір емес, талай-талай айтып, үйреніп көрген болатын. Барлық оппортунистер сықылды, кәзіргі каутскийшілдер сықылды, Бернштейн де, біріншіден,—«жабайы» демократизмге бірсыпыра «кері қайтпай», капитализмнен социализмге көшу мүмкін еместігін (өйткені солай

етпей мемлекеттік қызметтерді халықтың көпшілігі және бүкіл халық түгелімен орындайтын қалыпқа қалай көшуге болады?), ал, екіншіден, капитализм мен капиталистік мәдениетке сүйенген «жабайы демократизм» алғашқы заман немесе капитализмнен бұрынғы уақыттардағы жабайы демократизм еместігін мүлдем ұқпаған. Капиталистік мәдениет ірі өндірісті, фабриктерді, темір жолдарды, почтаны, телефонды және басқаларды т у ғ ы з д ы, а л о с ы н е г і з а р қ а с ы н д а бұрынғы «мемлекеттік өкіметтің» атқаратын қызметтерінің орасан көпшілігі соншалық оңайланып кетті, енді тіркеу, жазу, тексеру сықылды ғана өте оңай операцияларға айналарлық та болып кетті, сондықтан — бұл қызметтер сауатты адамдардың бәрінің де қолынан әбден келетін болады, бұл қызметтерді кәдімгі «жұмысшының жалақысындай» ақыға да орындауға болады, бұл қызметтердің ардақтылық, «әкімдік ету» сықылды астарларының бәрін де құртуға болады (құрту керек те).

Қызмет адамдарының түгел бәрінің де толық сайланып қойылатын болуы, т і л е г е н у а қ ы т т а орындарынан түсірілетін болуы, олардың ақыларының кәдімгі «жұмысшының жалақысындай» етілуі — осы қарапайым және «өзінен өзі түсінікті» демократиялық шаралар, жұмысшылар мен шаруа көпшілігінің мүдделерін әбден бір жерден шығара отырып, сонымен қатар, капитализмнен социализмге апаратын көпір де болып табылады. Бұл шаралар қоғамның мемлекеттік және таза саяси қайта құрылысына жатады, бірақ «экспроприаторларды экспроприациялау» ісін жүзеге асырумен, не соны жүзеге асыруды қамдаумен, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын капиталистердің жеке меншігінен шығарып, қоғам меншігіне көшірумен байланыстырғанда ғана бұл шаралар, әрине, әбден мәнді де болады, маңызды да болады.

«Коммуна шығынының ең үлкен екі статьясын, армия мен чиновниктерді, құртты да, барлық буржуазия революцияларының арзан үкімет болсын деген ұранын шынға айналдырды», деп жазған Маркс.

Усақ буржуазияның өзге топтарының ішінен де, шаруалардың ішінен де тек болмашы азшылық қана «жоғары көтеріледі», буржуазиялық мағнада айтқанда «адам қатарына қосылады», яғни, не ауқатты адам,

буржуа, немесе қамтамасыз етілген, ардақты чиновник болады. Шаруалары бар капиталистік елдердің қай-қайсысында болса да (ал ондай капиталистік елдер көпшілік) шаруалардың орасан көпшілігі үкіметтен тепкі көреді, сондықтан олар ондай үкіметті құлатуға, «арзан» үкіметті орнатуға ынтызар болады. Мұны жүзеге асыра алатын пролетариат қ а н а және пролетариат мұны жүзеге асырғанда, сонымен бірге, мемлекетті социалистік жолмен қайта құруға қарай қадам басады.

3. *Парламентаризмді құрту*

Маркс былай деп жазған:

«Коммуна парламентарлық корпорация болмай, жұмыс істейтін. әрі заң шығаратын, әрі заңды орындайтын корпорация болуы керек болды»:..

..:«Үстем таптың қай мүшесі парламентте халықтың өкілі болып саналып, сол халықтың өзін басып отыру (ver und zertreten) керектігін үш яки алты жылда бір рет шешудің орнына, мұның орнына, жеке сайлау правосы өзге жұмыс берушінің қандайының болса да көздеген мақсаттарына қалай қызмет еткен болса, жалпыға бірдей сайлау правосы коммуналарға ұйымдасқан халыққа оның өз кәсіп орындарына жұмысшылар, бақылаушылар, бухгалтерлер іздестіріп тауып алу үшін дәл солай қызмет етуге керек болды»:

1871 жылы парламентаризмге тамаша келістіріліп берілген осы сын да социал-шовинизм мен оппортунизмнің үстем болып жүргендігінің салдарынан марксизмнің «ұмтылған сөздерінің» бірі болып отыр. Кәсібі министрлік пен парламент мүшелігі болғандар, пролетариатты сатып кеткен дұшпандар мен осы күнгі «іскерсымақ» социалистер парламентаризмді сынауды түгелімен анархистердің еншісіне беріп қойған, сөйтіп осы тамаша, ақылды дәлелге сүйеніп алып, олар парламентаризмге тағылған сын атаулының б ә р і н д е «анархизм» деп жарыялады!! «Алдыңғы қатарлы» парламентті елдердің пролетариаты Шейдемандар, Давидтер, Легиндер, Самбалар, Реноделдер, Гендерсондар, Вандервельдтер, Стаунингілер, Брантингілер, Биссолатилер және солардың серіктері сықылды «социалистерді» көргенде барынша жиркеніп, анархо-синдикализмнің оппортунизммен бір туысқандығына қарамастан, анархо-сендикализмді барған сайын жиі ұнатса, мұның таңданарлық еш нәрсесі жоқ.

Бірақ Маркс революциялық диалектиканы ешқашан

да сәнді сылдыр сөз, өтірік мылжың еткен емес, мұны сылдыр сөзге, өтірік мылжыңға айналдырып жібергендер — Плеханов, Каутский және басқалары. Маркс анархизмнің буржуазиялық парламентаризмнің ең болмағанда «мал қорасын» да пайдалана білмегендігі үшін, әсіресе, көрініп тұрған революцияшыл ситуация жоқта әлгіні пайдалана білмегендігі үшін анархизммен үзілдікесілді ажыраса білген, бірақ сонымен қатар, ол парламентаризмді шын революцияшыл пролетариат тұрғысынан қарап сынай да білген.

Үстем таптың қай мүшесі парламентте отырып алып, халықты басатындығын, жаныштайтындығын бірнеше жылда бір-ақ рет шешушілік—жалғыз парламентті-конституциялы монархияда ғана емес, ең барып тұрған демократияшыл республикалардың өзінде де буржуазия парламентаризімінің шын мәнісі болып табылады.

Ал егер мемлекет жайындағы мәселені алға қойсақ, парламентаризмді мемлекет мекемелерінің бірі деп қарасақ, пролетариаттың осы жөніндегі міндеті қандай болады, деген тұрғыдан қарағанда, парламентаризмнен құтылатын жол қандай? парламентаризмсіз болудың амалы қайсы?

Тағыда оралып келіп, қайта айтуға тура келеді: Маркстің, Коммуна тәжрибесін құнттап зерттей келіп, шығарған сабақтарының ұмтылғандығы соншалық — осы күнгі «социал-демократтар» (социализмді сатып кеткен осы күнгі дұшпандар деп оқы) парламентаризмді анархистерше не реакционерлерше сынаудан басқа ешқандай сынды ұқпайды.

Парламентаризмнен құтылудың жолы, әрине, өкілді мекемелерді және оларды сайлап қою тәртібін құртуда емес, өкілді мекемелерді сөз сөйлеуден басқа түк бітірмейтін мекемелерден «жұмыс істейтін» мекемелерге айналдыруда. «Коммуна парламенттік мекеме болмай, жұмыс істейтін, әрі заң шығаратын, әрі заңды орындайтын мекеме болуға тиіс болды».

«Парламенттік мекеме емес, жұмыс істейтін» мекеме деген сөз осы күнгі парламентшілердің және социал-демократияның парламенттегі «үй күшіктерінің» көзіне шұқып тауып айтылған ең өткір сөз! Парламентті елдердің кез келгенін алып қараңыз, Америкадан Швейцарияға дейін, Франциядан Англияға, Норвегияға дейін және басқаларын алып көріңіздер: нағыз «мемлекеттік»

жұмыс қалтарыс жерде істеледі, оны департаменттер, кеңселер, штабтар орындайды. Парламентте «қара халықты» алдау мақсатымен құр сылдар сөзге салынады. Мұның өте дұрыс екендігі сонша — әлі нағыз парламентін құрып та үлгірмеген орыс республикасында, буржуазиялық-демократияшыл республикасында да парламентаризмнің әлгі міндерінің бәрі соның өзінде-ақ әбден ашылып, анық көрініп отыр. Шірік мещандықтың Скобелев пен Церетели, Чернов пен Авксентьев сияқты ерлері Советтерді де буржуазияның ең жаман парламенттаризмінің типіне салып, оларды сылдар сөздің ордасына айналдырып, бүлдіріп үлгірді. «Социалистік» министр мырзалар, Советтерде отырып алып, жел сөздерімен және қаулы-қарарларымен сенгіш мұжықтарды алдап соғып отыр. Үкімет ішінде үздіксіз кадрил биі биленуде, мұндағы мақсат, бір жағынан, табысты және құрметті орындардың «табағына» эс-ерлер мен меньшевиктерді кезекпе-кезек көбірек отырғызу, екінші жағынан, халықтың «көңілін аулау». Ал, кеңселер мен штабтарда жұрт «мемлекеттік» жұмыстарды «істеп жатыр»!

Билік жүргізіп отырған «социалист-революционерлер» партиясының органы — «Дело Народа» — жуықта редакциядан жазылған басмақаласында тіпті «социалистердің» (солай деді деп айыпқа бұйырмаңыз) қолында отырған министерстволарда да чиновниктер аппаратының бәрі асылына келгенде қалыбынша, бұрынғы ескіше келе жатқандығын, қызметті ескіше орындап отырғанын, революцияшыл істерден әбден «емін-еркін» бас тартып отырғанын мойындады, бұл мойындауы адамдарының «бәрі» бірдей саяси бұзықтық жасайтын «асыл тектен» шыққан адамдардың мойындауындай әбден ашық мойындау болды! Тіпті осылайша мойындамаған күнде де эс-ерлер мен меньшевиктердің үкіметке кіріп араласуының нақтылы тарихы жаңағы қалыпты сыйпаттап отырған жоқ па? Мұның бір айта кетерліктей жері мынау: министрлер қауымында кадеттермен бірге бола отырып, Черновтар, Русановтар, Зензиновтар сықылды мырзалар мен «Дело Народаның» өзге редакторларының ар-ұяттан әбден безгендігі соншалық — олар, «өздерінің» министрлігінде істің бәрі ескіше жүріп жатқандығын болымсыз нәрсе ғана етіп көрсетіп, жұрттың алдында ұялмай айтып, ешбір шімірікпей отыр!! Деревняның Ивандарын алдап, ахмақ қылу үшін революцияшыл демократиялық сылдыр сөздер ай-

тып, капиталистерге «жақсылық қылу» үшін чиновниктік кенсе былығын жүргізу — «адал» коалициялы үкіметтің шын м ә н і с і міне осы.

Буржуазия қоғамының сатылғыш және шіріген парламентаризмінің орнына Коммуна өзге түрлі мекемелерді орнатады, бұл мекемелердегі пікір білдіру, мәселе талқылау бостандығы алдауға айналып кетпейді, өйткені бұлардағы парламентшілердің өздері жұмыс істеуге тиіс, өз заңдарын өздері орындайды, істің жайының өмірде не болып шығатындығын өздері тексереді, өздерін сайлаған жұртның алдында тура өздері жауапты болады. Өкілді мекемелер жойылмай қала береді, бірақ ерекше система ретінде, заң шығарушы және заңды орындаушы болып еңбекті бөлісетін система ретінде, депутаттарға артық дәреже беріп қоятын система ретінде парламентаризм мұнда б о л м а й д ы. Өкілді мекемелерсіз демократия, тіпті пролетариат демократиясы да, болады деп ойламаймыз; ал енді, егер буржуазия қоғамын сынауымыз біз үшін бос сөз болмаса, егер буржуазия үстемдігін құлатуға ұмтылуымыз, меньшевиктер мен эс-ерлердікі, Шейдемандар мен Легиндердікі, Самба мен Вандервельдердікі сықылды жұмысшылардан дауысты көбірек алып қалу үшін айтыла салынған «сайлаудағы» сылдар сөз болмай, шын және мықтап ұмтылу болатын болса, онда демократия парламентаризмсіз болады, б о л у ы к е р е к т е деп білеміз.

Коммунаға да, пролетариат демократиясына да керек болатын чиновниктердің атқаратын қызметтерін сөз қылған уақытында Маркстің салыстыру үшін «өзге түрлі жұмыс берушінің» қызметшілерін мысалға алғандығы, яғни «жұмысшылары, бақылаушылары және бухгалтерлары» бар кәдімгі капиталистік кәсіп орнын алғандығы үлкен сабақ боларлық нәрсе.

Марксте, — ол «жаңа» қоғамды ойлап шығарды, оны қиялмен айтты, деген утопизмнің ешқандай, тіпті иненің жасуындай да белгісі жоқ. Маркс олай істеп отырған жоқ, ол жаңа қоғамның ескі қоғамнан т у а т ы н ы н, ескіден жаңаға өту түрлерін табиғи-тарихи процесс ретінде зерттеп отыр. Ол пролетариаттың бұқаралық қозғалысының іс жүзіндегі тәжрибесін алып, содан тәжрибелік сабақтар шығаруға тырысып отыр. Революцияшыл ұлы ой иелерінің барлығы езілген таптың ұлы қозғалыстарына (мәселен, Плехановтың: «қолға қару алудың ке-

реті жоқ еді», немесе Церетелидің: «тап өзін өзі тоқтатып отыруы керек» дегені сыяқты) педанттық істеп «ақыл үйретпей-ақ» сол қозғалыстардан сабақ алудан үйренуден тартынбағандығы сыяқты, Маркс те Коммунадан «сабақ алып отыр».

Чиновниктерді салған жерден, барлық жерде де, тегісімен құртып жібереміз деуге болмайды. Бұл — утопия. Ал ескі чиновниктік машинаны салған жерден қ и р а т ы п чиновник атаулыны бірте-бірте жоқ қылуға жол ашатын жаңа машинаны дереу, сол сағатында орната бастау — бұл утопия е м е с, бұл Коммунаның тәжрибесі, бұл революцияшыл пролетариаттың тура, кезектегі міндеті.

Капитализм «мемлекеттік» басқару жұмыстарын оңайлатады, «әкімшілік қылуды» жоғалтуға және барлық істі пролетариаттың (үстем тап ретіндегі) бүкіл қоғам атынан «жұмысшылар, бақылаушылар, бухгалтерлер» жалдайтын ұйымына айналдырып жіберуге мүмкіншілік береді.

Біз утопист емеспіз. Б і р д е н ешбір басқарусыз, ешбір бағындырусыз жүре беруді «арман ететін қиялшылдар» да біз емес; пролетариат диктатурасының міндеттерін ұғынбағандыққа негізделген осы анархистік қиялдар марксизмге түп тамырымен жат, іс жүзіне келгенде мұндай қиялдар социалистік революцияны адамдар басқаша болғанға дейін кідірте тұруға ғана себепші болатын қиялдар. Жоқ олай емес, біз кәзір бағындырусыз, контрольсіз, «бақылаушыларсыз, бухгалтерларсыз» тұра алмайтын кәзірдегі адамдардың өзімен социалистік революция жасауды тілейміз.

Бірақ барлық қаналушылар мен еңбекшілердің қарулы авангарды болған пролетариатқа бағыну керек. Мемлекет чиновниктерінің ерекше «әкімшілік жүргізуінің» орнына дереу, бүгін-ертең «бақылаушылар мен бухгалтерлардың» атқаратын жәй ғана қызметін орната бастауға болады, орнату керек те, бұл қызметтерді атқаруға кәзірдің өзінде жалпы қала халқының білім дәрежесі әбден жетеді және бұл қызметтерді «жұмысшылардың жалақысындай» ақыға атқаруға әбден болады.

Капитализмнің осы күннің өзінде жасаған нәрсесіне сүйене отырып, жұмысшылар болып отырған б і з ө з і м і з ірі өндіріс ұйымдастырамыз, ұйымдастырғанда өзі-

міздің жұмысшылық тәжрибемізге сүйеніп ұйымдастырамыз, қарулы жұмысшылардың мемлекеттік өкіметі қолдап отыратын өте қатты, темірдей берік тәртіп орнатамыз, мемлекеттік чиновниктерді тапсырған ісімізді екі етпейтін жәй ғана орындаушылар роліне түсіреміз, жауап беріп тұратын, тілегенде түсірілетін, өлшеулі ғана ақы алатын «бақылаушылар мен бухгалтрелердің» (әрине, барлық техникалардың барлық сорттары, барлық дәрежелері, барлық түрлері болуы керек) роліне түсіреміз—б і з д і ң пролетарлық міндетіміз міне осы, пролетариат революциясын жасағанда істі міне осылардан б а с т а у ғ а болады, солай ету керек те. Істе, ірі өндіріс негізіне сүйеп, осылай бастағанда, бара-бара чиновник атаулы «құрый беретін» болады, бірте-бірте сондай тәртіп, — кекесінсіз мағнадағы тәртіп, жалдамалы құлдыққа ұқсамаған тәртіп — туады, сол уақытта бақылаушылық және есеп алушылық жұмыстарының өзі оңайлана береді де, оларды жұрт кезектесіп атқаратын болады, сонан олар әдетке айналады, ақыр аяғында ерекше топтардан шыққан адамдар атқаратын е р е к ш е қызмет болудан да қалып мүлдем құрыйды.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында болған неміс-тің бір өткір тілді социал-демократы п о ч т а н ы социалистік шаруашылықтың үлгісі деген екен. Бұл өте дұрыс. Осы күнде почта мемлекеттік к а п и т а л и с т і к монополия кейпімен ұйымдастырылған шаруашылық болып отыр. Империализм трест атаулының бәрін де бірте-бірте осы кейіптес ұйымдарға айналдырып келеді. Жұмыс басып, ашығып жүрген «қарапайым» еңбекшілердің үстінен қарайтындар мұнда сол баяғы буржуазиялық бюрократия. Бірақ мұнда қоғам болып қожалық етудің механизмі осы күннің өзінде дайын. Капиталистерді құлатып, қарулы жұмысшылардың темірдей берік қолының күшімен осы қанаушылардың қарсылығының күл-талқанын шығару керек, осы заманғы мемлекеттің бюрократтық машинасын қыйрату керек, — сонда «паразиттен» арылған, техника жағынан әбден құралданған механизмге ие боламыз; техниктерді бақылаушыларды, бухгалтерлерді жалдап алып олардың б а р л ы ғ ы н а д а жалпы «мемлекеттік» чиновник атаулының б ә р і н е д е төленетіндей, жұмысшының жалақысындай ақы төлей отырып, бұл механизмді біріккен жұ-

мысшылардың өздері де әбден жүргізіп жібере алады. Міне бұл нақты, іс жүзіндегі, бірден барлық трестерге қолданыларлық міндет, еңбекшілерді қанаудан құтқаратын, Коммунаның іс жүзінде бастап та қойған (әсіресе мемлекет құрылысы жөнінде) тәжрибесін ескеріп отырған міндет.

Халық шаруашылығы түгелімен почта сықылды болып ұйымдастырылуы керек, онда техник, бақылаушы, бухгалтерлердің де, барлық қызмет адамдарының да алатын ақылары «жұмысшының жалақысынан» аспауы керек, бұлардың барлығы қарулы пролетариаттың, бақылауы мен басшылығында болуы керек, — міне, біздің ең таяудағы мақсатымыз осы. Міне, бізге осындай экономикалық негізге құрылған осындай мемлекет қажет. Парламентаризмді құртып, өкілді мекемелерді сақтап қалғанда, біздің табатынымыз міне осы, сол мекемелерді буржуазияның бұзықтыққа түсіруінен еңбекші таптарды құтқаратын да міне осы.

4 Ұлт бірлігін ұйымдастыру

...«Уақыт болмағандықтан Коммуна онан әрі ұлғайта көрсете алмаған ұлт ұйымының қысқаша очеркінің өзінде: Коммуна тіпті ең кішкене деревняның да саяси формасы... болуға тиісті екендігі» ...Париждағы «ұлт делегациясы» да коммуналардан сайланып отырылуы тиісті екендігі әбден айқын айтылып отыр:

...«Онда орталық үкіметтің қолында әлде де қалатын, азғана болса да, өте керекті, өте маңызды, функциялар жойылып жіберілмей, коммуналық, яғни жауаптылығы өте күшті, чиновниктер қолына тапсырылуға тиісті болатын еді, ал бұл функцияларды жойылып жіберіледі деу біле-тұра істелген арамдық болар еді»...

...«Ұлт бірлігі құртылуға тиіс емес еді, қайта, коммуналық құрылыс арқылы ұйымдастырылуға тиіс еді. Өзін ұлт бірлігінің толық тұлғасы деп санайтын, бірақ ұлтқа бағынулы болмай, сол ұлттың үстінен қарау, содан жоғары тұру тілегінде болған мемлекеттік өкіметті жою арқасында ұлт бірлігі нағыз шындыққа айналуға тиіс еді. Іс жүзінде бұл мемлекеттік өкіметтің өзі ұлт денесіне шығудай шыққан паразиттік өлі ет еді»... Міндет: ескі үкімет билігінің таза езуші орындарын жойып тастап, ал оның правоға жататын функцияларын қоғамның үстінен қарап, одан жоғары тұрғысы келетін өкіметтен тартып алып, қоғамның жауапты қызметшілеріне беру еді».

Маркстің осы байымдамаларын кәзіргі социал-демократия оппортунистерінің қаншалық ұқпағанын — бәлкім ұққысы келмеді деп айту дұрыс болар—ренегат Бернштейннің «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген геростратша-әйгілі кітабы әбден айқын көрсетеді. Маркстің дәл осы келтіріліп

өткен сөздері туралы Бернштейн былай деп жазған: бұл программа «өзінің саяси мазмұны жағынан барлық негізгі белгілеріне қарағанда Прудонның федерализміне керемет ұқсастығын көрсетеді. Маркс пен «ұсақ буржуа» Прудонның («ұсақ буржуа» деген сөздерді Бернштейн тырнақшаның ішіне алып қойған, мұнысы, өзінше, кекесіні болуға тиіс) арасында өзге неше түрлі алалық болғанымен де, дәл осы пункттерге келгенде екеуінің де ойының беті әбден, тіпті мейлінше жақындасып кеткен». Сонан кейін Бернштейн, әрине, муниципалитеттердің маңызы артып келеді деп тағыда жаза келе, бірақ «менінше, демократияның бірінші міндеті, Маркс пен Прудон ойлағандай, осы күнгі мемлекеттерді құрту (Auflosung — сөзбе сөз аударғанда — тарату, іріту) және олардың ұйымдастырылуын негізінен толық өзгертіп жіберу (Umwandlung — төңкерісі), — өзгерткенде өздері коммуналардың делегаттарынан құралған провинциялық не облыстық жиылыстардың делегаттарынан ұлт жиылысын құру,—ұлт өкілдерінің бас қосатын бұрынғы формасының бәрін бірдей мүлдем құртып жіберетін болып өзгерту екендігіне күмәндімін» дейді (Бернштейн, «Алғы шарттары», 1899 жылы немісше басылғанының 134 және 136-беттерінде).

«Паразит болып отырған мемлекеттік өкіметті құрту» жөніндегі Маркстің көзқарастарын Прудонның федерализмімен қосып шатастырып жіберу—бұл барып тұрған масқаралық! Бірақ бұл кездейсоқ нәрсе емес, өйткені Маркстің бұл жерде айтып отырғаны централизмге қарсы федерализм туралы емес екендігі, оның айтып отырғаны буржуазия елдерінің бәрінде қазір өмір сүріп отырған ескі, буржуазиялық мемлекеттік машинаны қиырату екендігі оппортунистің миына кіріп те шықпайды. Оппортунистің бар білетіні — өзінің төңірегінен, мещандық тоғышарлық пен «реформистік» тоқыраудың арасынан нені көретін болса тек соны ғана, атап айтқанда тек «муниципалиттерді» ғана біледі! Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған.

Бұл кісі күлерлік нәрсе. Бірақ мұның тамаша жері сол — дәл осы пунктке келгенде Бернштейнмен таласушы болмаған. Бернштейннің пікірін жұрттың көбі-ақ теріске шығарып жүрген — әсіресе, орыс әдебиетінде Плеханов, Европа әдебиетінде Каутский оның сөзін бекерге

шығарып жүрген, бірақ Бернштейннің Маркстi осы бұрмалағанын әлгі екеуінің ешқайсысы да аузына алған жоқ.

Оппортунистің революциялық ой-пікірден айрылып және революция туралы ойлаудан әбден қарайып қалғандығы соншалық—ол «федерализмді» Маркске таңып отыр, Маркстi анархизмнің негізін салған Прудонмен шатастырып отыр. Ал ортодокс марксшіл болғысы келегін, революцияшыл марксизмді сақтамақшы болған Каутский мен Плеханов бұл туралы жұмған аузын ашпай отыр! Марксизм мен анархизмнің арасындағы айырмашылық жөніндегі көзқарасты бұрмалап, мәнісін өте бұзушылықтың бір тамыры осында; бұл бұрмалаушылық каутскийшілдердің де, оппортунистердің де бойына біткен қасиет; бұл туралы тағыда әңгіме етуімізге тура келеді.

Коммунаның тәжрибесі туралы Маркстің жоғарыда келтірілген сөзінде федерализмнің өзі түгіл, ізі де жоқ Маркстің Прудонмен, қосылатын жері дәл қайсы екендігін оппортунист Бернштейн көрмей отыр. Бернштейннің Маркс пен Прудонның ұқсастық жері деп тауып отырғаны Маркстің Прудонмен дәл келсіпей отырған жері.

Маркстің Прудонмен қосылатын жері сол — бұлардың екеуі де қазіргі замандағы мемлекеттік машинаны «қыйратуды» жақтады. Марксизмнің анархизммен (Прудонмен де, Бакунинмен де) ұқсас жері осы екендігін оппортунистердің де, каутскийшілдердің де көргісі келмейді, өйткені олар бұл пунктте марксизмнен тайып кеткен.

Маркстің Прудонмен де, Бакунинмен де келіспейтін жері (пролетариат диктатурасы туралы келісе алмауын өз алдына қойғанда) дәл федерализм жайындағы мәселе болды. Анархизмнің ұсақ буржуазиялық көзқарастарынан федерализм принциптік түрде туып отыр. Маркс централист. Оның жоғарыда келтірілген байымдамаларында да централизмнен ауғандықтың ешқандай белгісі жоқ. Буржуазиялық машинаны құрту керек деген сөзді централизмді құрту керек дегені деп, мещандарша мемлекетті «құдірет көріп сенген» адамдар ғана айтады!

Ал егер пролетариат пен кедей шаруалар мемлекеттік өкіметті өз қолдарына алып, коммуна-коммуна болып әбден еркін ұйымдасса, барлық коммуналардың қыймы-

лын бірлестіріп, капиталға соққы берсе, капиталистердің қарсылықтарын қыйратса, жеке меншіктегі темір жолдарды, фабриктарды, жерді және басқаларды бүкіл ұлтқа, бүкіл қоғамға берсе, — осының бәрі централизм болмай ма екен? осының бәрі ең дәйекті, демократияшыл централизм болмай ма екен? оның үстіне бұл пролетариаттық централизм болмай ма екен?

Ерікті централизм болады, коммуналар өз еркімен ұлт болып бірігеді, буржуазияның үстемдігін, буржуазияның мемлекеттік машинасын қыйратуда пролетариат коммуналары өз еркімен бірігіп, қосылады, осылай болуға мүмкін деген ой Бернштейннің мыйына кіріп те шықпайды. Жалпы филистер аталуы сықылды, Бернштейнге де централизм жоғарыдан орнатылатын, тек чиновниктер мен соғысқұмарлардың ғана күшімен орнатылып, солардың күші арқылы сақталатын нәрсе болып көрінеді.

Маркс, өзінің көзқарастарын бұрмалаушылықтың болуы мүмкіндігін білгендей-ақ, Коммунаның ұлт бірлігін құртып, орталық өкіметті жойғысы келіпті-міс, деп Коммунаны айыптаудың, біле-тұра істеген арамдық болатынын айрықша атап ескерткен. Маркс «ұлт бірлігін ұйымдастыру» деген сөзді әдейі айтып отыр, ондағы мақсаты —саналы, демократияшыл, пролетариаттық централизмді буржуазияның, соғысқұмарлардың, чиновниктердің централизміне қарама-қарсы қою.

Бірақ... тыңдағысы келмеген адам — саңырау адамның қандайынан болса да жаман. Ал осы замандағы социал-демократияның ішінен шыққан оппортунистердің мемлекеттік машинасын қыйратуда пролетариат коммуындағы сөзге асқысы да келмейді.

5. Паразитті мемлекетті құрту

Біз Маркстің тиісті сөздерін жоғарыда келтіріп өттік, енді соларды толықтыруымыз керек.

Маркс былай деп жазған болатын:

...«Тарих тудырған жаңа нәрсенің дағдыдағы тағдыры мынадай болады: әлгі жаңа нәрсені қоғамдық тұрмыстың ескі, тіпті алдағашан қарасы өшкен формалары сықылды бірдене деп есептейді, себебі жаңа мекемелер сол формаларға аз да болса ұқсайтын болады. Сол сықылды, қазіргі заманның мемлекеттік өкіметін қыйратын (bricht —сындыратын) осы жаңа Коммунада орта ғасырлар заманындағы коммунаның қайта келіп орнағаны... ұсақ мемлекеттердің одағы (Монтескье, жирондистер)... шектен асқан бір орталыққа бағындыру ісіне қарсы жүргізілген бұрынғы күрестің аса үлкейтілген түрі деп есептелген еді»...

...«Коммуналық құрылыс, бұл күнге дейін қоғам есесіне семіріп, сол қоғамның еркін қозғалысына бөгет болып келген паразиттік өлі ет «мемлекеттің» жалмап отырған барлық күшін қоғам денесінің өзіне қайтарар еді. Францияның қайта көркеюі осының өзімен де ілгері басар еді»...

...«Коммуналық құрылыс, деревнядағы өндірушілерді әр облыстағы іргелі қалалардың рухани басшылығына жеткізер еді, оларға қала жұмысшылары сықылды бұлардың мүддесін көздейтін табиғи өкілдерін қамтамасыз етіп берер еді. Коммунаның өмір сүруінің өзі де жергілікті өзара басқарманы даусыз нәрсе ретінде шығарып отырды, бірақ оны енді керексіз артық нәрсе болып бара жатқан мемлекеттік өкіметке қарама-қарсы нәрсе ретінде шығарып отырған жоқ».

«Паразиттік өлі ет» болған «мемлекеттік өкіметті құрту», оны «сылып тастау», оны «қырату»; «мемлекеттік өкмет енді керексіз артық нәрсе болып барады»— міне, Коммунаның тәжрибесін бағалап, талдай келгенде, Маркстің мемлекет жайында айтқан сөздері осы.

Бұл сөздердің жазылғанына жарты ғасырға азақ жетпейтін уақыт өтті, сонда да, бұл күнде қалың бұқараның санасына бұрмаланбаған марксизмді дұрыс жеткізу үшін, дәл көміліп қалған заттарды қазып шығарғандай боласың. Маркстің өзі басынан кешірген кейінгі ұлы революцияны қадағалап отырып шығарған қорытындылары дәл кәзір пролетариаттың ендігі ұлы революцияларының кезі келгенде ұмытылып кетіп отыр.

...«Коммунаның шығуына байланысты түрлі-түрлі ұғыныстардың туы, Коммунаның өз бойынан неше түрлі мүдделердің де табылуы, оның мейлінше орамды саяси форма екендігін көрсетеді, оның бер жағында бұдан бұрынғы үкімет формаларының бәрі де, затына келгенде, езуші формалар еді. Коммунаның шын сыры мынау еді: істің шынына келгенде, ол жұмысшы табының үкіметі болды, ол өндіруші таптың иемденуші тапқа қарсы күресінің нәтижесі болды, ол ақыр аяғында, ашық саяси форма болды, бұл форманың тұсында еңбек экономикалық азаттық ала алатын еді»...

«Осы соңғы шарты болмаса, коммуналық құрылыс мүмкін болмас еді, алдау болар еді»...

Утопистер қоғамның социалистік жолмен қайта құрылуына керек болатын саяси форманы «табумен» шұғылданды. Анархистер жалпы саяси форма туралы мәселеден іргесін аулақ салды. Осы күнгі социал-демократия оппортунистері парламенттік демократияшыл мемлекеттің буржуазиялық саяси формаларын ең барып тоқтайтын шек деп білді, одан әрі кете алмайсың, деді де, сол «үлгіге» құл болып маңдайларын жарып табындыда отырды, бұл формаларды қыйратып бұзуға

тырыскандықтың қандайына болса да анархизм деп ат қойды. —

Маркс социализмнің және саяси күрестің бүкіл тарихынан: мемлекет құруға тиіс, оның құрудағы (мемлекеттен мемлекетсіздікке көшудің) өткелді формасы «үстем тап болып ұйымдасқан пролетариат» болады деген қортынды шығарды. Бірақ сол келешектің саяси ф о р м а л а р ы н а ш у д ы Маркс қолына алған жоқ. Ол француздың тарихын өте күнттап, қадағалап байқады, соны талдап тексерді де 1851 жылдан туған қортындыға келіп тоқтады, ол қортынды: әңгіме буржуазияның мемлекеттік машинасын қ ы й р а т у ғ а жақындап келеді дегендік еді.

Ал пролетариаттың революцияшыл қозғалысы жаппай өршіген уақытта, ол қозғалыстың сәті болмағанына қарамастан, оның өмірі өте қысқа болғандығына, әлсіздігі бадырайып көрініп тұрғандығына қарамастан, Маркс сол қозғалыстың т у ғ ы з ғ а н формларын зерттеп, білуге кірісті.

Коммуна — пролетариат революциясының «ақыр аяғында тапқан» формасы болды, бұл форманың тұсында еңбек экономикалық азаттық ала алатын болады.

Коммуна—буржуазиялық мемлекет машинасын қ ы й р а т у ғ а тырысқан пролетариат революциясының біріншi талабы болды, «ақыр аяғында табылған» саяси форма болды, қыйратылғанның о р н ы н а қ о ю ғ а болатын, қоюға керекті де форманың өзі болып шықты.

1905 және 1917 жылдардағы орыс революцияларының Коммунаның бастаған ісін басқа жағдайда, басқа шарттарда ілгері бастырып отырғандығын, Маркстің жасаған данышпан тарихи талдауының дұрыстығын қостап отырғандығын бұдан кейінгі сөзімізде көрсетпекпіз.

IV ТАРАУ

ЖАЛҒАСЫ. ЭНГЕЛЬСТІҢ ҚОСЫМША ТҮСІНІКТЕРІ

Маркс Коммуна тәжрибесінің маңызы туралы мәселенің ең негізгілерін айтып берді. Энгельс те, Маркстің жасаған талдауы мен қортындыларын түсіндіре отырып, кейде мәселенің ө з г е жақтарын да мейлінше мықтап барынша айқын көрсете отырып, нақ осы темаға талай

оралып соққан, сондықтан ол түсініктерге айрықша тоқталып өту қажет.

1. „Пәтер-үй мәселесі"

Пәтер-үй мәселесі туралы шығармысының (1872 ж.) өзінде-ақ Энгельс Коммунаның тәжрибесін ескерген. революцияның мемлекет жөніндегі міндеттеріне әлдене ше тоқталып өткен. Бір тамаша жері: нақтылы темада бір жағынан, пролетариат мемлекетінінің кәзіргі мемлекетпен ұқсастық белгілері,—екеуінде де мемлекет туралы сөз қылуға дәлел боларлық белгілері,—ал екінші жағынан, айырмашылық белгілер немесе мемлекетті құртуға көшу жөні айқын көрсетіледі.

«Пәтер-үй мәселесін қалай шешу керек? Кәзіргі қоғамда, қоғамдық мәселе атаулының басқасы қалай шешілсе, бұл мәселе де нақ солай шешіледі: керексіну мен усынысты экономика жағынан бірте-бірте теңгеріп отыру арқылы шешіледі, ал бұл шешу—мәселені үнемі қайта тудырып отыратын шешу, яғни бұл түк те шешпейді. Бұл мәселені әлеуметтік революцияның қалай шешетіндігі уақыт пен орнының жағдайларына ғана байланысты емес, одан анағұрлым әрі кететін мәселелерге де байланысты, ол мәселелердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі—қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты құрту мәселесі. Біз келешектегі қоғам құрылысының қиялды системасын ойлап шығарайық деп отырғанымыз жоқ, өйткені бұған тоқталып жату еріккендіктен де асып кеткендік болар еді. Бір күмәнсіз нәрсе, атап айтқанда, мынау: ірі қалаларда кәзірдің өзінде-ақ дұрыстап пайдаланғанда, пәтер-үй жөніндегі шын мұқтаждарға дереу жәрдемдесу үшін үйлер жеткілікті. Әрине, мұны кәзіргі үй иелерін экспроприациялау арқылы ғана, ол үйлерге үйсіз жумысшыларды немесе кәзіртым тар пәтерде тұратын жұмысшыларды енгізу арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Пролетариат саяси өкіметті өз қолына алысымен қоғам пайдасының мүдделері керек қылатын мұндай шара да, осы замандағы мемлекеттің пәтер-үйлерді экспроприяциялап алуы және оларға орналасуы жөніндегі басқа шаралары сықылды, оңай орындалатын болады» (1887 жылғы немісше басылғанының 22-беті).

Мұнда мемлекеттік өкімет түрінің өзгеруі айтылып отырған жоқ, оның істейтін ісінің мазмұны ғана алынып отыр. Экспроприациялар және пәтерлерге орналасу ісі осы күнгі мемлекеттің бұйрығымен де істеліп тұрады. Істің ресми жағынан қарағанда, пролетарлық мемлекетте пәтерлерге орналасуға және үйлерді экспроприациялауға «бұйрық береді». Бірақ пролетарлық мемлекеттің бұйрықтарын жүзеге асыруға іс атқарушы ескі аппараттың, буржуазиямен байланысты чиновниктердің жарамайтындығы айқын нәрсе.

...«Атап көрсету қажет: барлық еңбек құралдарын, бүкіл ин-

дустрияны еңбекші халықтың іс жүзінде меңгеріп алуы—прудонды «төлемге» мүлдем қарама-қарсы нәрсе. Соңғыша болғанда, жеке жұмысшы пәтер-үйді, шаруалық жер бөлегін, еңбек құралдары меншіктенуші болады; ал алдыңғыша болғанда үйлерді, фабрикаларды, еңбек құралдарын бірлесіп меншіктенуші—«еңбекші халық» болып қала береді. Бұл үйлер, фабрикалар және басқалар, ең болмағанда, өткінші дәуірде, жеке адамдардың не серіктіктердің пайдалануына берілгенде шығынның орнын толтыртпай беріле қоярма екен Нақ сол сықылды, жерді жеке меншіктенушілікті жою жер рентасын жоюды көздемейді, оны, түрі өзгертілген формада болса да, қоғам қолына беруді көздейді. Олай болса, барлық еңбек құралдарын еңбекші халықтың іс жүзінде меңгеруі жалдау мен жалға берудің сақталуын ешбір жоққа шығармайды» (69-бет).

Бұл баяндамада қозғалып отырған мәселені, атап айтқанда: мемлекеттің құрылуының экономикалық негіздері туралы мәселені біз келесі тарауда қарастырамыз. Энгельс өте сақтық етіп, пролетариат мемлекеті пәтерді, «ең болмағанда өткінші дәуірде», ақысыз үлестіре «қояр ма екен» дейді. Бүкіл халықтың иелігіндегі пәтерлерді жеке семьяларға ақыға беру ісі бұл ақыны алуды да, белгілі бақылау ісін де, пәтерлерді бөлудің бір нормировкасы болуын да көздейді. Мұның бәрі мемлекеттің белгілі-бір түрін керек қылады, бірақ қызмет адамдары айрықша ардақты болатын әскери, бюрократтық ерекше аппаратты әсте керек қылмайды. Ал пәтерлерді тегін бере беруге болатын халге көшу мемлекеттің толық «құруына» байланысты.

Бланкистердің, Коммунадан соң және соның тәжрибесінің әсерімен, марксизмнің принципті позициясына көше бастағандығы туралы сөз қыла келіп, Энгельс ол позицияны жол-жөнекей былайша түйіп айтады:

...«Таптарды, солармен бірге мемлекетті де жоюға көшу ретінде, пролетариат пен оның диктатурасының саяси қыймыл жасауының қажеттігі»... (55-бет).

Қайдағы бір әріп санауға құмар сыншылар немесе «марксизмді қырушы» буржуазияшылдар, сірә, осы жердегі «мемлекетті жоюды» мойындаушылықтың және «Анти-Дюрингтің» жоғарыда келтірілген жеріндегі ондай формуланы анархистік формула деп бекерге шығарғандықтың арасында қайшылық бар деп білер. Оппортунистер Энгельсті де «анархистер» қатарына қосып қойса, таңданарлық нәрсе емес,—өйткені қазір социал-шовинистердің интернационалистерді анархизм жөнінде айыптауы барған сайын өріс алып отыр.

Таптардың жойылуымен бірге мемлекет те жойылады деп марксизм әрдайым үйретіп келеді. «Анти-Дюрингтің» «мемлекеттің құруы» жайындағы жалпыға мәлім жері анархистерді айыптағанда мемлекеттің жойылуын тек жақтайтындығы үшін айыптамайды, мемлекетті «бүгін-ертеңнен қалдырмай» жойып жіберуге болады деп уағыздайтындығы үшін айыптайды.

Мемлекеттің құруы туралы мәселе жөніндегі марксизмнің анархизмге көзқарасын қазіргі үстем болып отырған «социал-демократиялық» доктрина әбден бұрмалап отырғандықтан, Маркстің және Энгельстің анархистермен бір айтысын ескертіп өтудің ерекше пайдасы бар.

2. *Анархистермен айтысу*

Бұл айтыс 1873 жылы болған. Маркс пен Энгельс прудонистерге, «автономистерге» яки «антиавторитаристерге» қарсы мақалалар жазып, италиялық социалистердің мақалалар жыйнағына берген болатын; ол мақалалар немісшеге аударылып, „Neue Zeit“ те 1913 жылы ғана шықты.

Саясатты керексінбеген анархистерді мысқылдап, Маркс сонда былай деп жазған:

...«Егер жұмысшы табының саяси күресі революциялық түрге айналып келе жатқан болса, егер жұмысшылар буржуазия диктатурасының орнына өздерінің революциялық диктатурасын орнатса, олар принципті қорлау жөнінде сұрапыл қылмыс істеген болып шығады екен, өйткені өздерінің бүгінгі болымсыз, дөрекі тілектерін қанағаттандыру үшін, буржуазияның қарсылығын басу үшін жұмысшылар қару-жарақты тастап, мемлекетті жоя салудың орнына мемлекетке революциялық және өткінші форма берегін көрінеді»,.. («Neue Zeit », 1913—1914 ж. 32, 1 т., 40-бет).

Маркс анархистердің сөзін теріске шығарғанда, мемлекетті тек осындай түрде «жойып жіберуге» ғана қарсы шыққан! Таптардың жоғалуымен бірге мемлекеттің жоғалуына немесе таптарды жоюмен бірге мемлекетті жоюға ешбір қарсы болған жоқ, жұмысшылардың қару-жарақ жұмсаудан бас тартуына, ұйымдасқан түрде күш жұмсаудан бас тартуына, яғни «буржуазияның қарсылығын күйрету» мақсатына қызмет етуге тиісті мемлекеттен бас тартуына қарсы болған.

Маркс өзінің анархизмге қарсы күресінің шын мағнасын жұрт бұрмалап жібермесін деп, пролетариатқа керекті мемлекеттің «революциялық және өткінші түрін»

әдейілеп баса көрсетіп отыр. Пролетариатқа мемлекет уақытша ғана қажет. Мемлекетті жою туралы мәселені максат ретінде карауға келгенде біздің анархистермен ешбір таласымыз жоқ. Біздің айтатынымыз: таптарды құрту үшін езілген таптың уақытша диктатурасы қандай қажет болса, әлгі максатқа жету үшін, мемлекеттің өкіметтің кару-жарақтарын, құрал-жабдықтарын, әдістерін канаушыларға қарсы уақытша пайдалану да сондай қажет. Маркс мәселені анархистерге карсы қойғанда өте катты, өте айқын түрде қойып отыр: жұмысшылар, капиталистердің езушілік үстемдігін құлатқанда, «қару-жарақты тастауы» керек пе, әлде капиталистердің карсылығын күйрету үшін, ол қару-жарақты капиталистерге қарсы пайдалануы керек пе? Ал бір таптың екінші тапқа қарсы үнемі қару-жарақ пайдалануы, — бұл мемлекеттің «өткінші формасы» емей немене?

Енді әрбір социал-демократ өзіне мынадай сұрақ қойсын: анархистермен айтысқанда мемлекет туралы мәселені өзі осылайша қойды ма екен? Екінші Интернационалдың ресми социалистік партияларының орасан көпшілігі де бұл мәселені осылайша қойды ма екен?

Нақ осы ойларды Энгельс мұнан гөрі де толығырак, түсініктірек етіп баяндайды. Бәрінен бұрын ол өздерін «антиавторитариспіз» деп атаған, яғни бедел атаулыны, бағындыру атаулыны, өкімет атаулыны теріс деп таныған прудонистердің алжаскан пікірін мысқылдайды Энгельс былай дейді: мысалға фабриканы, темір жолды, ашық теңіздегі кемені алып қарасаңыз, белгілібір бағындыру, демек, белгілібір бедел не өкімет болмаса машиналарды колдану негізіне және көп адамның тәртіппен бірігіп іс істеуі негізіне сүйенген осындай күрделі техникалық орындардың бір де біреуінің қызмет атқаруына болмайтыны айқын емес пе?

Энгельс былай деп жазады:

...«Антиавторитаристердің ең барып тұрғандарына мен осындай дәлелдерді айтқанда, олар маған мынадай ғана жауап қайыруы мүмкін: «Я! ол рас, бірақ мұндағы әңгіме біздің өз делегеттарымызға тұғызатын бедел туралы болып отырған жоқ, белгілібір тапсырма туралы болып отыр». Бұлар — біз белгілібір нәрсенің атын өзгертсек, соның өзін де өзгерте аламыз деп ойлайды»...

Сонымен, бедел мен автономия относительдік ұғымдар екендігін, олардың қолданылатын орны қоғам дамуының түрлі кезеңінде өзгеріп отыратындығын, оларды абсолюттік нәрсе деудің өзі мыйға конбайтындығын көрсетіп, машиналар мен ірі өндірістің қолданылатын жерлері ылғый ұлғайып келе жаткандығын коса көрсетіп, Энгельс бедел турасындағы жалпы пікірлерден мемлекет туралы мәселеге көшеді.

Энгельс былай деп жазады:

...«Егер автономистер — келешектегі әлеуметтік ұйым беделге жол бергенде өндіріс жағдайлары жасамай коймайтын шекаралардың көлемінде ғана жол береді, дегісі ғана келсе, онда олармен түсінісуге болар еді. Бірақ олар беделді қажет ететін фактылардың бәрін көрмейді, сондықтан олар құр сөзге қарсы құлшынып күреседі.

«Антиавторитаристер саяси беделге қарсы, мемлекетке қарсы айқайлаумен ғана неге тынбайды? Мемлекеттің, сонымен бірге саяси беделдің де келешектегі әлеуметтік революцияның нәтижесінде жоғалатынын, яғни қоғамдық функциялар өздерінің саяси сыйпатынан айрылып, әлеуметтік мүдделерді қадағалайтын жай әкімшілік функцияларға айналып кететінін социалистердің бәрі де мақұлдайды. Ал антиавторитаристер саяси мемлекеттің бірден жойылуын, жойылғанда оның өзін тудырған әлеуметтік қатнастардың жойылуынан да гөрі бұрынырақ жойылуын талап етеді. Олар әлеуметтік революцияның бірінші актысы беделді жою болуын талап етеді.

«Бұл мырзалар революцияны бұрынды-сонды көрді ме екен? Күмән жоқ, революция — нағыз авторитарлы нәрсе, соның ең бары тұрғаны. Революция — халықтың бір бөлегі екінші бөлегіне өзінің дегенін мылтық, найза, зенбірек аркылы, яғни өте-мөте авторитарлы құралдар арқылы орындаттыратын акты. Сөйтіп, жеңген партия өз құралының реакционерлерге туғызатын корқынышы арқылы өзінің үстемдігін сақтап тұруға ділгерліктен мәжбүр болады. Егер Париж Коммунасы буржуазияға қарсы құралды халықтың беделіне сүйенбеген болса, ол бір күннен артық өмір сүре алар ма еді? Қайта, сол беделді тым аз пайдаланды деп Коммунаға кінә коюға праволы емеспіз бе? Сөйтіп, екінің бірі. Не авторитаристер не айтып отырғанын өздері де білмейді, бұлай болған күнде олар журтты құр алжастырып жүр. Не олар не айтып отырғанын біледі, бұлай болған күнде олар пролетариаттың ісіне опасыздық етіп жүр. Осының екеуінде де олар тек реакцияға қызмет етеді» (39-бет).

Бұл пікірлерде мемлекеттің құрыйтын кезіндегі саясат пен экономиканың ара салмағы туралы темамен байланыстыра қаралуға тиіс мәселелер козғалған (бұл темаға келесі тарау арналып отыр). Ол мәселелер қоғамдық функциялардың саяси функциялардан жай

әкімшілік функцияларға айналуы туралы және «саяси мемлекет» туралы мәселелер. Ұғынбаушылықтарды туғызуға өте-мөте ыңғайлы тұрған соңғы сөз мемлекеттің құрыйтын процесін көрсетеді: құрып бара жатқан мемлекетті құруының белгілібір сатысында саяси мемлекет емес деп атауға болады.

Энгельстің бұл пікіріндегі ең тамаша жері тағы да—анархистерге қарсы мәселенің қойылысы. Энгельстің шәкірті болғысы келген социал-демократтар 1873 жылдан бері анархистермен әлде неше миллион рет таласты, бірақ олар, марксистердің қалай таласуына болатын болса, қалай таласуы керек болса, нақ солай т а л а с п а д ы. Анархистерлің мемлекетті жою туралы ұғымы әрі алжасқан ұғым, әрі р е в о л ю ц и я ғ а ж а т ұғым, — деп, Энгельс мәселені міне осылай қойған. Анархистер нақ осы революцияны шығуы және дамуы жағынан, зорлық, бедел, өкімет, мемлекет жөніндегі айрықша өзгешелігі бар міндеттері жағынан көргілері келмейді.

Осы күнгі социал-демократтардың анархизмді мінеген әдеттегі сыны «біз мемлекетті мойындаймыз, ал анархистер мойындамайды!» деген нағыз мещандық соракылыққа айналды. Әрине, мұндай сорақылық азды-көпті ойлай білетін революцияшыл жұмысшыларды бездірмей тұрмайды. Энгельстің айтатыны басқаша: ол— социалистік революцияның нәтижесі ретінде, мемлекеттің жоғалуын социалистердің бәрі мойындайды деп баса көрсетеді. Сонан кейін ол революция туралы мәселені, атап айтқанда, оппортунизмдегі социал-демократтар әдетте анархистердің, былайша айтқанда, ерекше «талдауына» қалдырып өте шығатын мәселені нақтылы түрде қойып отыр. Осы мәселені көтергенде, Энгельс мәселенің нағыз түйінін бірден қолға алып: м е м л е к е т т і ң, яғни тап болып ұйымдасқан, қарулы пролетариаттың р е в о л ю ц и я л ы қ өкіметін Коммунаның к ө б і р е к пайдалануы керек емес пе еді? —дейді.

Үстем болып жүрген ресми социал-демократия пролетариаттың революциядағы нақтылы міндеттері туралы мәселеден әдетте не нағыз филистерлік мысқыл арқылы, не, ең жақсы дегенде, «кезінде көріле жатар» деген аумалы софистік арқылы қашып жүрді. Сөйтіп, анархистер мұндай социал-демократия туралы: ол жұмыс-

шыларды революциялық жолмен тәрбиелеу жөніндегі өз міндетінен айныды, — деуге праволы болды. Энгельс пролетариаттың банкілер жөнінде де, мемлекет жөнінде де не істеуі, қалай істеуі керектігін барынша нақтылы түрде зерттеп білу үшін, соңғы пролетарлық революцияның тәжрибесін пайдаланады.

3. Бебельге хат

Маркс пен Энгельстің мемлекет туралы мәселе жөніндегі шығармаларының ішіндегі ең тамаша пікір демегенде де, ең тамаша пікірлердің бірі—Энгельстің Бебельге 1875 жылғы 18—28 мартта жазған хатының мына бір жері. Жақшаның ішіне алып айта кетейік: біздің білуімізше, бұл хатты Бебель тұңғыш рет өз мемуарларының («Өз өмірімнен» деген еңбегінің) екінші томында бастырып шығарды, ол том 1911 жылы, яғни бұл хаттың жазылып, жіберілгенінен соң 36 жыл өткеннен кейін жарыққа шықты.

Браккэге жазған атақты хатында Маркс сынаған Гота программасының жобасын Энгельс те сынай келіп, мемлекет туралы мәселеге әдейілеп тоқталып, Бебельге былай деп жазды:

...«Ерікті халық мемлекеті ерікті мемлекетке айналды, бұл сөздердің грамматикалық мағнасы бойынша, ерікті мемлекет дегеніміз — мұнда мемлекет өз азаматтары жөнінде ерікті болады, яғни озбыр үкіметі бар мемлекет болады. Мемлекет туралы осы былшылдардың бәрін тастау жөн болар еді, әсіресе, Коммунадан кейін осылай ету жөн болар еді, ол шын мағнасында мемлекет болған жоқты. Маркстің Прудонға қарсы шығармасы, одан кейін «Коммунистік манифест» социалистік қоғам құрылысы орнатылған соң мемлекет өзінен өзі-ақ таратылады (sich auflost) және жоқ болады деп төтесінен айта тұрсадағы, анархистер «халық мемлекетімен» мүлдем кәзімізді шұқып болды. Мемлекет дегеніміз күресте, революцияда жауларын күшпен басып-жаншу үшін пайдаланылатын екінші мекеме ғана болғандықтан, ерікті халық мемлекеті туралы сөз қылуда түк мағна жоқ: пролетариат әзірше мемлекетке мұқтаж болып отырғанда бостандық үшін емес, өзінің жауларын басып-жаншу үшін мұқтаж болып отыр, ал бостандық туралы сөз қозғауға мүмкіндік болған күнде, онда мемлекет дегеніміз өмір сүруден қалады. Сондықтан біз мемлекет деген сөздің орнына қай жерде де «қауым» (Gemeinwesen) деген сөзді қоюды ұсынар едік; бұл немістің керемет жақсы ескілікті бір сөзі, француздың «коммуна» деген сөзіне дәл келеді» (немісше оригиналдың 322-беті).

Мынаны еске алу керек: бұл хат—осы хаттан кейін бірнеше ғана жетіден соң жазылған хатта (Маркстің 1875 жылы 5-майдағы хаты) Маркс сынаған партиялық программа жөніндегі хат; ол кезде Энгельс Маркспен бірге Лондонда турған. Сондықтан соңғы сөйлемде «біз» дегенде, Энгельс, күмән жоқ, өз атынан да, Маркстің атынан да, неміс жұмысшы партиясының көсеміне программадан «мемлекет» деген сөзді шығарып тастап, оның орнына «қауым» деген сөзді алуды ұсынады.

Осы күнгі, оппортунистерге ыңғайланып жасалған «марксизмнің» басшыларына программаны осылай етін түзетуді ұсынса, олар «анархизм» туралы ұлып қандай шу көтерер еді!

Улыса ұлый берсін. Буржуазия оларды осынысы үшін мақтайды.

Ал біз өз ісімізді істей береміз. Партиямыздың программасын қайта қарағанда, шындыққа жақын болу үшін, марксизмді бұрмалаушылықтардан тазартып, қалпына келтіру үшін жұмысшы табының өзін азат ету жолындағы күресін дұрысырақ жолға салу үшін, Энгельс пен Маркстің кеңесін сөзсіз еске алу керек. Большевиктердің ішінен Энгельс пен Маркстің кеңесіне қарсылар табылмас. Қыйыншылық, сірә, термин жөнінде ғана болар. Немісше «қауым» деген екі сөз бар; бұлардың ішінен Энгельс жеке қауымды емес, қауымдар жыйынтығын, қауымдар системасын көрсететін сөзді таңдап алған. Орысша мұндай сөз жоқ, сондықтан, ыңғайсыз жерлері бола тұрса да, мүмкін, француздың «коммуна» деген сөзін алуға тура келер.

«Коммуна шын мағнасында мемлекет болған жоқты», —міне Энгельстің ең маңызды, теориялық пікірі осы. Жоғарыда айтылғандардан кейін, бұл пікір әбден түсінікті. Коммуна мемлекет болудан қала бастады, өйткені, оның халықтың көпшілігін емес, азшылығын (қанаушыларын) жаншуына тура келді: ол буржуазиялық мемлекеттік машинаны қыйратты; басып-жаншуға арналған ерекше күштің орнына сахнаға халықтың өзі шықты. Осының бәрі — мемлекеттен шын мағнасында шегіну. Егер Коммуна бекінген болса, Коммунада мемлекеттің ізі өзінен өзі «құрыр» еді, Коммунаға

мемлекеттің мекемелерін «жою» қажет болмас еді: ол мекемелер істейтін ештеңесі болмаған сайын, жұмыс атқарудан кала берер еді.

«Анархистер «халық мемлекетімен» көзімізді шұқып жүр»; бұл арада Энгельс бәрінен бұрын Бакунинді және оның неміс социал-демократтарына жасаған шабуылын айтып отыр. Нақ «ерікті халық мемлекеті» сыяқты, «халық мемлекеті» де ақылға сыймайтын нәрсе, социализмнен шегіну; міне осы мағнада Энгельс бұл шабуылды дұрыс деп таныйды. Энгельс неміс социал-демократтарының анархистерге карсы күресін жөнге салуға, бұл күресті принцип жағынан дұрыс күрес етуге, бұл күресті «мемлекет» жөніндегі оппортунистік соқыр сенімдерден тазартуға тырысады. Бірақ не пайда! Энгельстің хаты 36 жыл бойы тығулы жатты. Бұл хат жарыяланғаннан соң да Каутскийдің Энгельс сақтандырған қателердің нақ өзін қасарып қайталайтынын біз төменде көреміз.

Бебель Энгельске 1875 жылы 21 сентябрьде хат жазып жауап қайырды: бұл хатында ол, айта кетейік, — программаның жобасы туралы пікіріңізге «әбден қосылам» және Либкнехтты көнгіштігі үшін кінәладым, деп жазды (Бебельдің мемуарларының немісше басылуы, II том, 304-беті). Бірақ егер Бебельдің «Біздің мақсаттарымыз» деген кітапшасын алып карасақ, біз онда мемлекет туралы мүлде теріс пікірлерді кездестіреміз·

«Мемлекет таптық үстемдікке негізделген мемлекеттен халық мемлекетіне айналуға тиіс («Unsere Ziele» нің немісше басылуы, 1886, 14-беті).

Бебельдің кітапшасының тоғызыншы (тоғызыншы!) басылуында осылай делінген! Мемлекет туралы оппортунистік пікірлерді мұншалық қасарып қайталау неміс социал-демократиясының бойына сіңгені, әсіресе, Энгельстің берген революциялық түсініктері тығулы жатқан кезде, ал бүкіл тұрмыстық жағдай ұзақ уақыт революцияны «ұмыттырған» кезде бойына сіңуі таңырқарлық нәрсе емес.

4. Эрфурт программасының жобасына сын

Эрфурт программасының жобасына арналған сын Энгельс 1891 жылғы 29-июньде Каутскийге жіберген

сын тек он жыл өткеннен кейін ғана „Neue Zeit"те жарияланды); марксизмнің мемлекет туралы ғылымын талдағанда оған соқпай кетуге болмайды, өйткені ол сын, көбінесе, социал-демократияның **мемлекеттік** құрылыс мәселелері жөніндегі **оппортунистік** көзқарастарын сынауға арналған сынның нақ өзі.

Жөл-жөнекей айта кетейік: экономика мәселелері жөнінде Энгельс тағы бір тамаша бағалы нұсқау береді; бұл нұсқау Энгельстің нақ сол ең жаңа капитализмнің түрі өзгеруін көңіл бөліп, ақылға салып байқағанын, сондықтан да біздің, империалистік, заманның міндеттерін белгілібір дәрежеде күні бұрын дәл болжай алғанын көрсетеді. Ол нұсқау мынау: программаның жобасында капитализмді сыйпаттау үшін қолданылған «жоспарлылықтың» жоқтығы (Planlosigkeit) деген сөз жөнінде Энгельс былай деп жазады:

...«Егер біз акциялы қоғамдардан өнеркәсіптің тұтас тарауларын өзіне бағындырып монополияландыратын трестерге көшсек, онда бұл арада жеке өндіріс ғана емес, жоспарлылықтың жоқтығы да тоқталады» (« Neue Zeit», 20-жыл, 1 т., 1901—1902, 8-беті).

Бұл арада ең жаңа капитализмге, яғни империализмге берілген теориялық бағаның ең негізгі жері, атап айтқанда, капитализмнің монополистік **капитализмге** айналып отырғандығы айтылған. Соңғысын баса көрсету керек, өйткені, бейнебір монополистік яки мемлекеттік — монополистік капитализм **кәзірдің өзінде-ақ** капитализм **емес**, оны кәзірдің өзінде-ақ «мемлекеттік социализм» деп атауға болады, деген және сол сыяқты буржуазиялық реформистік пікір — ең көп тараған қате. Әрине трестер толық жоспарлылықты жасаған емес, әлі күнге жасамай отыр, бұдан былай да жасай алмайды. Бірақ трестер жоспарлылықты жасап отырғандықтан, капиталдың алпауыттары өндірістің мөлшерін ұлттық немесе тіпті интернационалдық көлемде күні бұрын есепке алып отырғандықтан, олар мұны жоспарлы түрде ретке салып отырғандықтан, біз қалайда **капитализм** тұсында, оның жаңа кезеңінде болса да, күмәнсіз, капитализм тұсында қалып отырмыз. **Мұндай** капитализмнің социализмге «жақындығы» пролетариаттың шын өкілдері үшін, барлық реформистердің істеп отырғанындай, социалистік революцияны

керексіз деп танушылыққа және капитализмді бояма-лауға төзімділікпен қарауды көрсететін дәлел болуға тиіс емес, социалистік революцияның жақындығын, же-ңілдігін, жүзеге асатындығын, кейінге қалуына болмай-тындығын көрсететін дәлел болуға тиіс.

Бірақ мемлекет туралы мәселеге қайта оралайық. Энгельс бұл арада өте-мөте бағалы үш түрлі нұскау береді: біріншіден, республика туралы мәселе жөнінде; екіншіден, ұлт мәселесінің мемлекеттің құрылысымен байланысы туралы; үшіншіден, жергілікті өзара басқару туралы.

Республикаға келсек, мұны Энгельс Эрфурт програм-масының жобасына жазған сынында ең салмақты мә-селе етіп алды. Ал егер, Эрфурт программасының бүкіл халықаралық социал-демократияда қандай маңыз ал-ғанын, оның бүкіл Екінші Интернационалға үлгі бол-ғанын еске түсірсек, онда — Энгельс бұл арада бүкіл Екінші Интернационалдың оппортунизмін сынап отыр, деп асырмай-ақ айтуға болады.

Энгельс былай деп жазады:

«Жобаның саяси талаптарында үлкен кемшілік бар. Нақ ай-тылуға тиісті сөздер, *жобада айтылмай қалған*» (курсив Энгельстікі).

Бұдан кейін, герман конституциясы шынында 1850 жылы ең реакцияшыл конституцияның сілімтігі, Рей-хстаг, Вильгельм Либкнехт айтқандай, —«абсолютизм-нің абұйыр жабатын жапырағы», ұсақ мемлекеттерді және немістің ұсақ мемлекеттерінің одағын заңды ете-тін конституцияға сүйеніп «еңбек құралдарының бәрін ортақ меншікке айналдыруды» жүзеге асырмақ болу — «көпе-көрнеу мағнасыз нәрсе», деп түсіндіреді.

«Бұл теманы қозғау қауыпті нәрсе»,— деп қосады Энгельс; ол Германияда республиканы талап етуді программада ашық түрде қоюға болмайтынын жақсы біледі. Бірақ Энгельс «жұрттың бәрі» қанағаттанып жүрген айқын пікірге қалай болса солай көне алмай-ды. Энгельс онан әрі былай дейді: «Бірақ іс, солай болғанмен, қайткен күнде де алға жылжытылуға тиіс. Мұның қаншалық дә-режеде қажет екенін нақ кәзір социал-демократиялық баспасөздің көбінде тарап жүрген (einreissende) оппортунизм көрсетіп отыр. Социалистерге қарсы заңның қайта шығуынан қорқып, немесе осы заңның үстемдігі жүріп тұрғанда күні бұрын айтылған кейбір сөз-дерді еске түсіріп, жұрт енді Германиядағы кәзіргі заң тәртібін

партия өзінің барлық талаптарын бейбітшілік жолмен жүзеге асыруына жеткілікті тәртіп деп тануын тілейді»...

Германия социал-демократтары ерекше заңның қайта шығуынан қорқып қыймыл жасады, міне осы фактыны Энгельс алдыңғы қатарға қояды да, жалтақтамастан, оны оппортунизм деп атайды, Германияда республика мен бостандық болмағандықтан да, «бейбітшілік» жол туралы қыялдардың ешқандай мағнасы жоқ деп жарыялайды. Энгельс, өзінің қолын байламау үшін, жетерліктей сақтық етеді. Ол: республикалы елде немесе бостандығы өте көп елде социализмге бет алған бейбітшілік дамуды «шамалауға болады» (тек «шамалауға» ғана болады!) деп мойындайды да, Германияда

...«Үкіметі құдіретті дерлік, ал рейхстагының және басқа барлық өкілдік мекемелерінің шын өкіметі жоқ Германияда, — осындай Германияда бұл тәрізді нәрсені жарыялау, жәнеде ешбір қажеті жоқ жерде жарыялау — абсолютизмнің абұйырын жабатын жапырағын жұлып тастап, жалаңаш тәнге өзің бүркеуіш болу деген сөз»... деп қайталайды.

Бұл нұсқауларды «тығып» тастаған германия социал-демократиялық партиясының ресми көсемдерінің орасан көпшілігі шынында да абсолютизмді бүркеушілер болып шықты.

...«Мұндай саясат партияны, түбінде, тек жалған жолға ғана сала алады. Жұрт алдыңғы қатарға жалпы, дерексіз саяси мәселелерді қойып отыр, сөйтіп бірінші болған ірі оқыйғаларда-ақ, бірінші болған саяси кризисте-ақ өзінен-өзі күн тәртібіне қойылатын таяудағы деректі мәселелерді бүркеп отыр. Бұдан мынадан басқа не шықпақ: партия істің тетігі шешілетін кезде кенеттен дәрменсіз болып қалады, партияда шешуші мәселелер жөнінде көмескілік және бірліктің жоқтығы басым болады, өйткені бұл мәселелер еш уақытта талқыланған жоқ.

«Бүгінгі күннің минуттік мүдделеріне бола ұлы, түбірлі пікірлерді осылай ұмытушылық, минуттік табыстардың қызығына осылай түсушілік және келешектегі нәтижелерді есепке алмай сол минуттік табыстарға бола күресушілік, келешектегі қозғалысты кәзіргі қозғалысқа осылай құрбан етушілік, мүмкін, «адал ниетті» дәлелдермен істеліп отырған шығар. Бірақ мұның өзі оппортунизм және оппортунизм болып қала береді де, ал «адал ниетті» оппортунизм, сірә, басқаларының бәрінен де қауіптірек болар...

«Егер ешбір күмәндануға болмайтын нәрсе болса, ол нәрсе мынау: біздің партия мен жұмысшы табы демократиялық республика сыяқты саяси форманың тұсында ғана үстемдік ала алады. Бұл демократиялық республика, ұлы француз революциясы [illegible]

қашан көрсеткеніндей, тіпті пролетариат диктатурасына арналған айырықша өзгешелігі бар форма болып табылады...»

Бұл арада Энгельс Маркстің барлық шығармаларында үзбей айтылған негізгі идеяны, атап айтқанда, демократиялық республика — пролетариат диктатурасына ең таяу табалдырық деген идеяны ерекше айқын түрде қайталап отыр. Өйткені мұндай республика капитал үстемдігін, ал олай болса, бұқаралардың езілуін және тап күресін ешбір жоймай-ақ, бұл күрестің соншалықты ұлғаюына, өршуіне, өріс алуына, шиеленісуіне соқтырмай қоймайды: езілген бұқаралардың түпкі мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіншілік туғаннан кейін, бұл мүмкіншілік тек пролетариат диктатурасында ғана, бұл бұқараларды пролетариат бастағанда ғана, сөзсіз жүзеге асады. Бүкіл Екінші Интернационал үшін бұл да — марксизмнің «ұмытылған сөздері» болып табылады және мұны ұмытушылықты меньшевиктер партиясының 1917 жылғы орыс революциясының алғашқы жарты жылындағы тарихы өте-мөте айқын көрсетті.

Халықтың ұлттық құрамымен байланысты құрама республика туралы мәселе жөнінде Энгельс былай деп жазды:

«Қазіргі Германияның орнында не болуға тиіс?» (Бұл Германияда реакциялық монархиялық конституция бар және нақ соншалық реакциялық түрде ұсақ мемлекеттерге бөлінушілік бар, бөлінушілік болғанда «пруссияшылдықтың» өзгешеліктерін тұтас Германияға сіңіріп жіберудің орнына ол өзгешеліктерді мәңгілік ететін бөлінушілік бар). «Меніңше, пролетариат тек тұтас және бөлінбейтін республика түрін ғана қолдана алады. Құрама республика, Құрама Штаттардың Шығыс жағында қазірдің өзінде кедергі болып келе жатса да, Құрама Штаттардың көп территориясында әлде де, жалпы алғанда, қажетті нәрсе. Екі аралында төрт ұлт тұратын және, парламентінің тұтастығына қарамастан, заң шығарудың үш системасы қатар өмір сүріп отырған Англия үшін құрама республика бір адым ілгері басқандық болар еді. Кішкене Швейцарияда құрама республика әлдеқашан кедергіге айналды, ал егер онда әлі құрама республикаға төзуге болатын болса, мұның бірден-бір себебі — Швейцария европалық мемлекет системасының нағыз енжар мүшесінің ролін атқарғанға мәз болып отыр. Германияның құрамалы Швейцария тектес болуы қарыштап кейін шегінгендік болар еді. Одақтық мемлекетті әбден тұтас мемлекеттен айыратын екі пункт, атап айтқанда, мынау: одаққа кіретін әрбір жеке мемлекеттің өзінің ерекше ақылы іс заңдары мен қылмыс заңдары, өзінің ерекше сот орындары болады, сонсоң, халық палатасымен қатар мемлекеттерден жіберілген өкілдердің палатасы болады және онда, үлкен-кішілігіне қарамастан, әрбір кантон дауыс береді». Германия-

да одақтық мемлекет [illegible] тұтас мемлекетке өту болып табылады. Сондықтан 1866 және 1870 жылдардағы «жоғарыдан болған революцияны» кері айналдырмау керек, қайта «төменнен болған қозғалыспен» толықтыру керек.

Энгельс мемлекеттің түрлері туралы мәселеге қалай болса солай қарамайтыны былай тұрсын, қайта, әрбір жеке оқиғаның нақты тарихи өзгешеліктеріне қарап, белгілібір өткінші түрдің н е д е н н е г е өту болып табылатынын есепке алу үшін, нақ сол өткінші түрлеріне барынша ұқыпты зерттеу жүргізуге тырысады.

Маркс сияқты, Энгельс те, пролетариат пен пролетарлық революцияның тұрғысынан қарап, демократиялық централизмді, тұтас және бөлінбейтін республиканы жақтайды. Ол құрама республиканы не ерекше нәрсе және дамуға кедергі деп қарайды, не монархиядан централистік республикаға өту, белгілібір ерекше жағдайларда «бір адым ілгері басқандық» деп қарайды. Ал осы ерекше жағдайлардың ішінде ұлт мәселесі алға қойылады.

Маркс сияқты, Энгельс те, ұсақ мемлекеттердің реакцияшылдығын және белгілібір айрықша жағдайларда бұл реакцияшылдықты ұлт мәселесі арқылы бүркеушілікті аяусыз сынайды; бұған қарамастан, олардың екеуінде де ұлт мәселесінен зәредей де бас тартушылық жоқ: — ал «өздерінің» кішкене мемлекеттерінің мещандық-шағын ұлтшылдығына қарсы мейлінше заңды күреске сүйенетін Голландия марксистері мен Польша марксистері сол ұлт мәселесінен бас тартуға тырысып жиі қателесіп жүр.

Тіпті Англияның өзінде, географиялық жағдайлары да, тілінің бірлігі де, әлде неше жүз жылдық тарихы да Англияның жеке ұсақ топтарға бөлінудегі ұлттық мәселесін «құртқан» сияқты көрінсе де, Энгельс мұнда да ұлт мәселесінің әлі тынбағандығы жөніндегі айқын фактыны есепке алып, құрама республиканы «бір адым ілгері басқандық» деп біледі. Әрине, бұл арада құрама республиканың кемшіліктерін сынаудан және тұтас централистік-демократиялық республика жолында нағыз үзілді-кесілді түрде насихат жүргізіп, күресуден зәредей де бас тартушылық жоқ.

Бірақ Энгельс демократиялық централизмді тіпті де бюрократиялық мағнада түсініп отырған жоқ; ал бұр-

жуазияның және ұсақ буржуазияның идеологтары, олардың ішінде анархистер, бұл ұғымды сол бюрократиялық мағнада колданады. Энгельстің ойынша централизм, «коммуналар» мен облыстар мемлекет бірлігін ерікті түрде жақтаған күнде, бюрократизмнің қандайын болса да, жоғарыдан «бұйырудың» қандайын болса да сөзсіз жоятын, кең көлемдегі жергілікті өзара басқаруды тіпті де жокка шығармайды.

Марксизмнің мемлекет жөніндегі программалық көзқарастарын дамыта отырып, Энгельс былай деп жазады:

...«Сөйтіп, тұтас республика керек, бірақ бұл 1798 жылғы императорсыз құралған империядан артық ештеңе болып табылмайтын қазіргі француз республикасы мағнасында емес. 1792 жылдан 1798 жылға дейін француздың әрбір департаменті, әрбір қауымы (Gemeinde) америкалық үлгі бойынша өзара басқаруды пайдаланды, бізде де осылай болуға тиіс. Өзара басқару ісін қалай ұйымдастыру керек және істі бюрократиясыз-ақ қалай жүргізуге болады, мұны бізге Америка мен бірінші француз республикасы көрсетіп дәлелдеді, ал қазір Канада, Австралия және басқа ағылшын отарлары тағы көрсетіп отыр.

Сөйтіп мұндай провинциялық (облыстық) және қауымдық өзара басқару — мәселен, швейцариялық федерализмнен гөрі, анағұрлым еркін мекемелер; швейцариялық федерализмде, расын айтқанда, кантон «Бундқа» (яғни бүкіл құрама мемлекетке) тіпті тәуелді емес, «бірақ сонымен қатар уезге (бецирккe) де, қауымға да тәуелді емес. Кантондық үкіметтер уездік исправниктер (штатгальтерлер) мен префектілерді тағайындайды; бұл жағдай ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде мүлде жоқ және біз де келешекте өз ішімізде, пруссиялық ландраттар мен регирунгсраттарды» (комиссарларды, исправниктерді, губернаторларды, жалпы алғанда жоғарыдан тағайындалатын чиновниктерді «жоюмен қатар, мұны да батыл түрде жоюға тиіспіз». Энгельс, осыған сәйкестіріп, программаның өзара басқару туралы тармағын былайша тұжыруды ұсынады: «Жалпыға бірдей сайлау правосы бойынша сайланған чиновниктер арқылы провинцияда» (губернияда немесе облыста), «уезде және қауымда толық өзара басқару болсын; мемлекет тарапынан тағайындалатын жергілікті, провинциялық өкімет орындарының бәрі жойылсын».

Керенскийдің үкіметі және басқа «социалистік» министрлер шығармай қойған «Правдада» (№ 68, 1917 жылғы 28 май) мен: бұл тармақ жөнінде—әрине, жалғыз бұл тармақ жөнінде ғана емес—жалғыз революциялық жалған демократияның жалған социалистік өкілдері демократизмнен адам айтқысыз шегінушіліктер жасағандығын атап көрсеткенмін[1]. Өздерін империалистік бур-

[1] Қараңыз: Шығармалары, XX т., 437-беті. *Ред.*

жуазиямен «коалиция жасау» арқылы байлап-матаған адамдардың бұл нұсқауларды естімей керең болғаны түсінікті нәрсе.

Мына жағдайды көрсетіп өту аса қажет: Энгельс фактылар келтіре отырып, нағыз анық дәлелдерге сүйене отырып, — өте-мөте ұсақ буржуазиялық демократияның арасында мейлінше көп тараған сенімді, — құрама республика централистік республикадан гөрі қалайда көбірек бостандық береді деген сенімді бекерге шығарады. Бұл сенім дұрыс емес. Мұны Францияның 1792 — 1798 жылдардағы централистік республикасы мен Швейцарияның құрама республикасы жөнінде Энгельстің келтіріп отырған фактылары бекерге шығарады. Шын демократиялық, централистік республика құрама республикадан гөрі к ө б і р е к бостандық беріп отырды. Немесе басқаша айтқанда: тарихта мәлім жергілікті, облыстық және басқа бостандықтың е ң к ө б і р е г і н берген құрама республика емес ц е н т р а л и с т і к республика.

Құрама республика мен централистік республика туралы және жергілікті өзара басқарма туралы бүкіл жалпы мәселе сияқты, бұл фактыға да біздің партиялық үгіт пен насихат жұмысында жеткіліксіз көңіл бөлініп келді, әлі де жеткіліксіз көңіл бөлініп жүр.

5. Маркстің „Франциядағы азамат соғысы" деген кітабына 1891 жылы жазылған алғысөз

«Франциядағы азамат соғысының» үшінші басылуына Энгельс алғысөз жазған, — бұл алғысөз 1891 жылы 18 мартта жазылды, деп қол қойылып, „Neue Zeit" журналында басылып шықты;— осы алғысөзде Энгельс мемлекетке қатысы бар мәселелер жайында жол-жөнекей өте қызық ескертулерді жазумен қатар, Коммунаның сабақтарын тамаша айқын жыйнақтап көрсетеді. Автор Коммунадан бергі жыйырма жылдық дәуірдің бүкіл тәжрибесі арқылы маңызы тереңдетілген бұл жыйынтықты Германияда жайылып кеткен әдетке — «мемлекетке соқыр сеніммен табынушылыққа» әдейі қарсы қояды: сондықтан бұл жыйынтықты қарастырылып отырған мәселе туралы марксизмнің с о ң ғ ы с ө з і деп атауға әбден болады.

«Францияда, — дейді Энгельс, — әрбір революциядан соң жұмысшылар қаралды күйінде қалып жүрді»; «сондықтан, мемлекет билігінің тізгінін ұстаған буржуалардың бірінші парызы жұмысшыларды құралсыздандыру болып отырды. Осыдан — жұмысшылар жеңіп алған әрбір революциядан кейін жаңа күрес туып, бұл күрес жұмысшылардың жеңілуімен тынып отырды»...

Буржуазиялық революциялардың тәжрибесі мұнда қанша қысқа айтылған болса, сонша мағналы етіліп қорытылған. Істің асылы, басқаларын былай қойғанда, мемлекет жайындағы мәселе туралы да (*езілген тапта құрал барма?*)—мұнда тамаша айтылған. Буржуазия идеологиясының ықпалында жүрген профессорлар да, ұсақбуржуазиялық демократтар да істің дәл осы асылын көбіне ауызға алмай, мұны тастап кетеді. 1917 жылғы орыс революциясында буржуазиялық революциялардың осы сырын айтып былшылдау абройы (кавеньяктік аброй) «меньшевик», «әрі марксист» Церетелиге тиді. Июньнің 9 күнгі «тарихи» сөзінде Церетели буржуазияның Петербург жұмысшыларын құралсыздандыруға ұйғарғанын айтып салды, әрине, ол осы ұйғарымды әрі өзіне тән әрі тегінде «мемлекеттік» қажеттіктен туған ұйғарынды етіп көрсетті!

Церетелидің 9 июньдегі тарихи сөзі, әрине, 1917 жылғы революцияның тарихын зерттейтін тарихшының қай-қайсысына болса да, эсерлер мен меньшевиктердің Церетели мырза бастаған блогі революциялық пролетариатқа қарсы болып, буржуазия жағына шығып кеткендігін көрсететін өте айқын дәлелдердің бірі болады.

Энгельстің жол-жөнекей айта кеткен, мемлекет жайындағы мәселемен байланысы бар, екіншібір ескертуі дін туралы. Көпке мәлім: герман социал-демократиясы неғұрлым оппортунистеніп, ірш-шіріген сайын «дінді әркімнің жеке басының ісі деп жырыялау» деген атақты формуланы филистерлерше бұрмалап ұғындыруды жиілеткен болатын. Атап айтқанда олардың бұл формуланы ұғындыруы: дін мәселесі революциялық пролетариаттың партиясы үшін де, бейнебір, жеке іс болып табылады-мыс!! Пролетариаттың революциялық программасына осылай толық опасыздық жасаушылыққа Энгельс қарсы күресті, 1891 жылы ол өз партиясындағы оппортунизмнің жаңа ғана жаралып келе жатқан ең әлсіз болар-болмас белгілерін ғана байқаған еді, сондықтан ол кезде өзінің сөзін өте сақтықпен ғана айтқан еді:

«Коммунада мәжіліс жасаушылардың бәрі дерлік кілең жұмысшылар я жұмысшылардың шын танылған өкілдері болуына сәйкес, Коммунаның қаулылары да нағыз пролетарлық бағытта шығарылып отырды. Не бұл қаулылар республикалық буржуазия тек оңбаған қорқақтық жасап іске асырудан бас тартқан реформаларды және жұмысшылар табының еркін іс істеуіне қажетті негіз болған реформаларды заң етіп шығарды. Діннің мемлекетке қатысы жоқ, әркімнің жеке басының жұмысы деген принциптің жүзеге асырылуы осындай болды. Не Коммунаның шығарған қаулылары тікелей жұмысшылар табының мүдделерін көздеді және ол қаулылар кейде ескі қоғамның тәртібін терең тілгілеп отырды»...

«Мемлекетке қатысы жоқ» деген сөздерді Энгельс әдейі баса көрсетіп отыр, оның мұнысы неміс оппортунизмін тура көзге шұқығандық болды, ол оппортунизм, діннің: партияға қатысы жоқ, әркімнің жеке басының ісі, деп жариялады, сөйтіп революциялық пролетариаттың партиясын ешқандай дінде болмауға болады деуге дайын тұратын, бірақ халықтың басын айналдыратын дін уына қарсы партиялық күрестен безген ең оңбаған «еркін ойлы» мещандық дәрежесіне түсірген еді.

Герман социал-демократиясының келешектегі тарихшысы, оның 1914 жылғы масқара болып күйреуінің тамырларын қарастыра отырып, бұл мәселе туралы талай қызықты материалды, партияның идеялық көсемі Каутскийдің мақалаларындағы бұлтақтаған оппортунизмге кең жол ашатын сөздерінен бастап, „Los-von-Kirche-Bewegung“ - ке (шіркеуден бөліну қозғалысына) партияның 1913 жылы қалай қарағандығына дейін, бәрін де табады.

Ал енді, Коммунадан соң жыйырма жылдан кейін оның сабақтарын күресуші пролетариатқа Энгельстің қалай қорытып көрсеткеніне келейік.

Энгельстің алдыңғы қатарға шығарған сабақтары мыналар болды:

...«1798 жылы Наполеон жасап алған бұрынғы бір орталыққа бағынған үкіметтің езуші өкіметі, армиясы, саяси полициясы, бюрократиясы содан бері қарай әрбір жаңа үкіметтің қолына ауысып отырған сайын, бұларды керекті құрал етіп ұстап, өзінің душпандарына қарсы пайдаланып келген өкіметі, міне дәл сол өкімет, Парижда қандай құлаған болса, бүкіл Францияда да тегіс сондай құлауға тиіс болды.

«Жұмысшылар табы үстемдікті қолына алғаннан кейін, содан былай қарай бұрынғы ескі мемлекеттік машинамен қожалық құра алмайды; жұмысшы табы, өзінің жаңа ғана жеңіп алған үстемдігінен қайтып айрылмауы үшін, бір жағынан, соған дейін қолданылып, өзіне қарсы жұмсалып келген ескі езушілік машинасын түге-

лімен құртуы керек те, екінші жағынан, өз депутаттары мен чиновниктерінің бәрін де, қайсысын болса да тілеген уақытта түсіруге болатындығын жариялап өзін қамтамасыз етуі керек,—міне Коммуна әуел бастан-ақ осыларды мойындауга тиіс болды»...

Монархия былай тұрсын, тіпті демократиялық республикада да мемлекеттің мемлекет болып қалатындығын, яғни өзінің негізгі өзгеше белгісінен: қызмет адамдарын, «қоғамның қызметшілерін», оның органдарын сол қоғамның үстінен қарайтын қожаға айналдыратындық белгісінен мемлекеттің айрылмайтындығын Энгельс бір емес, әлде неше рет баса айтады.

...«Мемлекет пен мемлекет органдарын қоғамның қызметшісінен қоғамның үстінен қарайтын қожасына айналдырушылыққа қарсы, бұл күнге дейінгі мемлекеттердің бәрінде сөзсіз болып келген халге қарсы Коммуна қатесіз екі әдісті қолданды. Біріншi, Коммуна ел билеу, сот, халық ағарту жөніндегі қызмет орындарының бәріне де жалпыға бірдей сайлау заңы бойынша сайланған адамдарды тағайындап отырды, оның үстіне, сайлаған жұрттың ұйғаруымен тілеген уақытта ол адамдарды орындарынан алуға право енгізді. Екінші, Коммуна қызмет орнындағы адамдардың жоғарғы дәрежедегісіне де, төменгі дәрежедегісіне де өзге жұмысшылар алатындай ғана ақы төлеп отырды, Коммунаның төлеп жүрген ақысының ең көбі 6.000 франк болды[1]. Мұның үстіне Коммунаның өкілді мекемелердегі депутаттарға арнап императив мандатты енгізуіне қарамастан, осының өзі де орын іздеп, мансап қуа берушілікке айтарлықтай тұсау болды»...

Энгельс бұл арада ерекше қызықты жерге, дәйекті демократияның, бір жағынан, социализмге айналатын жеріне, екінші жағынан социализмді керек қылатын жеріне келіп отыр. Өйткені мемлекетті құрту үшін мемлекеттік қызмет функцияларын халықтың орасан көпшілігі, онан соң бүкіл халық түгелінен игеріп аларлықтай, шамасы жетерліктей етіп, бақылау және есепке алу жөніндегі оңай қызметке айналдыру қажет. Ал мансапқорлықты толық жою үшін, мемлекет қызметіндегі, табысы жоқ болса да, «құрметті» орындарды банкілер мен акциялы қоғамдардағы табысы мол орындарға өтіп кететін көпір бола алмайтындай ету керек, ал ең барып тұрған еркін капитал елдерінің бәрін-

---

[1] Номиналды түрде бұл 2.400 сомға жуық, ал қазіргі ақша құны бойынша 6 000 сомға жуық. Бүкіл мемлекет үшін максимум 6.000 сом—бұл жеткілікті сома—болып белгіленсін деудің орнына, мәселен, қалалық думаларда жалақы 9.000 сомнан болсын дейтін большевиктердің пікірі мүлде теріс.

де де мемлекет қызметіндегі орын ы л ғ ы й жаңағыдай көпір болып отыр.

Бірақ, Энгельс, кейбір марксистер секілді қателеспейді; мәселен, ондай марксистер әр ұлттың өз билігі өзінде болу правосы жөнінде: капитализм тусында бұлай ету мумкін емес, ал социализм тұсында қажетсіз нәрсе деседі. Тауып айтылған өткір сөз сымақ көрінгенімен, іс жузінде теріс осы пікірді демократиялық мекемелердің қай-қайсысы туралы болса да, солардың ішінде чиновниктерге берілетін акы туралы да, әбден айтуға бола кетеді, өйткені, капитализм тұсында нағыз дәйекті демократизм бола алмайды, ал, социализм кезінде демократия атаулының қандайы болса да құ р ы п б і т е д і.

Мұның өзі: бір тал шашы тускен адам қасқа бас бола ма, жоқ па деген бұрынғының ескі кулдіргі сөзі сықылды софизм.

Демократияны ш е г і н е ж е т к і з е дамыту, сондай дамытудың турлерін іздестіру, оларды практикада сынап көру, т. т. әлеуметтік революция ушін куресудегі өзекті міндеттердің бірі болады. Жеке алғанда, қандай демократизмнен болса да социализм шықпайды. ал, өмірдің өзінде демократизм ешқашан «жеке алынбайды», «бірге алынады», экономикаға ықпалын да жургізеді, о н ы ң қайта құрылуына турткі болады, экономикалық дамудың ықпалына өзі де түседі, т. т. Адамның өмір тарихының диалектикасы осындай.

Онан әрі қарай Энгельс былай деген:

...«Ескі мемлекеттік өкіметтің осы қопарылуы (Sprengung),оның орнын нағыз демократиялық жаңа өкіметтің басатындығы «Азамат соғысының» ушінші бөлімінде толық айтылған. Бірақ, осы алмасудың кейбір белгілеріне қысқаша тағыда тоқталып өту қажет болып отыр, неге десеңіз, дәл Германияның өзінде мемлекетке соқыр сеніммен нану дегеніңіз философиялықтан шығып, буржуазияның, тіпті көптеген жұмысшылардың, жалпы сана-сезіміне көшкен. Философтардың ғылымы бойынша, мемлекет дегеніңіз — «идеяның іске асуы» немесе құдай тағаланың философиялық тілге аударылған жер бетіндегі әмірі, мемлекет — мәңгі ақиқат пен әділдіктің іске асырылып отырған немесе іске асырылуға тиісті болған орны. Осыдан барып мемлекетке, мемлекетке қатысты нәрсенің бәріне бас иіп, соқыр сеніммен құрметтеушілік шыққан, — осы соқыр сеніммен нанудың өзі оңай орнығып алған, неге десеңіз, жалпы қоғамға бірдей, ортақ іс пен мудделердің орындалатын және қорғалатын әдістері тек бұрынғыша ғана болуы мумкін, яғни мемлекет арқылы және соның табысы мол, жылы орындарымен сыйланған чиновник-

тері арқылы ғана орындалып, қорғалуы мүмкін екен деп жұрт бала жасынан солай ойлап дағды алып кеткен. Атадан балаға мұра болып қалатын монархияға сенуден құтылып, демократиялық республиканы жақтаушы бола қалса, жұрт өзінше: ілгері қарай қалыптан тыс қатты аттадық деп ойлайды. Ал, шынында, мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапты басуына жұмсалатын машинадан басқа еш нәрсе де емес, бұл жағынан қарағанда мемлекет демократиялық республикада да монархиядағыдан бір де кем соқпайды. Ең жақсы болғанында, мемлекет — таптық үстемдік үшін күресте жеңіп шыққан пролетариаттың қолына мұра болып көшетін сойқанды нәрсе болып табылады; жеңген пролетариат та, жаңа, еркін қоғамның жағдайларында өскен жас ұрпақ осы мемлекеттікті барлық көң-қоқырымен түгел аластап тастауға жарағанша, Коммунаша қыймылдап, осы бәленің ең жаман жақтарын дереу сылып тастауға мәжбүр болады».

Монархияның орнына республика орнағанға мәз болып, жалпы мемлекет мәселесі жөніндегі социализмнің негіздерін ұмытпау керек деп Энгельс немістерді алдын ала сақтандырған. Өздерінің «коалициялық» практикасында мемлекетке соқыр сеніммен нанып, оған соқыр сеніммен құрмет көрсеткен Церетелилер мен Черновтардай мырзаларға Энгельстің бұл сақтандырулары кәзір тура сабақ болып оқылып отыр!

Тағыда екі ескертуіміз бар. 1) Энгельс мемлекеттің «бір таптың екінші тапты езуіне жұмсалатын машина» болып қала беруі демократиялы республикада монархия тұсындағыдан «бір де кем соқпайды» десе, бұл, кейбір анархистердің «үйретіп жүргеніндей» пролетариат үшін езу т ү р і н і ң қандайы болса да бәрібір, дегендік болып тіпті де шықпайды. Тап күресі мен тап езушілігінің анағұрлым кең, анағұрлым еркін, анағұрлым ашық т ү р д е болуы пролетариатқа оның тап атаулыны жою жолындағы күресінде орасан жеңілдік береді.

2) Осы мемлекеттіктің барлық көң-қоқырын түгелімен аластап тастауға жаңа ұрпақтың ғана жарайтын себебі демократиядан арылу жайындағы мәселеге байланысты, енді соған келейік.

6. Демократиядан арылу туралы Энгельстің пікірі

Энгельс бұл мәселе жөніндегі өз пікірін «социал-демократ» деген аттың ғылыми дұрыс еместігі себепті айтуға тиісті болды.

Өзінің 1870 жылдарда әртүрлі темалар жөніндегі, көбінесе «интернационалдық» мазмұндағы мақалаларының жыйнағына („Internationales aus dem Volksstaat“)

жазған алғысөзінде — 1894 жылғы январьдың 3-і күні жазылды, деп қол қойылған, былайша айтқанда, өзі қайтыс болардан жылжарым бұрын жазылған алғысөзінде — Энгельс барлық мақалаларда «социал-демократ» делінбей, «коммунист» деген сөздің алынғандығын ескерткен, өйткені, ол кезде Франциядағы прудонистер, Германиядағы лассалшылдар өздерін социал-демократ деп атайтын. Энгельс былай деген:

...«Соның үшін өз көзқарастарымызды әдейілеп көрсетуге мұндай екіұшты сөзді алуымыз Маркске де, маған да мүлдем мүмкін болмады. Қазіргі уақытта істің жайы басқаша болып отыр, бұл сөздің («социал-демократ» деген сөздің) «өзі, мүмкін, жарап кетер (mag passieren), дегенмен, экономикалық программасы жай социалистік қана емес, нағыз коммунистік болған партияға, — түпкі саяси мақсаты бүкіл мемлекет атаулыны, солай болғаннан кейін демократияны да, арылту болған партияға бұл сөз дәл келе қоймайды (unpassend, лайық емес). Алайда шын нағыз (курсив Энгельстің өзінікі) саяси партиялардың аттары өздеріне ешқашан толық сай келмейді; партия дамып отырады, аты қалпынша қала береді».

Диалектик Энгельс өз өмірінің ақтық күндеріне дейін диалактикадан танбаған. Маркспен екеуіміздің партияға қоярлық тамаша қолайлы, ғылыми дәлме-дәл атымыз бар еді, бірақ: нағыз яғни бұқаралық пролетарлық партия болмады, дейді ол. Қәзір (XIX ғасырдың ақырында) нағыз партия бар, бірақ, оның аты ғылми дұрыс емес. Оқасы жоқ, «жарап кетер», тек партия дамый берсін, тек атының ғылыми дәлме-дәл еместігі оның өзінен жасырылмасын да, оның дұрыс бағытта дамый беруіне бөгет болмайтын болсын!

Мүмкін, кейбір қуақы адам біздерді, большевиктерді де, Энгельсше жұбатар: бізде нағыз партия бар, оның дамуы да айта қалғандай; «большевик» деген сөз де оған ат болуға «жарап кетер» дер, бұл сөздің өзі мағнасыз, шала-жансар сөз, еш нәрсенің де мағнасын бере алмайды, жалғыз-ақ әлде қалай ғана болып қалған бір жағдайды ғана ескертеді, ол жағдай дегеніміз 1903 жылда Брюссель-Лондонда болған съезде біздің көпшілік болып шыққандығымыз... Республикашылдар мен «революцияшыл» мещан демократиясының июль мен августа біздің партиямыздың соңынан түсіп, қудалағаны «большевик» деген сөздің өзін жалпы халық алдында үлкен құрметті сөзге айналдырды, бұл қудалаулар біздің партиямыздың шындап дамуы жо-

лында айта қалғандай зор, тарихи ілгері қадам басқандығын аңғартты, мүмкін, осылардан кейін, біздің партияның атын өзгерту керек деген апрельдегі ұсынысымда тұру-тұрмау мәселесіне келгенде мен де екі ойлылау болар едім. Мүмкін, жолдастарыммен мынадай «ымыраға» келер едім: коммунистер партиясы болып аталайық, жақшаның ішінде большевиктер деген сөз қала берсін дер едім...

Әрине, революциялық пролетариаттың мемлекетке көзқарасы жайындағы мәселеге қарағанда, партияның аты жайындағы мәселе әлде қайда маңызы кем мәселе.

Мемлекет жайында дағдылы пікір айтатындар осы арада Энгельс сақтандырған және осыдан бұрынғы жазғандарымызда біз де жол-жөнекей ескертіп өткен қатені қайталайды да отырады. Атап айтсақ: мемлекеттің жойылуы демократияның да жойылып бітуі екендігін, мемлекеттің құруы демократияның да құруы екендігін ылғый ұмытатындық бар.

Алғашында бұлай деудің өзі өте ғажап және түсініксіз нәрсе болып көрінуі мүмкін; тіпті кейбіреулердің: біз азшылықтың көпшілікке бағыну принципін қолданбай кететін қоғам құрылысының келуін күтіп жүрген жоқ па екенбіз, өйткені демократия дегеннің өзі сондай принципті мойындағандық қой? — деп қауыптенуі де мүмкін.

Жоқ. Демократия азшылықтың көпшілікке бағынуымен бір нәрсе е м е с. Демократия азшылықтың көпшілікке бағынуын мойындаушы м е м л е к е т, яғни бір таптың екінші тапқа, халықтың бір бөлегінің екінші бөлегіне ұдайы з о р л ы қ көрсететін ұйымы.

Біздің түпкі мақсатымыз мемлекетті құрту, яғни ұйымдасқан түрде және ұдайы зорлық көрсетудің қандайын болса да, жалпы адам атаулыға зорлық істеудің қандайын болса да құрту. Біз азшылықтың көпшілікке бағынатын принципі қолданылмай кететін қоғам тәртібінің келуін күтіп отырғанымыз жоқ. Бірақ, біз социализмге жетуге талпынғанда, социализм коммунизмге айналады деп сеніп талпынамыз, ал, сонымен қабат, жалпы адам атаулыға зорлық көрсетудің қандай да болса қажеттігі жоғалады, бір адамды екіншісіне, халықтың бір бөлегін екінші бөлегіне б а ғ ы н д ы р ы п ұстаудың қажеттігі жоғалады, деп сенуліміз, өйткені, жұртшылық

ѳлудың жай шарттарын бұзбай қолдануға жұрттың өзі ешбір з о р л ы қ с ы з, ешбір б а ғ ы н ы ш с ы з д а ғ д ы л а н ы п а л а д ы.

Осы дағдылану элементін ескерту үшін Энгельс жаңа ұрпақты, «жаңа, еркін, қоғам жағдайларында өскен жаңа ұрпақ мемлекеттіктің барлық көң-қоқырын түгелімен мүлдем аластап тастай алады» деп әдейі атап отыр,—мемлекеттік атаулыны, соның ішінде демократиялық республикалық мемлекеттікті де мүлдем аластап тастай алатын жаңа ұрпақты айтып отыр.

Мұны ұғындыру үшін мемлекеттің құрыйтындығының экономикалық негіздері жайындағы мәселені қарастырып өту керек.

V ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫИТЫНДЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мәселені Маркс «Гота программасына сын» деген еңбегінде әбден дәлелдеп түсіндірген (Браккэге 1875 жылғы 5 майда жазған хаты; 1891 жылда ғана басылған: « Neue Zeit», IX, I; орысшасы жеке кітапша болып басылып шықты). Бұл тамаша шығарманың лассалшылдықты сынаған айтыс жағы, шығарманың, былайша айтқанда, зерттеу жасаған жағын көлегейлеп кеткен, атап айтқанда: коммунизмнің дамуы мен мемлекеттің құруы арасындағы байланысқа анализ жасаған жағын көлегейлеп кеткен.

1. Маркстің мәселе қойысы

Маркстің Браккэге 1875 жылғы 5 майда жазған, хатын Энгельстің 1875 жылғы 28 мартта Бебельге жазған, жоғарыда қаралып өткен, хатымен үстірт салыстырғанда Энгельстен гөрі Маркс анағұрлым «мемлекетшіл» болып көрінуі мүмкін, екі жазушының мемлекетке көзқарастарындағы айырма да едәуір болып көрінуі мүмкін.

Энгельс Бебельге мемлекет жайындағы бос сөзді тастата, «мемлекет» деген сөзді программадан [illegible]

оның орнына «қауым» деп қой, дейді; керек десе Энгельс, Коммуна толық мағнасында мемлекет болған жоқ-ты, дейді. Маркс тіпті «коммунистік қоғамның болашақ мемлекеттігі» дегенді айтады, басқаша айтқанда, тіпті коммунизм тұсында да мемлекеттің қажеттігін мойындаған сықылды.

Бірақ, бұлайша жору мейлінше теріс болған болар еді. Байыптап қарағанда, мемлекетке, оның құрып бітуіне Маркс пен Энгельстің көзқарастарының бір-біріне әбден дәл келетіндігі ап-анық көрінеді, ал, Маркстің әлгі келтірілген сөзі дәл сол құруға айналған мемлекеттік туралы айтылған.

Әрине, мемлекеттің келешектегі «құрыйтын» мезгілін пәлендей уақытта болады, деп кесіп айтуға болмайды, себебі — мұның өзі көрнеу ұзақ уақытқа созылатын процесс. Маркс пен Энгельстің арасында өзгелік бар сықылды болып тұрғаны — олардың алған темаларының өзгелігінен, ондағы көздеген міндеттерінің өзгелігінен. Энгельстің ол хатта көздеген мақсаты мемлекет жайындағы жәйіліп кеткен соқыр сенімдердің (Лассаль да едәуір мақұл көрген соқыр сенімдердің) мағнасыздығын Бебельге әбден бадырайтып, айқын, қатал түрде көрсету болған. Маркс бұл мәселеге жол-жөнекей ғана соқты, оның көніл бөлгені екінші тема: Коммунистік қоғамның дамуы.

Маркстің бүкіл теориясы—даму теориясын, аса дәйекті, толық, әбден ойланған, мазмұны бай түрінде алып, сол кездегі капитализмге қолданушылық болып табылады. Бұл теорияны капитализмнің алдағы күйреуіне де, болашақтағы коммунизмнің болашақ дамуына да қолдану туралы мәселенің Маркстің алдынан келіп шыққандығы табиғи нәрсе.

Болашақтағы коммунизмнің болашақ дамуы туралы мәселені сөз қылғанда, қандай дәлелдерге сүйеніп сөз қылуға болады?

Сүйенетін дәлел мынау: коммунизм капитализмнен туады, тарихи дамығанда да капитализмнен шығып дамыйды, капитализм тұғызған қоғам күштерінің қыймылдарының нәтижесі болады. Маркс қыяли нәрселерді ойлап шығаруға ешқандай әрекет етпеген адам, білуге ешбір мүмкіндігі жоқ нәрсені беталды

6—1224

топшылап бал ашпаған адам. Мысал үшін айтсақ, жаратылыс жайын зерттеуші білімпаз жаңа биологиялық түрдің баста шыққан жерін, өзгеретін белгілібір бағытын біліп отырғаннан кейін, ол биологиялық түрдің ендігі дамуы қандай болатындығын айтып, мәселені қалай қоятын болса, коммунизм жайындағы мәселені Маркс те солай қойып отыр.

Маркс бәрінен бұрын Гота программасының мемлекет пен қоғамның ара салмағы жайындағы мәселеге енгізген былығын іске алғысыз етіп шығарған.

Маркс былай деп жазады:

...«Қазіргі қоғам — капиталистік қоғам, бұл қоғам мәдениетті елдердің бәрінде де бар, бұл қоғам орта ғасырлықтың қоспасынан азды-көпті арылған қоғам, әр елдің тарихи дамуының өзгешеліктеріне қарай, түрі азды-көпті өзгерген қоғам, азды-көпті дамыған қоғам. Ал, мұның керісінше, «осы күнгі мемлекет», әрбір мемлекеттік шекараны аттаған сайын түрлі-түрлі екендігі көрінеді. Пруссия—Германия империясындағы мемлекет Швейцариядағыдан мүлдем басқа, Англиядағы мемлекет Құрама Штаттардағыдан мүлдем басқа. Ендеше, «осы күнгі мемлекет» — жалған нәрсе.

«Алайда, түрлерінің ала-құла шұбарлығына қарамастан, әртүрлі мәдениетті елдердің әртүрлі мемлекеттерінің бәріне бірдей ортақ бір белгісі бар, ол мынау: бұл мемлекеттердің қай-қайсысы болса да, азды-көпті капиталистік жолмен өркендеген осы замандағы буржуазия қоғамының негізінде тұрады. Соның үшін бұл мемлекеттердің бәріне бірдей ортақ кейбір маңызды белгілері бар. Қазіргі түп тамыры — буржуазия қоғамы құрығанда туатын, келешекке қарама-қарсы тұрған «осы з мандағы мемлекеттік» туралы сөз қылғанда, осы мағнада сөз қылуға болады.

«Сонан соң мәселе былай қойылып отыр: коммунистік қоғамда мемлекет қандай өзгеріске ұшырайды? Басқаша айтқанда: онда қазіргі мемлекет функцияларына орайлас қандай қоғамдық функциялар қалады? Бұл сұрауға тек ғылыми түрде ғана жауап беруге болады; «халық» деген сөзді «мемлекет» деген сөзге неше мың мәртебе қосақтасаңыз да, ол мәселенің шешуін титтей де таба алмайды»...

Маркс «халық мемлекеті» туралы әңгімелердің барлығын осылай түкке алғысыз етіп тастады да, мәселенің қойылысы қалай болу керектігін көрсетті және мәселеге нағыз ғылыми жауап беру үшін, кәміл анықталған ғылыми деректерге ғана сүйенуге болатындығын алдын ала ескерткендей де болды.

Даму теориясының, жалпы ғылым атаулының нағыз дәл анықтап берген нәрсесінің бірі: капитализмнен коммунизмге өтуде ерекше бір кезеңнің, не ерекше бір белестің болуға тиіс екендігі тарихи күмәнсіз деген

жағдай;—осыны утопистер де ұмытып жүрді, мұны социалистік революциядан қорқатын осы күнгі оппортунистер де ұмытып жүр.

2. Капитализмнен коммунизмге өту

Онан әрі қарай, Маркс былай дейді:

...«Капиталистік қоғам мен коммунистік қоғамның арасында революциялық жолмен алғашқысын екіншісіне айналдыратын дәуір болады. Бұл дәуірге сәйкес саяси өту дәуірі болады, бұл дәуірдің мемлекеті пролетариаттың революциялық диктатурасынан бөтен еш нәрсе бола алмайды»...

Маркс бұл қортындыны шығарғанда, пролетариаттың осы замандағы капиталистік қоғамда атқарып отырған ролін зерттеуге, қоғамның дамуы жайындағы мәліметтерге және пролетариат пен буржуазияның қарама-қарсы мүдделерінің бір-бірімен ешқашан сыйыса алмайтындығы туралы мәліметтерге сүйеніп шығарған.

Бұрын мәселе былайша қойылып жүретін: пролетариаттың азаттыққа жетуі үшін, буржуазияны құлатуы керек, саяси өкіметті өз қолына алуы керек, өзінің революциялық диктатурасын орнатуы керек.

Қазір мәселе біраз басқаша қойылып отыр: коммунизмге қарай дамып отырған капиталистік қоғамнан коммунистік қоғамға «саяси өту дәуірінсіз» өту мүмкін емес және бұл дәуірдің мемлекеті пролетариаттың революциялық диктатурасы ғана болуы мүмкін.

Ал бұл диктатураның демократияға көзқарасы қандай болады?

«Коммунистік манифестің» екі түрлі ұғымды: «пролетариатты үстем тапқа айналдыру» және «демократияны орнату» деген ұғымдарды бір-бірімен жай қатар қойғанын көрдік. Жоғарыда айтылғандардың бәрін негізге ала отырып, капитализмнен коммунизмге өткенде демократия қалай өзгеретінін дәлірек белгілеуге болады.

Капиталистік қоғамда, оның дамуы аса жайлы болғанда, демократиялық республикада азды-көпті, толық демократизм болады. Бірақ бұл демократизм қашанда капиталистік қанаудың қатты құрсауында қалып отырады, сондықтан, қашанда, негізіне келгенде, азшылықтың, тек дәулетті таптардың ғана, байлардың ғана демократизмі болып шығады. Капиталистік қоғамның

бостандығы әрқашан бұрынғы замандардағы грек республикаларындағы құл иелеріне берілген бостандық сықылды болып қала береді. Қазіргі жалдама құлдар капиталистік қанаудың жағдайларының салдарынан жоқшылық пен қайыршылықтың қысымын көрің тыйтықтағаны соншалық, олардың «демократиямен» «саясатпен» айналысар халі жоқ, оқиғалар дағдылы бейбіт жөнмен өтіп жатқанда, халықтың көпшілігі қоғамдық-саяси істерге қатысудан шеттетілген.

Бұл сөздің дұрыстығын бәрінен де гөрі Германияның жағдайы айқын көрсететін болуы керек, өйткені бұл мемлекетте конституция орнатқан жария жұмыс жағдайы орасан ұзақ және жарты ғасырдай (1871 — 1914) бекем орнығып тұрды, ал, социал-демократия сол уақыттың ішінде осы «жария жұмыс жағдайын пайдалану» жолында өзгелерге қарағанда анағұрлым көп іс істей алды, жұмысшылардың едәуір бөлегін саяси партияға ұйымдастыру жөнінде жер жүзінің ешбір жерінде болмаған дәрежеде іс істей алды.

Капиталистік қоғамдағы саяси саналы әрі іскер жалдама құлдардың әлгі айтақаларлық едәуір бөлегі қанша деңіздер? 15 миллион жалдама жұмысшыдан социал-демократия партиясына мүше болып отырғандары бір миллион! Кәсіптік жолмен ұйымдасқандары 15 миллионнан үш миллион!

Капиталистік қоғамның демократизмі болымсыз азшылық үшін, байлар үшін болатын демократизм. Капиталистік демократияның тетігіне байыптап қарасақ, қай жерінен болса да біздің көретініміз: сайлау правосының «ұсақ-түйек», ұсақ-түйек деп саналатын егжей-тегжейінен де (отырықшылық цензісі, әйелдердің шығарылып тасталуы, т.т.), өкілдік мекемелердің техникасынан да, жиналыстарға іс жүзінде жасалатын кедергілерден де (қоғам үйлері «қайыршылар» үшін емес[1]), күнбе-күнгі баспасөздің кілең капиталистік жолмен ұйымдастырылуынан да, қысқасы осы секілді нәрселердің бәрінен де біздің көретініміз — демократизмді қысымдау үстіне қысымдай берушілік. Әсіресе, өзі еш уақытта жоқшылықты көрмеген, езілген таптардың күнбе-күнгі бұқаралық өмірінде олармен жақын болып көрмеген адамдарға (буржуазияшыл публицистер мен саясатшылардың жүзден тоқсан тоғызы болмаса, оннан тоғызы

дәл сондайлардан) әлгі кедейлерді қысымдау, праводан айыру, кедергілер жасау — болмашы нәрсе болып көрінеді, бірақ, осылардың бәрін коса алғанда, бұлар кедейлерді саясаттан, демократияға белсене қатысудан тайдырып, сыртқа теуіп тастайды.

Капиталистік демократияның бұл *мәнін* Маркс өте жақсы ұққан, — ол, Коммунаның тәжрибесін талдай келіп, былай дейді: езілушілердің атынан парламентке езуші таптың қай адамы кіруге тиіс екендігін, сөйтіп оларды басып отыратын кім болатындығын езілушілердің өздеріне бірнеше жылда бір рет қана шештіреді!

Ал осы капиталистік демократиядан, — шүбәсіз өрісі тар, кедейлерді астыртын шетке қағып отыратын, солай болғаннан кейін, түгелімен екіжүзді, әрі жалған осы капиталистік демократиядан -- ілгері қарай «бірден бірге кең демократияға» даму ісі, либералдық профессорлар мен ұсақбуржуазиялық оппортунистер ойлағандай оп-оңай, түп-тура, тып-тыныш түрде бара алмайды. Олай бола алмайды. Ілгері даму, яғни коммунизмге қарай даму ісі пролетариаттың диктатурасы арқылы болады, басқаша бола алмайды, өйткені қанаушы капиталистердің *қарсылығын қыйрататын* басқа ешкім жоқ, бұл жолдан басқа жол да жоқ.

Ал пролетариат диктатурасы, яғни езушілерді басу үшін езілгендердің авангардын үстем тап етіп ұйымдастыру ісі демократияны жай ұлғайта ғана салмайды. Пролетариат диктатурасы, байлардың демократизмі болмай, *тұңғыш рет* нағыз кедейлердің, нағыз халықтың демократизмі бола бастайтын демократизмді орасан ұлғайтумен бірге, езушілерге, қанаушыларға, капиталистерге келгенде, бостандыққа толып жатқан шек қояды. Бұларды біз жаншуға тиіспіз, адам баласын жалдамалы құлдықтан құтқару үшін, бұлардың қарсылығын біз күшпен қыйратуға тиіспіз — әрине, жаншу болған жерде, зорлық болған жерде, бостандық болмайды, демократия болмайды.

Энгельс Бебельге жазған хатында мұны әбден жақсылап айтып берген; оқушылардың есінде болар, Энгельс былай деген: «Пролетариат мемлекетке мұқтаж болғанда бостандық үшін емес, өзінің жауларын басып-жаншу үшін мұқтаж болып отыр, ал, бостандық туралы сөз

қозғауға мүмкіндік болған күнде, мемлекет те болмайды».

Халықтың орасан көпшілігіне демократия тиеді, халықты қанаушылар мен езушілер күшпен басылады, яғни оларға демократия болмайды, — капитализмнен коммунизмге өтердегі демократияның өзгерісі міне осындай болады.

Коммунистік қоғамда ғана, капиталистердің қарсылығы біржолата қыйратылғанда, капиталистер жойылғанда, таптар жоғалғанда (яғни қоғамдық өндіріс құралдарына қатнасы жағынан қоғам мүшелерінің араларында ешбір айырма болмағанда), тек сонда ғана «мемлекет жойылады және бостандық туралы сөз қылуға болады». Нағыз толық, ешбір шашауы жоқ, демократия тек сонда ғана мүмкін және тек сонда ғана жүзеге асырылады. Дәл сонда ғана демократия құрый бастайды, өйткені, капитализмнің құлдығынан, капиталистік қанаудың сансыз көп сұмдығынан, айуандығынан, оңбағандығынан, зұлымдығынан арылған адамдар, қоғам тұрмысының ғасырлар бойы белгілі болған, мың-сан жылдардан бері қайталап, барлық жазулардан қалмаған негізгі ережелеріне бірте-бірте *дағдыланып алады*, зорлықсыз-ақ, күш жұмсамай-ақ, бағындырмай-ақ, күштеуге арналған мемлекет делінетін *айрықша аппаратты жұмсамай-ақ*, сол ережелерді бұлжытпай қолдануға дағдыланып алады.

«Мемлекет құрыйды» деген сөз әбден тауып айтылған сөз, өйткені, бұл сөз ол процестің бірте-бірте болатындығын да, стихиялылығын да көрсетеді. Тек әдет қана сондай әсер етуі мүмкін және сөзсіз әсер етеді де, өйткені қанау болмаса, наразылық, қарсылық білдірерліктей, көтеріліс жасарлықтай ешбір себеп жоқ болса, жаншу қажет болғандай еш нәрсе көрінбесе, өзінің қоғамдық тіршілігіне керекті ережелерді бұлжытпай қолдануға адамның оп-оңай дағдыланып кететіндігін төңірегімізден сан миллион қабат байқап жүрміз.

Сонымен: капиталистік қоғамдағы демократия жалқұйрығы күзелген, ұсқынсыз, жалған демократия, байларға ғана, азшылыққа ғана арналған демократия. Пролетариат диктатурасы, коммунизмге өту дәуірі, азшылықты, қанаушыларды сөзсіз жанша отырып, сонымен бірге халық үшін, көпшілік үшін тұңғыш рет демокра-

тия жасайды. Нағыз толық демократияны тек коммунизмнің бір өзі ғана бере алады, ал оның өзі неғұрлым толық деморкатия болса, ол соғұрлым тез керексіз болып қалады, өзінен өзі құрып бітеді.

Басқаша айтқанда: капитализм тұсындағы мемлекет — сөздің шын мағнасындағы мемлекет, бір тапты екінші таптың, онда да көпшілікті азшылықтың жаншып отыруына арналған айрықша машина. Әрине, азшылық болған қанаушылардың көпшілік болған қаналушыларды үнемі жаншып отыруы сияқты істің нәтижелі болуы үшін асқан қаттылық, айуандықпен жаныштаушылық керек, телегей-теңіз болып қан төгілуі керек, адам баласы құлдық, крепостнойлық, жалдамалылық күйінде өзінің жолын нақ осылар арқылы өтіп келеді.

Сонан соң, капитализмнен коммунизмге өтерде жаныштау әлі де қажет болады, бірақ бұл жолы — азшылықты жаныштайтын қаналушы көпшілік. Жаныштауға арналған айрықша аппарат, ерекше машина ретіндегі «мемлекет» әлі де қажет бола тұрады, бірақ енді бұл—өткінші мемлекет, енді бұл дәл өз мағнасындағы мемлекет емес, өйткені, азшылық болған қанаушыларды көпшілік болған кешегі жалдамалы құлдардың жаныштауы, салыстырып қарағанда, анағұрлым оңай, жеңіл әрі табиғи жұмыс, сондықтан бұл жұмысты жүргізгенде құлдардың, крепостнойлардың, жалдамалы жұмысшылардың көтерілістерін басқандағыдай қан көп төгілмейді, анағұрлым аз төгіледі, бұл жұмыс адам баласына анағұрлым арзанға түседі. Сөйтіп бұл жұмыс демократияны халықтың басым көпшілігіне таратуға жағдай жасайды, сондықтан жаныштау үшін арналған айрықша машинаның қажеттігі жоғала бастайды. Әрине, қанаушылар халықты жаныштау міндетін күрделі машина болмаса атқара алмайды, ал халық қанаушыларды мүлде жай ғана «машинамен» де, тіпті «машинасыз», айрықша аппаратсыз дерлік жолмен де, құралды бұқараның жай ғана ұйымы (күн ілгері айталық: Жұмысшы, Солдат Депутаттарының Советі сықылды ұйымы) арқылы-ақ жаныштай алады.

Ақыр аяғында, коммунизм ғана мемлекетті мүлдем керексіз етіп шығарады, өйткені жаныштауға керекті ешкім болмайды, «ешкім» дегенде тап мағнасында,

халықтың белгілібір бөлегімен үнемі күресіп отыру мағнасында ешкім болмайды. Біз утопист емеспіз, жеке адамдардың бұзақылық істеуі мүмкін екенін және оның болмай тұрмайтынын, ондай бұзақылықтарды жаншып отырудың қажет екенін біз ешбір бекер де демейміз. Бірақ, біріншіден, мұның үшін айрықша машинаның, айрықша аппараттың керегі жоқ, мұны қуралданған халықтың өзі-ақ істей алады, істегенде, тіпті осы замандағы қоғамда мәдениетті адамдар тобының қай-қайсысы болса да төбелесіп жатқандарды қандай оп-оңай айырып жіберетін болса немесе әйелді зорлауға жол бермей қоятын болса, жеке адамдардың бұзақылықтарын қуралданған халықтың жаншып отыруы да сондай оп-оңай болады. Ал, екіншіден, бұзақылық дегеніміз қоғамдық тіршіліктің ережесін бұзушылық болса, оның түпкі әлеуметтік себебі: бұқараны қанаушылық, жоқшылық, қайыршылық екені мәлім. Осы басты себептер жойылғаннан кейін, бұзақылықтың өзі де сөзсіз «қ у р ы й» бастайды. Құрығанда қаншалық тез және қалайша біртіндеп құрыйтындығын біз білмейміз, бірақ, оның құрыйтынын білеміз. Бұзақылық құрыған соң мемлекет те қ у р ы й д ы.

Маркс сол келешек туралы қиялға салынбай, к ә з і р анықтауға болатын нәрсені толығырақ анықтап берді, атап айтқанда: коммунистік қоғамның төменгі фазасы мен жоғарғы фазасының (сатысының, кезеңінің) арасындағы айырманы анықтап берді.

3. Коммунистік қоғамның бірінші фазасы

Социализм кезінде жұмысшы өз «еңбегінің өнімін кемітпей» я «түгелімен» алады деген, Лассальдың идеясын «Гота программасына сын» деген кітабында Маркс бастан аяқ теріске шығарады. Маркс бүкіл қоғамның қоғамдық еңбегінен сақтық қорды да, өндірісті ұлғайтуға, «тозған» машиналардың орнын толтыруға, тағы басқа сондай жұмыстарға арналған қорды да шығарып тастаудың керектігін, онан соң, тұтынатын заттардан басқару ісіне ұсталатын, мектептерге, ауруханаларға, кәрілерді асырайтын орындарға және басқа сондайларға жұмсалатын қордың шығарылуы керек екенін көрсеткен.

Лассальдың күңгірт, түсініксіз, жалпылама сөйлемінің

(«жұмысшыға еңбегінің толық өнімі берілсін» деген сөйлемінің) орнына, Маркс социалистік қоғамның шаруашылықты дәл қалай жүргізуге тиісті болатынын білгірлікпен есепке алады. Ішінде капитализм болмайтын қоғамның тұрмыс жағдайларын Маркс *нақты* зерттей келіп, сонымен қатар былай дейді:

«Мұндағы әңгіме» (жұмысшы партиясының программасын тексергенде) «өз негізіне сүйеніп *дамыған* коммунистік қоғам туралы емес, мұндағы әңгіме нақ капиталистік қоғамнан жаңа ғана *шығып келе жатқан*, сондықтан қай жағынан болса да, экономика, мінез-құлық, ақыл-ой жақтарының бәрінде де өзін тудырған ескі қоғамның белгісін әлі де бойында сақтап қалатын қоғам туралы болып отыр».

Капитализмнің ішінен жаңа ғана шығып жасағанның жарығын көрген, қай жағынан болса да ескі қоғамның белгісін әлі де өз бойында сақтап қалатын осындай коммунистік қоғамды Маркс коммунистік қоғамның «бірінші» немесе төменгі фазасы деп атайды.

Өндіріс құралдары қәзірде жеке адамдардың меншікті мүлкі болудан кеткен. Өндіріс құралдары бүкіл қоғамдікі. Қоғамның әрбір мүшесі, қоғамға қажет жұмыстың белгілібір үлесін орындайды да, пәлендей мөлшерде жұмыс атқарды, деп қоғамнан куәлік алады. Сол куәлігі бойынша, тұтыну заттарының қоғамдық складтарынан тиісті мөлшерде зат алады. Сонымен, еңбектің қоғам қорына салынатын мөлшерін шығарған соң, әрбір жұмысшы қоғамға қанша берсе, сонша алады.

Былайша, «теңдік» дәурені орнаған тәрізді.

Бірақ, Лассаль, осындай қоғамдық тәртіптерді (әдетте социализм делінетін, ал, Маркcше: коммунизмнің бірінші фазасы деп аталатын тәртіптерді) сөз қылғанда: мұның өзі «әділ бөліс», «еңбектің өнімінен әркімнің тең алуға тең праволы болуы» деп қателеседі, ал Маркс оның қатесін түсіндіреді.

«Бұл арада» «тең право», шынында да бар, дейді Маркс,—бірақ бұл *әлі* «буржуазиялық право», мұның өзі жалпы право атаулы сықылды, *теңсіздіктің бар екендігін көрсетеді*. Праволың қандайы болса да, іс жүзінде біркелкі емес, бірімен бірі тең емес, *әртүрлі* адамдарға *біркелкі* мөлшер қолданғандық; сондықтан да «тең право» деген теңдікті бұзғандық және әділсіздік болып табылады». Шынында да, әркім, қоғамдық еңбектің өзге кісімен тең үлесін ат-

қарады да, қоғамдық өндірістің (жоғарыда айтылған, ұсталып қалынатынынан басқасын) өзге кісімен тең үлесін алып тұрады.

Ал, оның бер жағында, жеке адамдар бірдей емес, біреулері күштірек, екіншісі әлсіздеу келеді; біреуі үйленген, екіншісі бойдақ; бірсуінде бала көп, екіншісінде аз, т. т.

Сөзінің қортындысында Маркс былай дейді:

...«Ендеше, тең еңбек етіп, қоғамдық тұтыну қорына тең қатысқан күнде, біреуге қарағанда екінші біреу шынында көп алады, басқадан байырақ болып шығады, т. т. Осының бәріне де ұшырамау үшін право тең болудың орнына тең болмауы керек еді»...

Ендеше, коммунизмнің бірінші фазасы әділдік пен теңдікті әлі орната алмайды: байлық жөніндегі айырмашылықтар қалады, бұл айырмашылықтар — әділетсіз айырмашылықтар, бірақ адамды адамның қанауына мүмкіндік болмайды, өйткені өндіріс құралдарын, фабрикаларды, машиналарды, жерді және басқа сондайларды жеке меншік етіп басып алуға болмайды. Лассальдың жалпылама «теңдік» пен «әділдік» туралы ұсақбуржуазиялық күңгірт сөзін Маркс іске алғысыз етіп тастап, коммунистік қоғамның дамудағы беталысын көрсетеді, ол қоғам ең әуелі тек өндіріс құралдарын жеке адамдардың меншіктеп алуы жөніндегі «әділетсіздікті» ғана жоюға мәжбүр болады, ал тұтыну заттарын «жұмысқа қарай» (керегіне қарай емес) бөлетін содан соңғы әділетсіздікті бірден жойып жіберуге шамасы келмейді деп көрсетеді.

Тұрпайы экономистер, солардың ішінде буржуазиялық профессорлар, солардың ішінде «біздің» Туган да,—социалистер адамдардың тең емес екендігін ұмытып, сол теңсіздікті жоюға «қыялданады» деп, —әрдайым социалистерді кінәлайды. Әрине, бұл кінәлар буржуазияшыл идеолог мырзалардың өте надандығын ғана дәлелдейтін нәрсе екенін біз көріп отырмыз.

Маркс адамдардың тең болмауы сөзсіз екенін мейлінше дәл ескеріп қана қоймайды, сонымен қатар ол өндіріс құралдарының бүкіл қоғамның ортақ меншігіне көшуінің (әдетте айтылып жүрген «социализмнің») бір ғана өзі өнімді бөлу жөніндегі кемшіліктер мен «буржуазиялық правоның» теңсіздігін әлі *жоймайтын-*

дығында, өнім әркімнің «жұмысына қарай» бөлінетіндіктен «буржуазиялық правоның» үстемдігі болатұратындығында ескереді.

...«Бірақ бұл кемшіліктер, — дейді Маркс, — коммунистік қоғамның бірінші фазасында, ұзақ ауыр толғақтан кейін барып, оның капиталистік қоғамнан шыққан күйінде, болмай қалмайды. Право еш уақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуынан жоғары бола алмақ емес»...

Сонымен, коммунистік қоғамның бірінші фазасында (әдетте оны социализм деп атайды) «буржуазиялық право» онша жойылмайды, шет пұшпақтап қана, экономикалық өзгерістің қол жеткен мөлшеріне қарап қана жойылады, басқаша айтқанда, өндіріс құралдары жөнінде ғана «буржуазиялық право» жойылады. «Буржуазиялық право» олардың жеке адамдардың жеке меншікті мүлкі деп таныйды. Социализм оларды ортақ меншік етеді. «Буржуазиялық право» сол шамада, — тек сол шамада ғана жойылады.

Бірақ, дегенмен «буржуазиялық правоның» екінші бөлегі қоғам мүшелеріне өнімді бөлу, еңбекті бөлу істеріне регулятор (белгілеуші) ретінде жойылмайды. «Еңбек етпеген адам ішіп-жемеуге тиіс», социализмнің бұл принципі кәзірдің өзінде жүзеге асырылған; «мөлшері бірдей еңбекке тиетін өнім де бірдей болу керек», социализмнің бұл принципі де кәзірдің өзінде жүзеге асырылған. Бірақ бұл, әлі де болса, коммунизм емес, бұл, әлі де болса, тең емес адамдардың тең емес (іс жүзінде тең емес) еңбегіне тең мөлшерде өнім беретін «буржуазиялық правоны» жоймайды.

Бұл — «кемшілік» дейді Маркс, бірақ коммунизмнің бірінші фазасында бұл болмай қалмайтын кемшілік, өйткені, капитализмді құлата сала, адамдардың бәрі де ешбір право нормаларынсыз бірден қоғамға қызмет істеуді үйрене қалады деп, қиялға түсіп кетпейінше, ойлауға болмайды, онан соң, капитализмнің жойылуы мұндай өзгеріс жасай қоярлықтай экономикалық жағдайды бірден жасамайды да.

Ал «буржуазиялық праводан» басқа, өзге норма жоқ. Солай болғаннан кейін, өндіріс құралдарының ортақ меншіктілігін қорғай отырып, еңбектің теңдігін және

өнім бөлісінің теңдігін қорғап отыратын мемлекет те қажет бола тұрады.

Капиталистер біткеннен кейін, таптар біткеннен кейін. сондықтан жанышталуға тиісті ешбір т а п қалмағаннан кейін, мемлекет құрыйды.

Бірақ мемлекет әлі мүлдем құрып біткен жоқ, өйткені іс жүзіндегі теңсіздікті дәріптейтін «буржуазиялық правоны» қорғау қажеттігі жойылған жоқ. Мемлекеттің толық құрып бітуі үшін толық коммунизм керек.

4. *Коммунистік қоғамның жоғарғы фазасы*

Бұдан кейін, Маркс былай дейді:

...«Коммунистік қоғамның жоғарғы фазасында, адамды құл қылатын еңбек үлесіне адамның бағынуы жоғалғаннан кейін; сонымен бірге ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылық жоғалғаннан кейін; еңбек тіршілік амалы ғана болудан қалып, өзі өмірдің бірінші тілегіне айналғаннан кейін; жеке адамдардың барлық жағынан есейіп жетілуімен бірге, өндіріс күштері де өсіп, қоғам байлығының барлық көздері телегей-теңіз болып аққаннан кейін, тек сонда ғана шеңбері тар буржуазиялық правоны мүлдем арылтуға болады және қоғам өзінің туына: «Әркімнің қолынан келгеніне қарай, әркімге керегіне қарай» деп жаза алады».

«Бостандық» және «мемлекет» деген сөздерді бірін-біріне қосудың қыйсынсыз екенін аяусыз әшкерелеп көрсеткен Энгельстің пікірлері барынша дұрыс екендігін тек енді ғана бағалай аламыз. Мемлекет тұрғанда бостандық жоқ. Бостандық барда, мемлекет болмайды.

Мемлекеттің түгел құрып бітуіне экономикалық негіз болатын нәрсе коммунизмнің жоғары өрлеп дамуы; ол кезде ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылық жойылады, демек, осы замандағы қ о ғ а м д ы қ теңсіздікті тудыратын ең маңызды себептердің бірі жойылады, ал мұндай себепті өндіріс құралдарының қоғам меншігіне көшуі арқылы ғана, капиталистерді экспроприациялау арқылы ғана бірден құртып жіберуге ешбір болмайды.

Осы экспроприация өндіргіш күштердің адам айтқысыз дамуына м ү м к і н ш і л і к туғызады. Капитализм қәзірдің өзінде-ақ сол дамуды орасан бөгеп о т ы р ғ а н ы н, осы күнгі қолда бар техниканың негізінде-ақ, көп ілгері басуға болатынын көріп білгеннен кейін, біз: капиталистерді экспроприациялау ісі адамзат қоғамының өндіргіш күштерін сөзсіз орасан ілгері бастырып жібереді

деп кесіп айтуға әбден проволымыз. Бірақ, бұл дамудың бұдан арғы жерде қаншалық жылдам боларын, оның еңбек бөлісуден арылуға қаншалықты тез жететіндігін, ақыл-ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуына қаншалықты тез жетерін, еңбектің «өмірдің бірінші тілегі» болуына қаншалықты тез жетерін біз білмейміз,-б і л е а л м а й м ы з да.

Сондықтан да біз мемлекеттің сөзсіз құрыйтындығын ғана айтуға праволымыз, бұл процестің ұзаққа созылатындығын, бұл процесс коммунизмнің ж о ғ а р ғ ы ф а з а с ы н ы ң шапшаң дамуына байланысты екендігін баса айтамыз, мемлекеттің құрып бітетін мезгілдері немесе құруының нақты түрлері туралы мәселені мүлдем ашық қалдырамыз, өйткені ондай мәселелерді шешерлік материал ж о қ.

Қоғам «әркімнен қолынан келгеніне қарай, әркімге керегіне қарай» деген ережені жүзеге асырған уақытта, басқаша айтқанда, қоғамдық тіршіліктің негізгі ережелеріне адамдар соншалық дағыланғанда, адам еңбегінің өнімділігі соншалық өскенде, әркім өз қабілетінше ерікті түрде еңбек ететін болған уақытта мемлекет толық құрыйды. Жұмысты басқадан жарты сағат болса да көп істемесем екен, ақыны өзгеден кем алмасам екен, деп Шейлоктай қатты болып, бәрін есептетіп отыратын «шеңбері тар буржуазиялық право» сонда артта қалады. Сонда өнімді бөлгенде әркімнің алатын өніміне қоғамның норма қоюы қажетті болмайды, әркім «керегінше» емін-еркін алып отырады.

Буржуазиялық тұрғыдан қарағанда мұндай қоғамдық құрылысты «барып тұрған қиял» деп жариялау оп-оңай және, социалистер жеке азаматтың еңбегіне ешбір бақылау қоймастан, әркімнің қоғамнан жемістер, автомобильдер, пианино, тағы-тағыларды тілегенінше алып тұруына право береміз, деп уәде қылады, пәлен-түген деп сықақтау да оп-оңай. Буржузаиялық «ғалымдардың» көбі күні бүгінге дейін осындай сықақ айтудан басқа дәнеңе бітірмей жүр, бірақ мұның өзі олардың әрі надандығын, әрі күлкынының қамы үшін капитализмді жақтап отырғандығын көрсетеді.

Надандық дейтін себебіміз, коммунизм дамуының жоғарғы фазасы бола салады деп «уәде ету» бірде бір социалистің ойына кіріп шыққан емес, ал ұлы социалис-

тер коммунизмнің жоғарғы кезеңі болады деп алдын-ала айтқанда, олардың болады дегені еңбектің қазіргі өнімділігі де емес, Помяловскийдің шығармасындағы дін мектебінің шәкірттеріндей «бостан-босқа» қоғам байлығының складтарын бүлдіріп, мүмкін емес нәрсені талап еткіш қазіргі тоғышар да емес.

Коммунизмнің «жоғарғы» фазасы болғанша, социалистер еңбек мөлшерінің, тұтыну мөлшерінің қоғам тарапынан және мемлекет тарапынан өте қатты бақылауын талап етеді, бірақ, бұл бақылау капиталистерді экспроприациялаудан, жұмысшылардың капиталистерді бақылауынан басталуға тиіс және бұл бақылауды чиновниктердің мемлекеті емес, құралданған жұмысшылардың мемлекеті жүзеге асырып отыруға тиіс, дейді.

Буржуазия идеологтары (және олардың Церетели, Черновтар тектес құйыршықтары, бұларға серіктес адамдар) капитализмді өз құлқынының қамы үшін қорғағанда дәл былай қорғап отыр: әлде-қайдағы келешек туралы сөз таластырып, әңгіме қоздырып, бұлар осы арқылы бүгін таңдағы саясаттың ең керекті, ең толғағы жеткен мәселелерін қаға берісте қалдырады; ол мәселелер: капиталистерді экспроприациялау, барлық азаматтарды бір ғана ірі «синдикаттың», атап айтқанда: мемлекеттің жұмысшылары мен қызметшілеріне айналдыру, сол синдикаттың бүкіл жұмысын мемлекетке, мемлекет болғанда нағыз демократияшыл, Жұмысшы, Солдат Депутаттары Советтерінің мемлекетіне бағындыру.

Шынында, ғалым профессор, онан соң тоғышар, бұдан кейін Церетели мен Чернов мырзалар: миға қонбайтын қиял туралы, большевиктердің демогогиялы уәдесі туралы, социализмді «енгізудің» ешбір мүмкін еместігі туралы айтқанда, олардың ойындағысы коммунизмнің осы жоғарғы кезеңі немесе фазасы; коммунизмнің бұл фазасын «енгіземіз» деп ешкімнің ешқашан уәде етпегені былай тұрсын, уәде ету ешкімнің ойына да кіріп шыққан емес, өйткені, тегінде мұны «енгізуге» болмайды.

Дәл осы жерде біз социализм мен коммунизмнің арасындағы ғылыми айырма жайындағы мәселеге келдік; бұл мәселеге Энгельс «социал-демократтар» деп атау теріс деген, жоғарыда біз келтірген сөзінде тоқталып

өткен. Саяси жағынан алып қарағанда, коммунизмнің бірінші немесе төменгі фазасы мен жоғарғы фазасының арасындағы айырма күндердің күнінде адам айтқысыз зор болуы мүмкін, бірақ, кәзір, капитализм тұсында соны мойындау адам күлерлік нәрсе болар еді, және оны дәл кәзір алдыңғы қатарға қойса, тек жеке анархистер ғана қоя алар еді (онда да Кропоткин, Грава, Корнелиссен және анархизмнің өзге «жұлдыздарының» «плехановшылап» социал-шовинист немесе, арнамысынан айрылмаған азғана анархистердің бірі Гэ айтқандайын, анархотраншейник болып кеткеннен кейін де еш нәрседен тәлім ала алмағандары қалған болса ғана сөйтер еді).

Ал социализм мен коммунизмнің арасындағы ғылыми айырма айқын. Әдетте социализм деліиіп жүрген нәрсені Маркс коммунистік қоғамның «бірінші» немесе төменгі фазасы деп атаған. Өндіріс құралдары ортақ меншік болғаннан кейін, «коммунизм» деген сөз бұл арада да қолданарлық сөз, тек мұның толық коммунизм емес екендігін ұмытпау керек. Маркстің берген түсініктерінің орасан зор маңызы сол: коммунизмді капитализмнің өзінен шығып дамыйтын нәрсе деп қарап, ол мұнда да материалистік диалектиканы, даму туралы ғылымды дәйекті түрде қолданып отыр. Схоластикаға салынып беталды ойдан «шығара» салған анықтамалардың орнына, сөздің мәнісі туралы (социализм не, комунизм не деген) нәтижесіз таластардың орнына, Маркс коммунизмнің экономикалық жетілу сатылары деп аталарлық нәрселерді зерттеп отыр.

Өзінің бірінші фазасында, өзінің бірінші сатысында коммунизм экономика жағынан әбден жетіліп бола алмайды, капитализмнің дәстүрлерінен немесе сарқыншақтарынан әбден арыла алмайды. Коммунизмнің бірінші фазасында «шеңбері тар буржуазиялық правоның» сақтала тұратыны сықылды қызық көріністің болатыны осыдан. Тұтынатын өнімдерді бөлудегі буржуазиялық право, әрине, сөзсіз буржуазиялық мемлекетті де керек қылады, неге десеңіз правоның нормаларын еріксіз қолдандырып отырарлық аппарат болмаса, право түк емес.

Сонымен, коммунизм кезінде белгілібір уақытқа дейін буржуазиялық правоның сақталып қалатыны былай тұрсын, тіпті буржуазиясыз буржуазиялық мемлекет те бола тұрады!

Мұның парадокс немесе ой-пікірді диалектикалы түрде әр сакқа жүгірту болып көрінуі мүмкін; марксизмнің асқан терең мазмұнын түсінуге тырыспаған адамдар марксизмді көбінесе солай деп айыптайды.

Шынында да, жаңаның ішіндегі ескінің қалдықтары бізге аяқ басқан сайын жаратылыстан да, қоғамнан да, іс жүзінде көрініп отырады. Сондықтан Маркс «буржуазиялық» правоның бір үзімін коммунизмге әкеліп беталды қоса салған жоқ, капитализмнің і ш і н е н шыққан қоғамда экономика жағынан да, саяси жағынан да сөзсіз болатын нәрсені алды.

Жұмысшы табының өз азаттығы үшін капиталистерге қарсы күресінде демократияның маңызы аса зор. Бірақ, демократия дегеніміз—әсте ары өткізбес шек емес; ол — феодализмнен капитализмге және капитализмнен коммунизмге өтер жолдағы кезеңдердің бірі ғана.

Демократия дегеніміз — теңдік. Әрине, теңдік дегенді т а п т а р д ы жою мағнасында алып дұрыс ұғынса, пролетариаттың теңдік үшін және теңдік ұраны үшін жүргізген күресі аса маңызды күрес болады. Бірақ, демократия тек ресми теңдік. Өндіріс құралдарын иемдену ж а ғ ы н а н қоғамның барлық мүшесі тең болып алысымен, яғни еңбек теңдігіне, еңбек ақы теңдігіне қол жетісімен, сол сағатында-ақ адамзаттың алдына сөзсіз тағы бір мәселе қойылады, бұрынғыдан әрі ілгері басу, ресми теңдіктен іс жүзіндегі теңдікке жету мәселесі алға қойылады, басқаша айтқанда: «әркімнен қолынан келгеніне қарай, әркімге керегіне қарай» деген ережені жүзеге асыру мәселесі алға қойлады. Адамзат осы ұлы мақсатқа қандай кезеңдер арқылы қандай нақты шаралар қолданып барып жететіндігін біз білмейміз және біле де алмаймыз. Жалғыз-ақ, бұл арада социализмді бейнебір жансыз, қатып қалған, мәңгі өзгермейтін нәрсе деп түсінетін ежелгі буржуазиялық ұғымның түпсіз өтірік екендігін, шынына келгенде, қоғамдық өмір мен жеке адам өмірінің барлық жағынан ілгері дамуы, дамығанда халықтың к ө п ш і л і г і, сонан соң бүкіл халық болып іс жүзінде жаппай қатысатын, нағыз, жедел дамуы т е к социализмнен ғана басталатынын түсініп алу керек.

Демократия дегеніміз мемлекеттің бір түрі, соның көп түрінің бірі. Демек, мемлекет атаулы сықылды, де-

мократия да, адамдарға ұйымдасқан түрде, ұдайы күш жұмсау болып табылады. Бұл бір жағынан. Ал, екінші жағынан, демократия азаматтар арасындағы теңдікті, мемлекеттің құрылысы мен оны билеу түрі қандай болу керектігін белгілеуге жұрттың бәрінің правосы бірдей екендігін ресми түрде мойындағандық болып табылады. Ал, мұның өзі, тағыда мынадай жағдайға байланысты: демократия өзінің дамуының белгілібір сатысына келгенде, біріншіден, капитализмге қарсы революцияшыл тапты — пролетариатты топтастырады, сөйтіп буржуазиялық, тіпті республикалық-буржуазиялық болса да мейлі, мемлекет машинасын, тұрақты армияны, полицияны, чиновниктерді, соның бәрін қиырату үшін, күл-талқанын шығарып сындыру үшін, жер жүзінен қарасын құртып жіберу үшін пролетариатқа мүмкіншілік береді, олардың орнына а н а ғ ұ р л ы м демократиялы, алайда, әйтеуір мемлекеттік машинаны, атап айтқанда, қаруланған жұмысшы бұқарасын қоюға мүмкіншілік береді; бұл қаруланған жұмысшы бұқарасы милиция орындарына халықты жаппай қатыстыру ісіне көшеді.

Мұнда «сан сапаға айналады»: демократизмнің м ұ н д а й дәрежесі буржуазиялық қоғамның шеңберінен шығумен, оның социалистік жолмен қайта құрыла бастауымен байланысты. Егерде мемлекетті басқаруға іс жүзінде ж ұ р т т ы ң б ә р і қатысса, онда капитализм тұрақтай алмайды. Ал, капитализмнің дамуының өзі де мемлекетті басқаруға іс жүзінде «жұрттың бәрі» қатыса а л а р л ы қ т а й ж а ғ д а й л а р жасайды. Ондай жағдайлардың санына қосылатын нәрселер: алдыңғы қатардағы бірталай капиталистік елдерде қазірдің өзінде жүзеге асып отырған жаппай сауаттылық, одан кейін миллиондаған жұмысшыларды почтаның, темір жолдың, ірі фабриканың, сауда, банк жұмыстарының, тағы-тағы сондайлардың қоғамдастырылған ірі, күрделі аппараты арқылы «ысылдырып, тәртіпке жаттықтыруы».

Осындай э к о н о м и к а л ы қ жағдайлар туған кезде, дереу, бүгін-ертеңнен қалдырмай, капиталистер мен чиновниктерді құлатып, өндірісті, өнімнің бөлінуін бақылап отыру ісінде, еңбек пен өнімнің есебін алу ісінде капиталистер мен чиновниктердің орнына қаруланған жұмысшыларды, жаппай қаруланған халықты қоюға әбден болады. (Бақылау мен есеп мәселесін оқы-

7–1224

мысты инженер, агроном және басқалар туралы мәселемен шатастырмау керек: бұл мырзалар бүгін капиталистерге бағынып қызмет етіп отыр, ертең қаруланған жұмысшыларға бағына отырып, қызметті бұдан да жақсы атқаратын болады).

Есеп пен бақылау ісі—коммунистік қоғамның б і р і н ш і ф а з а с ы н жөнге салу үшін, оның дұрыс қызмет атқаруы үшін керекті ең б а с т ы шарт. Мұнда б а р л ы қ азаматтар мемлекетке жалданып қызмет істеушілерге айналады, мұндағы мемлекет — қаруланған жұмысшылар. Б а р л ы қ азаматтар бүкіл халықтық, мемлекеттік б і р ғ а н а «синдикаттың» қызметшілері мен жұмысшылары болады. Бар әңгіме —солардың бірдей жұмыс істеп, жұмыстың мөлшерін дұрыс қолданып бірдей ақы алып отыруында. Мұның есебін алып, бақылап отыру ісін капитализм әрбір сауатты адамның қолынан келерлік дәрежеде бақылау, жазып отыру, есептің төрт амалын білу және тиісті тілхат жазып беру ісіне айналдырып мейлінше о ң а й л а т қ а н, барынша қарапайым жұмысқа айналдырған[1].

Халықтың к ө п ш і л і г і барлық жерде, өз бетінше осындай есеп жүргізіп, капиталистерді (қазірде қызметшілерге айналғандарды) және капиталистік салттарынан арылмаған интеллигент мырзаларды осылайша бақылай бастаған уақытта, бұл бақылау мейлінше саймасай жалпыға бірдей, бүкіл халықтық бақылау болады, онда бұл бақылаудан жалтаруға ешбір мүмкіндік болмайды, «жасырынар жер қалмайды».

Бүкіл қоғам бір кеңсе, бір фабрика болады, онда еңбек те, ақы да тең болады.

Бірақ капиталистерді жеңіп, қанаушыларды құлатқан пролетариат осы «фабрикалық» тәртіпті бүкіл қоғамға қолданғанмен, бұл тәртіп біздің идеалымыз да емес, біздің түпкі мақсатымыз да емес, бұл тәртіп капиталистік қанаудың сұмдықтарынан, арамдықтарынан қоғамды мүлдем арылтуға және о д а н ә р і і л г е р і баса беруге қажетті с а т ы ғана болады.

---

[1] Мемлекет өз функцияларының негізгі саласы жағынан жұмысшылардың өздері жүргізетін есеп пен бақылау ісіне айналған кезде, ол „саяси мемлекет" болудан қалады, ол кезде „қоғамдық функциялар, саяси функциялардан жай әкімшілік функцияларға айналады" (жоғарыдан салыстыр: IV тарау, § 2, Энгельстің анархистермен айтысуы).

Қоғамның барлық мүшелері немесе, ең болмағанда, орасан көпшілігі мемлекетті өздері басқаруды үйреңгеннен бастап, бұл істі өз қолдарына алғаннан бастап, әлгі азғана капиталистерді, капиталистік салтты сақтап қалғысы келетін мырзаларды, капитализмнің салдарынан қатты құлқы бұзылған жұмысшыларды бақылау жағын «жөнге салып» алғаннан бастап,— содан әрі қарай басқару атаулының қандайы болса да керексіз бола бастайды. Демократия неғұрлым толық болса, оның керексіз болатын кезі де соғұрлым жақындай береді. Құралды жұмысшылардан құрылған, «енді шын мағнасында мемлекет болудан қалған» «мемлекет» неғұрлым демократияшыл келсе, мемлекет атаулының бәрі соғұрлым тез құрый бастайды.

Неге десеңіз, жұрттың бәрі қоғамдық өндірісті өздігінен басқара алатын болғанда, іс жүзінде басқарғанда, арам тамақтарды, ақсүйектерді, бұзықтарды және басқа да солар сықылды «капитализм дәстүрлерін сақтаушыларды» өздігінен есепке алып, бақылайтын болған кезде,—сонда осындай бүкілхалықтық есеп пен бақылау ісінен жалтару қалайда адам айтқысыз қиын болады, аса сирек кездесетін оқиға ғана болады; мұндай қылықтарға елеулі, жедел жаза қолданылып отыруы да ықтымал (өйткені құралданған жұмысшылар практикашыл адамдар, бұлар көлгір интеллигенттер емес, сондықтан ешбір қылжаққа көне қоймайды); солай болғандықтан, адамзат қауымының онша қиындығы жоқ, негізгі ережелерін бұлжытпай орындау қажеттігі өте тез-ақ дағдыға айналып кетеді.

Міне сонда коммунистік қоғамның бірінші фазасынан жоғарғы фазасына өтуге, сонымен бірге мемлекеттің толық құрып бітуіне кеңінен есік ашылатын болады.

VI ТАРАУ

ОППОРТУНИСТЕРДІҢ МАРКСИЗМДІ ҚОРЛАУЫ

II Интернационалдың (1889—1914) ең көрнекті теоретиктері мен публицистері революция туралы жалпы мәселеге де, сол сықылды мемлекеттің әлеуметтік революцияға және әлеуметтік революцияның мемлекетке қатысы туралы мәселеге де өте аз көңіл бөліп келді.

1914 жылы II Интернационалды күйреуге ұшыратқан оппортунизмнің біртіндеп өсу процесіндегі ерекше өзгешелігі сол — мәселеге бетпе-бет келіп қалғанда да, оппортунистер оны а у ы з ғ а а л м а у ғ а т ы р ы с ы п ж ү р д і, не оны ескермей өте шығып жүрді.

Түгелінен алып қарағанда, пролетариат революциясының мемлекетке қатысы туралы мәселе жөніндегі қыңырлықтан, оппортунизмге тиімді және соған қорек болған қыңырлықтан барып марксизмді б ұ р м а л а у ш ы л ы қ, оны толығынан қорлаушылық пайда болды.

Осы күйінішті процесті ең болмағанда қысқаша сипаттап өту үшін марксизмнің ең көрнекті теоретиктерін, Плеханов пен Каутскийді, алайық.

1. Плехановтың анархистермен айтысуы

Анархизмнің социализмге қалай қарайтындығы жайындағы мәселеге арнап Плеханов «Анархизм және социализм» деген айрықша бір кітапша жазған, онысы 1894 жылы немісше басылып шықты.

Осы теманы сөз қылғанда Плеханов анархизмге қарсы күрестегі мәселенің аса маңызды, ең толғағы піскен және саяси жағынан ең мәнді жерін, атап айтқанда, революцияның мемлекетке қатысы туралы және жалпы мемлекет туралы мәселені аузына алмай, қулық етіп өте шықты! Оның кітапшасында көзге түсетін екі бөлімі бар: бірі — тарихи-әдеби бөлімі, мұнысында Штирнердің, Прудонның және басқалардың идеяларының тарихын аңғартатын бағалы материалдар бар. Екінші бөлімі: филистерлік бөлім, мұнда анархисті бандиттан айыра алмайсың, деген темада айтылған босаң байымдамасы бар.

Темаларды қиюластыруы Плехановтың Россиядағы революцияның алдында және революция дәуіріндегі істеген әрекетінің ішіндегі ең қызықты және ең ерекшесі болып отыр: Плеханов 1905—1917 жылдарда өзін жартылай доктринер, жартылай филистер, саясатта буржуазияның соңынан еруші етіп көрсетті.

Жоғарыда көріп өттік: Маркс пен Энгельс, анархистермен айтыса отырып, революцияның мемлекетке қатысы жөніндегі өз көзқарастарын мейлінше ұстамды етіп, анық көрсетіп отырған. 1891 жылы Маркстің «Гота программасына сын» деген кітапшасын бастырып шығар-

ғанында, Энгельс былай деген: «ол кезде біз (яғни Энгельс пен Маркс) Бакунинге карсы, оның анархистеріне карсы мейлінше кызу күресуде болатынбыз — Интернационалдың (Біріншісінің) Гаагадағы конгресінен сон екі жылдың өткені сол ғана болатын».

Анархистер Париж Коммунасын, былайша айтқанда, «өздерінікі» деп, өз ғылымдарын растайтын нәрсе деп жариялауға тырысты, оның бержағында олар Коммунаның сабақтарын да, ол сабақтарға Маркстің жасаған зерттеуін де ешбір ұққан жок. Ескі мемлекеттік машинаны кыйрату керек пе? — оның орнына н е н і кою керек? деген накты саяси мәселелер жөнінде анархизм тіпті акыйкатка шамалы жуыктайтын да жауап бере алған жок.

Ал, «анархизм мен социализм» туралы мәселені сөз кылғанда мемлекет туралы мәселені түгелімен ауызға алмау, марксизмнің Коммунадан бұрын да, кейін де калай дамығандығының бәрін е с к е р м е й, өте шығу — оппортунизмге лажсыз түсу деген сөз болып шығады. Олай дейтініміз — оппортунизмнің көбінесе тілейтінінің өзі де жаңағы өзіміз айткан екі мәселенің мүлдем ауызға алынбай калуы. Осының ө з і д е оппортунизмнің жеңгендігі болып шығады.

2. *Каутскийдің оппортунистермен айтысуы*

Каутскийдің шығармалары өзге ел әдебиеттерінің қайкайсысындағыдан болса да орыс әдебиетінде өлшеусіз көп аударылғаны күмәнсіз. Кейбір неміс социал-демократтарының: Каутскийді окыйтын адамдар Германиядан гөрі Россияда көп деген калжыңы тегін айтыла салған калжың емес (жакшаның ішінде біздің айта кетеріміз мынау: бұл калжыңда оны шығарғандардың өздері ойлағаннан гөрі анағұрлым терең тарихи мағна бар, атап айтсак: 1905 жылы орыс жұмысшылары дүние жүзіндегі ең таңдаулы социал-демократиялык әдебиеттің ең таңдаулысын өте катты тіледі, адам айткысыз көп тіледі, ол шығармалардың өзге елдердің ешбіреуінде болып көрмеген көп аудармасын да алды, оларды көп бастырып та алды, сөйтіп, іргелес отырған, анағұрлым алға кеткен елдің орасан зор тәжрибесін еліміздегі пролетариат козғалысының жас негізіне жеделдете колданды).

Бізде Каутскийдің есімі әсіресе, марксизмді байыптап

түсіндіруі арқылы, оның үстіне оппортунистермен, олардың басшысы Бернштейнмен айтысуы арқылы әйгілі. Бірақ әйгіленбеген бір факты бар, ол, Каутскийдің сұмдық маскарашылдықпен абыржып, 1914 — 1915 жылдардағы асқан ұлы дағдарыс уақытында социал-шовинизмді қорғап кеткендігін қадағалап анықтаймыз десек, сол фактыны ауызға алмай болмайды. Ол факты мынау — оппортунизмнің Франциядағы (Мильеран мен Жорес) және Германиядағы (Бернштейн) ең көрнекті өкілдеріне қарсы шығарының алдында Каутский өте үлкен солқылдақтыққа салынды. 1901 — 1902 жылдарда Штутгартта шығып тұрған, революцияшыл пролетариат көзқарасын жақтаған марксшіл «Заря» Каутскиймен айтысуға мәжбүр болды, социалистердің 1900 жылы Парижда шақырылған халықаралық конгресіндегі Каутскийдің екіұшты қыңыр қарарын, оппортунистерге ымырашылдық көрсеткен қарарын «каучуктей» солқылдақ қарар деп атады[1]. Неміс әдебиетінде басылған хаттарында да, Бернштейнге қарсы аттанбастан бұрын Каутскийдің аз қобалжымағандығы айқын көрінді.

Каутскийдің марксизмнен айнудағы ең кейінгі сұмдықтарының тарихын ақтарып, құнттап қарағанымызда енді байқап отырмыз: оппортунистермен айғысқанда, мәселені қойысында, мәселені талқылау әдісінің өзінде ол дәл мемлекет жайындағы мәселеде ылғый оппортунизмге қарай бұра тартқан да отырған, мұнысының өлшеусіз үлкен мәнісі бар нәрсе.

Каутскийдің оппорутизмге қарсы жазған бірінші ірі шығармасы «Бернштейн және социал-демократияның программасы» деген кітабын алып қарайық. Каутский Бернштейннің пікірлерін әбден ашалап тексеріп, бекерге шығарған. Бірақ мынадай бір ерекшелігі бар. Бернштейн өзінің геростратовтай атышулы «Социализмнің болашақ жағдайлары» дегенінде марксизмді «бланкизм» деп айыптаған (Россиядағы оппортунистер мен либерал буржуалар да революцияшыл марксизмнің өкілдерін, большевиктерді содан бері мың қайыра осылай айыптап келді). Оның бержағында, Бернштейн Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасына әдейілеп

[1] Каутский сол конгресте социалистердің буржуазиялық үкіметке кіруін мақұлдайғын, біраз шарттар қойғанымен, осыны мақұлдайғын қарарды өткізген. *Ред.*

токталып, Маркстің Коммунаның сабақтары жөніндегі көзқарасын Прудонның көзқарасымен бірдей етіп көрсетуге тырысқан, бірақ онысының тіпті сәті түспегенін жоғарыда біз көріп өттік. Бернштейн Маркстің бір қортындысына айрықша назарын тіккен, ол қортынды — Маркстің «Коммунистік Манифеске» 1872 жылы жазған алғы сөзінде ескертілген болатын, онда былай делінген: «жұмысшы табы даяр тұрған мемлекеттік машинаны қолына жай ғана ала салып, өз мақсаттарын орындау үшін сол қалпында жүргізіп жібере алмақ емес».

Бұл данышпандық сөздің Бернштейнге «ұнағандығы» соншалық: ол өзінің кітабында осыны кемінде үш қайыра келтіріп айтқан, бірақ, оны барынша бұрмалап, нағыз оппортунистік мән беріп түсіндірген.

Жоғарыда көріп өттік — Маркстің айтайын дегені: жұмысшы табы бүкіл мемлекеттік машинаны қыйратуға, сындыруға, қопарып тастауға тиіс (Sprengung қопару, — Энгельстің қолданған сөзі). Ал, Бернштейнше, Маркстің бұл сөзі өкімет билігін қолға аларда жұмысшы табын тым революцияшыл б о л ы п к е т у д е н сақтандырған сөз болып шығады.

Маркстің пікірін бұрмалауда бұдан өткен дөрекілікті, бұдан өткен сұмпайылықты кездестіре алмассыз.

Ал бернштейншілдікті бастан-аяқ тексеріп, бекерге шығарғанында, Каутский қалай етті деңіз?

Дәл осы пунктке келгенде ол оппортунизмнің марксизмді бұрмалауының түбіне жете, тереңірек тексеруден бастартты. Ол Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіне арнап Энгельстің жазған алғысөзінен, жоғарыда алынған цитатаны келтіріп, ол: Маркстің айтуына қарағанда, жұмысшылар табы д а я р т ұ р ғ а н мемлекеттік машинаны ж а й ғ а н а иелене алмайды, бірақ жалпы алғанда оны игеріп а л а а л а д ы деді, бар айтқаны осы ғана. Маркстің нағыз пікіріне м ү л д е м қ а р а м а-қ а р с ы нәрсені Бернштейннің Маркске таңғаны туралы, 1852 жылдан бері Маркстің пролетариат революциясының міндеті — мемлекеттік машинаны «қыйрату» дегендігі туралы Каутский түк айтпады.

Сонымен, пролетариат революциясының міндеттері жайындағы мәселеде марксизмнің оппортунизмнен аса маңызды айырмасы бар екенін Каутский айтпай, елеусіз қалдырды!

«Пролетариат диктатурасының проблемасы жайындағы мәселенің шешуін біз ешбір алаңдамай-ақ келешекке қалдыра аламыз», — деп Каутский Бернштейнге «қарсы» жазған (немісше басылғанының 172-бетінде).

Мұның өзі Бернштейнге қарсы айтылған келелі сөз емес, шынына келгенде, соған жол бергендік, оппортунизмге позицияны бергендік, олай дейтініміз, оппортунистерге пролетариат революциясының міндеттері жайындағы барлық күрделі мәселелердің шешуін «ешбір алаңдамай-ақ келешекке қалдырсаң» болғаны, содан басқаның оларға керегі жоқ.

Маркс пен Энгельс 1852 жылдан 1891 жылға дейін, қырық жылдай, пролетариатты үйреткенде пролетарит мемлекеттік машинаны қыйратуға тиіс деп үйреткен. Ал, Каутский 1899 жылы, осы пунктте оппортунистердің марксизмнен әбден айныған кезінде, әлгі машинаны қыйрату қажет пе еді, деген мәселені жылы жауып қойып, оның орнына қыйратудың нақты формалары жайындағы мәселемен айналысып кеткен, онда да нақты формалардың қандай боларын алдын-ала біле алмаймыз, деген «талассыз» (әрі жемісcіз) филистерлік ақыйқаттың көлеңкесін паналап құтылған!!

Жұмысшы табын революцияға әзірлеудегі пролетариат партиясының міндеттеріне көзқарастары жағынан алып қарағанда, Маркс пен Каутскийдің арасында түпсіз терең шыңырау жатыр.

Каутускийдің ендігі бір шығармасын, әлгіден гөрі өскелең шығармасын алып қарайық, мұнысы да, едәуір дәрежеде оппортунизмнің қателерін көрсетіп, бекерге шығаруға арналған шығарма. Мұнысы оның «Әлеуметтік революция» жайындағы кітапшасы. Автордың мұнда әдейілеп сөз қылған темасы «пролетариат революциясы» туралы және «пролетариат режимі» туралы мәселе. Автор өте бағалы көп нәрсе айтқан, бірақ, дәл мемлекет жайындағы мәселені ауызға алмастан өте шыққан. Кітапшасының барлық жерінде де мемлекеттік өкіметті жеңіп алуды сөз қылған, бар айтқаны сол-ақ, яғни оның тауып алған тұжырымы оппортунистерге кеңінен жол беретін тұжырым, өйткені, ол өкімет тізгінін жеңіп алу ісін мемлекеттік машинаны қыйратпайынша да болатын нәрсе дейді. Маркстің 1872 жылы «Коммунистік Манифест» программасында

«ескіріп калды» деп айткан нәрсесін 1902 жылы Каутский кайта туғызып отыр.

Кітапшада «әлеуметтік революцияның формалары мен каруларына» әдейі арналып бір параграф жазылған. Бұл арада бұқаралық саяси стачкалар туралы да, азамат соғысы туралы да айтылған, «кәзіргі кездегі ірі мемлекеттің бюрократиясы мен армиялары сыкылды құралдары» туралы да айтылған, бірак Коммунаның жұмысшыларға кандай сабақ үйреткендігі туралы ешбір үн жок. Энгельстің мемлекетке «сокыр сеніммен бас ұрудан» сақтандырғаны, әсіресе неміс социалистерін сақтандырғаны, тегін сақтандыру болмағаны анықталып отыр.

Каутский істің жайын мынадай етіп баяндайды: жеңген пролетариат «демократиялык программаны іске асырады» дейді де, сол программаның параграфтарын баяндайды. Буржуазия демократиясының орнына пролетариат демократиясын орнату мәселесі жөнінде 1871 жылдың берген жаңалыктары кандай екендігі туралы ешбір үн жоқ. Каутский есітер құлакка ғана «толымды» боларлық мынадай сылдыр сөздерін айтқан да койған:

«Кәзіргі тәртіптердің тұсында үстемдікке жете алмайтындығымыз өзінен өзі айқын. Революцияның өзі күресті ұзакка созатын және тереңірек кармайтын күрес етеді, кәзіргі саяси және әлеуметтік құрылысымызды сол өзгертіп үлгереді».

Аттың сұлы жейтіндігі, Волганың Каспий теңізіне құятындығы кандай акыйкат болса, мынау «өзінен өзі айқын» дегені де сондай екендігі күмансыз. Бірақ, не пайда, «тереңірек кармайтын» күрес туралы мағнасыз, сылдыр сөзбен борандатып келіп, революцияшыл пролетариат үшін өте керекті мәселені жылы жауып өте шыккан, оның революциясының мемлекет жөніндегі, демократия жөніндегі «терендігі» кайсы, бурынғы пролетарлык емес революциядан оның өзгелігі қай жерінде деген мәселе аталмай қалған.

Бұл мәселені ауызға алмай өте шыккан Каутский, сөз жүзінде оппортунизмге каһарлы соғыс жарыялап, «революция идеясының» маңызын баса көрсетіп (революцияның накты сабақтарын жұмысшыларға насыйхаттаудан корыккан соң, ол «идеяның» каншалык құны бар?) я: «ең алдымен революцияшыл идеализм керек» дегенді айтып, немесе: ағылшын жұмысшылары дәл

қазіргі уақытта «ұсақ буржуалардан аса ұзап кете қоймас» дегенді айтып, іс жүзінде нақ сол аса маңызды пунктке келгенде оппортунизмге жол беріп отыр.

Каутский былай деп жазады:

«Социалистік қоғамда өндіріс орындарының әлдененше түрлері бюрократтық (??) «тред-юнионистік, кооперативтік жеке меншіктік түрлері бір-бірімен қатар өмір сүре алады...» «Мысал үшін айтатын болсақ, бюрократтық (??) ұйымсыз бола алмайтын өндіріс орындары да бар, — мәселен: темір жолдар. Мұндағы демократиялық ұйым түрі мынадай бола алады: жұмысшылар өз ортасынан делегаттар сайлайды, олар парламент тектес нәрсе құрады, сол парламент жұмыс тәртібін белгілеп береді де, бюрократтық аппараттың басқаруын бақылап отырады. Екінші түрлі өндіріс орындарын жұмысшы одақтарының қарауына беруге болады, үшінші түрлі кәсіп орындарын кооперация негізімен ұйымдастыруға болады» (орысшаға аударылып, Женевада 1903 жылы басылғанының 148 және 115-беттерінде).

Бұл пікір қате; Маркс пен Энгельстің, Коммуна сабақтарын мысалға ала отырып, 70-нші жылдарда түсіндіргендерімен салыстырғанда, мұның өзі бір адым кері басқандық.

Темір жолдар «бюрократтық» ұйымсыз бола алмайтын нәрсе емес, бұл жағынан темір жолдардың ірі машиналы индустриядағы жалпы өндіріс орындарынан, фабрика атаулыдан, үлкен магазиннен, капиталистік ірі ауыл шаруашылық өндіріс орнынан тіпті ешқандай айырмасы жоқ. Мұндай өндіріс орындарының бәріндегі техника сөзсіз қатаң тәртіп болуын міндеттейді, әркімнің өз сыбағасына тиген жұмысты мейлінше құнттап, ешқандай шашау шығармай орындап отыруын міндеттейді, олай болмаған күнде бүкіл істің тоқтап қалуы я механизмнің бүлінуі, өнімнің бүлінуі мүмкін. Мұндай өндіріс орындарының бәрінде жұмысшылар, әрине, «өз ортасынан делегаттар сайлайды, олар парламент тектес нәрсе құрады».

Әңгіменің асылы сонда—осы «парламент тектес нәрсе» буржуалардың парламенттік мекемелеріндей парламент болмайды. Әңгіменің асылы сонда—«осы парламент тектес нәрсе», Каутский ойлағандай, «тәртіпті белгілеп, бюрократтық аппараттың басқаруын бақылап» қана отырмайды; ал Каутскийдің ой-пікірі буржуазия парламентаризмінің шеңберінен шыға алмаған. Социалистік қоғамда жұмысшы депутаттарынан құралған «парламент

тектес нәрсе», әрине, тәртіпті белгілеп береді, «аппараттың» басқаруын да бақылайды, бірақ, ол аппарат «бюрократтық» аппарат болмайды. Жұмысшылар, саяси өкімет билігін жеңіп алған соң, бюрократтық ескі аппаратты қыйратады, оның тас-талқанын шығарып, түк қалдырмастан, әбден, түп-тамырымен қыйратады, оның орнына жаңа аппарат орнатады; мұнда істейтін жұмысшылар мен қызметшілердің өздері болады, бұлардың бюрократқа айналып кетуіне қарсы шұғыл шаралар қолданылады; Маркс пен Энгельс әбден ашалап, мейлінше толық көрсетіп берген ол шаралар мынау: 1) аппараттағылар сайланып қана қойылмайды, тілеген уақытта ауыстырылып та отыратын болады; 2) ақылары жұмысшылардың ақысынан артық болмайды; 3) жұрттың бәрі контроль мен бақылау функцияларын орындайтын, жұрттың бәрі уақытша «бюрократ» болатын, нақ сондықтан ешкім де «бюрократ» бола алмайтын халге дереу көшеді.

Маркстің: «Коммуна парламент сықылды ұйым емес, жұмыс істейтін ұйым, әрі заң шығаратын, әрі заңды орындайтын, ұйым болды» деген сөздерін Каутский мүлдем ойластырмаған.

Демократияны (халыққа арналмаған демократияны) бюрократизммен (халыққа қарсы бюрократизммен) ұштастыратын буржуазиялық парламентаризммен және салған жерден тығыз шараларын қолданып, бюрократизмнің тамырына балта шабатын, ол шараларын жеріне жеткізіп, бюрократизмді әбден құрта алатын, нағыз халыққа арналған демократияны толық енгізе алатын пролетариат демократизмінің арасындағы айырманы Каутский мүлдем ұғынбаған.

Бұл жерде Каутский өзінің мемлекетке бас иіп, баяғы «соқыр сеніммен құрметтеуге», бюрократизмге «соқыр сеніммен нануға» түскендігін көрсетіп отыр.

Енді, Каутскийдің оппортунистерге қарсы жазған соңғы, ең таңдаулы шығармасына, оның «Өкіметті алу жолы»деген кітапшасына келейік (мұнысы орысша басылып шықпады білем, өйткені, оның өзі бізде реакцияның асқынып тұрған кезінде, 1909 жылы шыққан). Бұл кітапша ілгері басқан үлкен адым, өйткені, мұнда 1899 жылы Бернштейнге қарсы жазылған кітапшадағы сықылды жалпы революциялық программа сөз болып отырған

жоқ, 1902 жылғы «Әлеуметтік революция» деген кітапшадағы сықылды әлеуметтік революцияның болатын уақытына жанастырылмай, тек сондағы міндеттер ғана сөз болып отырған жоқ, мұнда «революциялар заманы» келе жатқандығын бізге мойындаттыратын нақты жағдайлар туралы айтылған.

Автор жалпы таптар қайшылықтарының шиеленіскендігін көрсеткен, бұл жөнде өзгеше үлкен маңызы болған империализмді де көрсеткен. Батыс Европадағы «1789 — 1871 жылдар арасындағы революция дәуірінен» соң, 1905 жылдан бері Шығыста да сондай дәуір басталды. Жержүзілік соғыс керемет тездікпен жақындап келеді. «Революцияның мезгілі жеткен жоқ, деген сөзді енді пролетариат аузына ала алмайды». «Біз революция дәуіріне кірдік». «Революция заманы басталып келеді».

Бұл сөздер өте айқын айтылған сөздер. Империалистік соғыстың алдында Германия социал-демократиясының қандай боламыз, деп уәде бергенін, дәл соғыстың өзі бұрк ете түскенде, қандай масқара болып азып-айнып кеткенін (Каутскийдің өзі де солардың ішінде) салыстыруға Каутскийдің бұл кітапшасы әбден өлшеу бола алады. Осы қарастырылып отырған кітапшасында Каутский былай деген: «Қазіргі жағдайда туатын бір қауып бар, ол қауып — жұрт бізді (яғни Германия социал-демократиясын) шын қалпымыздағыдан гөрі баяуырақ деп білуі оп-оңай».

Шынында, Германияның социал-демократиялық партиясы сырткы көрінісінен әлдеқайда баяу, әлдеқайда оппортунист болып шықты.

Тағы бір өзгешелігі, Каутский революция заманы басталды, деп ашық айтып отырса да, өз айтуынша «саяси революция» жайындағы мәселені тексеріп, қарастыруға арналған кітапшасында, мемлекет туралы мәселені тағыда ауызга алмаған.

Мәселені осылайша ауызға алмаудың, ол туралы үндемей өте шығудың, жалтарушылықтың бәрін түгел қосқанда, осылардан барып оппортунизмге сөзсіз толық ауып кетушілік шықты, енді осыны сөз қылуымызға тура келеді.

Германия социал-демократиясы, Каутский арқылы былай деген сықты: мен революцияшыл көзқараста қала тұрамын (1899 жыл). Мен әсіресе пролетариаттың әлеуметтік революциясының сөзсіз болатындығын мой-

ындаймын (1902 жыл). Мен революциялардың жаңа заманы келе жатканын мойындаймын (1909 жыл). Бірақ, пролетариат революциясының мемлекетке калай қарайтындығы туралы мәселе қойылып отырғаннан кейін, мен Маркстің 1852 жылдың өзінде айтқанынан кері басамын (1912 жыл).

Каутский Паннекукпен айтысканында шынында да мәселе осылайша тікесінен қойылды.

3. Каутскийдің Паннекукпен айтысуы

Паннекук «солшыл радикал» ағымының адамы болып Каутскийге карсы шықты, бұл ағымдағылар қатарында Роза Люксембург, Карл Радек және басқалар болған, бұл ағымдағылар революцияшыл тактиканы ұстаған, бұлар: Каутский принциптен айырылды, марксизм мен оппортунизмнің арасында кобалжып, әрі-сәрі болып, «центрдің» жолына түсті, деген пікірге тоқтап, біріккен. Бұл көзқарастың дұрыс екендігін соғыс әбден дәлелдеді, соғыс уақытында, «центр» ағымы (қатеден марксистік ағым деліңіп жүрген ағым), яғни «каутскийшілдер» ағымы өзінің жеркенішті сұмпайылығын толық көрсетіп берді.

Паннекук мемлекет туралы мәселе қозғаған: «Бұқаралық әрекеттер және революция» („Neue Zeit", 1912, XXX, 2) деген макаласында Каутскийдің позициясын «баяу радикализм» позициясы, «әрекет жасамай құр күтіп отыру теориясы» деп бағалады. «Каутский революция процесін көргісі келмейді» (616-бетінде). Паннекук мәселені осылай коя отырып, біздің зер салып отырған темамызға, пролетариат революциясының мемлекет жөніндегі міндеттері жайындағы темаға келді.

Ол былай деп жазды:

«Пролетариаттың күресі мемлекеттік өкіметті алу жолында буржуазияға карсы жүргізілетін жай күрес емес, мемлекеттік өкіметке карсы күрес... Пролетариат революциясының мазмұны — мемлекет күшінің каруларын пролетариат күшінің каруларымен жойып ығыстырып шығару (дәл өзінше айтсақ: быту, Auflösung)... Күрестің түпкі нәтижесі ретінде, мемлекеттік ұйым толық кыйрап болғанда ғана, күрестің өзі тоқтайды. Көпшілік ұйымның артыкшылығы сол — ол үстемдік жүргізуші азшылықтың ұйымын құртады» (548-бетінде).

Паннекуктің іштегі ойын сыртқа шығарып түйіп айтуында үлкен-үлкен кемшіліктер бар. Бірақ, солай бола

тұрса да, оның ойы айқын, ал енді соның ойын Каутскийдің қ а л а й ш а бекерге шығарғаны қызық.

Каутский былай дейді:

«Бұл күнге дейін социал-демократтар мен анархистардың арасындағы қайшылықтары сол — алғашқылары мемлекеттік өкіметті жеңіп алу ниетінде еді, екіншілері оны бүлдіріп, қирату ниетінде еді. Паннекук осының екеуін де тілейді» (724-бетінде).

Паннекуктің жазуында көмескі жерлері бар, нақтылап айтуы кем десек (оның мақаласындағы біз қарастырып отырған темаға қатысы жоқ өзге де кемшіліктерін бұл арада сөз қылып отырмаймыз), ал Каутский істің Паннекук белгілеп қойған п р и н ц и п т і к асылын алған да, осы і р г е л і п р и н ц и п т і к мәселеде Каутский марксизмнің позициясынан біржолата безіп, толығынан оппортунизмге көшкен. Социал-демократтар мен анархистардың арасындағы айырманы ол мүлдем теріс көрсеткен, марксизмді біржола бұрмалап, қорлаған.

Марксистер мен анархистардың арасындағы айырма мынау: 1) марксистер — түпкі мақсатымыз мемлекетті мүлдем құрту дейді, бұл мақсат социалистік революция таптарды құртқаннан кейін ғана, мемлекеттің құрыйтын кезіне апарып жеткізетін социализм орнауының нәтижесі ретінде ғана жүзеге асады деп біледі; анархистар — мемлекетті бүгін-ертеннен қалдырмай толық құрту ниетінде, бұлар ондай құртудың жүзеге асырылу шарттары қандай екендігін ұқпайды. 2) Марксистер — пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғаннан кейін, ескі мемлекеттік машинаны толық қыйратуы қажет, оның орнына жаңа, құралды жұмысшылардың, Коммуна сықылды ұйымын орнатуы қажет, дейді; анархистар, — мемлекеттік машинаны қыйрату керек дегенімен, оның орнына пролетариаттың н е н і қоятындығын, революцияшыл өкіметті қ а л а й пайдаланатындығын әбден анық білмейді; қайта, анархистар революцияшыл пролетариаттың мемлекеттік өкіметті пайдалануын да, оның революцияшыл диктатурасын да мойындамайды. 3) Марксистер— пролетариатты революцияға әзірлеу керек, бұған осы күнгі мемлекетті пайдалану керек дейді; анархистар мұны мойындамайды.

Бұл таласта Каутскийге қарсы марксизмді жақтап шыққан Паннекук болып отыр, олай дейтініміз—пролетариат мемлекеттік өкімет тізгінін жеңіп алғанда ескі

мемлекеттік аппарат жаңа колға көшіп қана қоя салмайды, пролетариат ол аппаратты қыйратуы керек, оның орнына жаңасын орнатуы керек, деп үйреткен болатын Маркс.

Каутский марксизмнен кетіп, оппортунистерге қосылып отыр, олай дейтініміз — мемлекеттік машинаны осылай қыйрату керек деген пікірді одан мүлдем таба алмайсыз, ол өкімет тізгінін «жеңіп алуды» кәдімгі көпшіліктің алуы мағнасында етіп, оппортунистердің бұрмалап ұғындыруына саңлау қалдырып отыр, ал, мемлекеттік машинаның қыйратылуы оппортунистер үшін өте тиімсіз нәрсе.

Марксизмді бұрмалағандығын бүркеу үшін, Каутский начетчикше әрекет істейді: ол Маркстің өзінен «цитата» келтіреді. 1850 жылы Маркс «күш біткенді мемлекеттік өкіметтің колына мықтап жыйнау» қажеттігін айткан болатын. Қаутский мардамсып: Паннекук осындай «централизмді» қыйратқалы жүрген жоқ па екен? —деп сұрайды.

Мұнысы нағыз көз бояушылық, Бернштейннің: централизм орнына федерация болсын деген пікірге көзқарас жағынан марксизм мен прудонизм бірдей деп көрсеткені сыякты, көз бояушылық.

Каутскийдің бұл «цитатаны» келтіруі орынсыз да, жүйесіз де. Централизм мемлекеттік машинаның ескісінде де, жаңасында да болуы мүмкін. Жұмысшылар құралды күштерін өз ыктиярларымен біріктірсе, онысы централизм болады, бірақ мұның түпкі негізі мемлекеттің централистік аппаратын, тұрақты армияны, полицияны, бюрократияны «толық қыйрату» болады. Маркс пен Энгельстің Коммуна жайындағы тамаша әйгілі сөздерін тастап, мәселеге катысы жоқ цитатаны тізбектеп, Каутский нағыз алаяктык істеп отыр.

Каутский тағы былай дейді.

...«Әлде, Паннекук чиновниктердің мемлекеттік функцияларын құртпақ шығар? Бірақ, мемлекет басқару ісін былай қоя тұрсақ та, партия ұйымдарында да, кәсіпшілік ұйымдарында да біз чиновниктерсіз күн көре алмаймыз. Біздің программамыз мемлекеттік чиновниктерді құртуды талап етпейді, чиновниктерді халықтың сайлап қоюын талап етеді... Кәзіргі әңгімеміз «болашақ мемлекетте» басқарушы аппараттың қандай болатындығы жайында емес, әңгіме біздің саяси күресіміз мемлекеттік өкметті, *біз оны жеңіп алмай тұрып* (курсив Каутскийдің өзінікі) құрта ма (дәл өзінше айтсақ

тарата ма, auflöst), міне осы жайында болып отыр. Чиновниктерімен коса кандай министрлікті жою лайык?» Оку, зан, финанс, соғыс министрліктерінің аттары аталып көрсетілген. «Жок, үкіметке карсы жүргізіп отырған саяси күресіміз казіргі министрліктердің ешкайсысын да жоймакшы емес... Түсінбеушілік тумас үшін тағы да кайырып айтамын: әңгіме жеңімпаз социал-демократия «болашактағы мемлекетке» кандай түр беретіндігі туралы емес, әңгіме, біздің оппозиция казіргі мемлекетті калай өзгертетіндігі туралы болып отыр» (725-бетінде).

Мынау нағыз асыра сілтеушілік. Паннекуктің көтерген мәселесі дәл революция туралы болатын. Онысы мақаласының атында да, цитата алынған жерлерінде де айкын айтылған. Каутскийдің «оппозиция» жайындағы мәселеге аттап өтіп кетуінің өзі революциялык көзкарастың орнына оппортунистік көзкарасты тыкпалағандығы. Оның сөз саптауы: кәзір оппозиция боламыз, ал өкіметті жеңіп алғаннан кейінгісін өз алдына сөз кыла жатамыз. Революция жоғалады дегендік... Оппортунистерге керегінің өзі де дәл осы болатын.

Әңгіме оппозиция туралы да емес, жалпы саяси күрес туралы да емес, әңгіме дәл революцияның өзі туралы болып отыр. Революция дегеніміз сол — пролетариат «баскарушы аппаратты» және бүкіл мемлекеттік аппаратты кыйратады да, оның орнына кұралды жұмысшылардан кұралатын жаңасын орнатады. Каутский «министрліктерді» «сокыр сеніммен бас иіп кұрметтейді», бірак олардың ауыстырылмайтын несі бар, олардың орындарына әмірі күшті, әрі кұдіретті Жұмысшы, Солдат Депутаттары Советтерінің жанынан мамандар комиссияларын белгілеп коюға болмай ма екен?

Әңгіменің асылы «министрліктердің» калу-калмауында да, «мамандар комиссияларының» я баска мекемелердің болу-болмауында да емес, мұның оншалыкты маңызы да жок. Әңгіменің асылы мынада — ескі мемлекеттік машина (буржуазиямен мың сан байланысы бар, кертартпалык пен мылкаулык әбден сүйегіне сіңген машина) сол күйінше кала ма, әлде, ол кыйратылып, орнына жаңасы койыла ма. Революция болғанда, жаңа тап баскаруды, билеуді ескі мемлекеттік машинаның жәрдемімен жүргізбеуі керек, кайта сол машинаны кыйратып, баскару ісін, меңгеру ісін жаңа машинаның жәрдемімен жүргізуі керек, — Каутский марксизм-

нің осы негізгі пікірін бүркеп кеткен, немесе мүлдем ұқпаған.

Оның чиновниктер жайындағы қойған мәселесі Коммуна сабақтарын да, Маркстің ғылымын да ұқпағандығын айқын көрсетіп отыр. «Партия ұйымдарында да, кәсіпшілік ұйымдарында да біз чиновниктерсіз күн көре алмаймыз»...

Біз чиновниктерсіз капитализм тұсында, буржуазия үстемдігінің тұсында күн көре алмаймыз. Капитализм пролетариатты езген, еңбекші бұқараны құлданып алған. Капитализмнің тұсында демократизмнің өрісі тар, адымы қысқа, тыйпылданып күзелген, жалдамалы құлдықтың, қалың бұқараның жоқшылығы мен мұқтаждығының нәтижесінде демократизмнің сыйқы бұзылған. Соның үшін, тек соның үшін ғана, біздің саяси және кәсіпшілік ұйымдарымыздағы қызмет адамдары капитализм жағдайларынан бұзылып жүр (яки, дәлірек айтсақ, бұзылуға беттеп жүр), бюрократқа, былайша айтсақ, бұқарадан қол үзген, бұқарадан жоғары тұратын, ардақтаулы адамдарға айналып кетуге беттеп жүр.

Бюрократизмнің мәнісі осында; капиталистер экспроприацияланбай, буржуазия үстемдігі жойылмай тұрғанда, соған дейін тіпті пролетариаттың қызмет адамдарының да біраз «бюрократтануы» сөзсіз нәрсе.

Каутскийдің ойынша мынадай болып шығады: сайланып қойылатын қызмет адамдары болған соң-ақ, социализм тұсында чиновниктер де, бюрократия да бола береді! Міне, дәл осынысы дұрыс емес. Маркс, Коммунаны мысалға ала отырып, социализм кезінде қызмет адамдарының, сайланып қойылу шартының үстіне, және де тілеген уақытта орнынан түсіріліп отыратын тәртіптің енгізілуіне, және де ақының мөлшері жұмысшылардың орташа ақысының шамасына түсірілуіне, және де парламенттік мекемелердің орнына «жұмыс істеуші, яғни әрі заң шығаратын, әрі соларды іске асыратын» орындарды қоюға қарай, «бюрократ» болудан, «чиновник» болудан қалатынын дәлелдеп көрсеткен.

Шынына келгенде, Каутскийдің Паннекукке қарсы айтқан дәлелінің бәрі, әсіресе Каутскийдің, кәсіпшілік ұйымдарында да, партия ұйымдарында да чиновниктерсіз күніміз жоқ, деген тамаша дәлелі баяғы Бернштейннің жалпы марксизмге қарсы айтқан ескі «дәлелдерін» Каутскийдің қайталап отырғандығын көрсетеді. «Со-

циализмнің болашақ жағдайлары» деген ренегаттық кітабында Бернштейн «жабайы» демократия жөніндегі идеяларға карсы күреседі, өзінше «доктринерлік демократизм» деп атаған нәрсеге — императивтік мандаттардың, ақы алмайтын қызмет адамдарының, дәрменсіз орталық өкілдіктің және басқаларының болуына қарсы шығады. Әлгі «жабайы» демократизмнен іс шықпайтындығын дәлелдеу үшін Бернштейн ағылшын тред-юниондарының ерлі-байлы Вебб түсіндірген тәжрибесіне сүйенеді. «Әбден еркін» дамыған (немісше басылғанының 137-бетінде) тред-юниондар жетпіс жылдан бергі дамуының кезінде «жабайы» демократизмнен іс шықпайтындығына көздері жеткен соң, оның орнына кәдімгі демократизмді: бюрократизммен ұштасқан парламентаризмді қабылдады дейді.

Шынына келсек, тред-юниондар «әбден еркін» дамыған жоқ, қайта әбден капиталистік құлдықта күнелтті, ол құлдықтың тұсында, әлбетте, үстем болып отырған бәлеге, зорлық-зомбылыққа, өтірікке, кедейлерді «жоғарғы» басқару ісіне жуытпаушылыққа бірсыпыра жол бермейінше «күн көруге» болмайды. Ал социализм тұсында «жабайы» демократияның көп жері сөзсіз жанданады, өйткені халықтың қалың бұқарасы мәдениетті қоғамдардың тарихында тұңғыш рет серпіліп, дауыс беру мен сайлауға ғана емес, тіпті күнбе-күнгі басқару ісіне де дербес қатынасу дәрежесіне жетеді. Социализм тұсында жұрттың бәрі кезекпен басқаратын болады да, ешкім де басқармайтындай халге тез дағдыланып кетеді.

Данышпан ақыл иесі сыншы-зерттеуші Маркс Коммунаның практика жүзіндегі шараларында қандай өзгеріс барын көре білді, ал оппортунистердің онан зәресі қалмайды және бұлар өздерінің қорқақтығынан, буржуазиямен біржола айрылысқысы келмегендіктен, ол өзгерісті мойындағысы келмейді; анархистер болса мұны, я асығыстықтың, я жалпы бұқаралық әлеуметтік өзгерістердің шарттарын ұғынбаушылықтың салдарынан көргісі келмейді. «Ескі мемлекеттік машинаны қыйрату дегенді тіпті ойға алып та керегі жоқ, министрліктер мен чиновниктерсіз бізге күн қайда»—деп ойлайды оппортунист; филистерлік әдет мұның сүйегіне әбден сіңген, шынында оппортунистің революцияға, революцияның нәтиже шығаратындығына сенбеуі былай тұр-

сын, тіпті сол революциядан өлердей қорқады (біздің меньшевиктер мен эсерлер сияқты қорқады).

«Тек ескі мемлекеттік машинаны қыйратуды ғана ойлау керек, ал пролетариаттың бурынғы революцияларының н а қ т ы сабақтарының мән-жайын пайымдаудың, қыйратылатынның орнына н е н і қ а л а й қоямыз, деп зерттеп жатудың кереғі жоқ» — дейді анархист (әрине, анархистардың ішіндегі тәуірі осылай дейді, ал Кропоткиндердей мырзалардың және соның серіктерінің ізімен кетіп, буржуазияның соңынан ерген анархистар мұны да айта алмайды); сондықтан анархистың тактикасы т ү ң і л у тактикасы болып шығады, аяусыз-батыл, сонымен қатар, қалың бұқараның қозғалысындағы нақты міндеттерді орындау үшін жүргізілетін революциялық жұмыстағы практикалық жағдайлармен есептесетін тактика болып шықпайды.

Маркс осы қатенің екеуіне де ұрынбау керек деп үйреткен, ескі мемлекеттік машинаны қыйратуда мейлінше батыл болу керек деп үйреткен; сонымен қатар, мәселені накты түрде коюды да үйреткен: Коммуна бірнеше ғана жетінің ішінде пролетарлық, ж а ң а мемлекеттік машинаны орната б а с т а й білді, келелі демократизмді жүзеге асыруды және бюрократизмді құртуды көздеген шараларды дәл осылайша жүзеге асырды. Революцияшыл батылдықты коммунарлардан үйренейік, солардың практикалық шаралары практика жүзінде керекті және дереу қолға аларлық шаралардың б е л г і л е н г е н ж е л і с і деп білейік, сонда, о с ы ж о л м е н ж ү р і п, біз бюрократизмді толық қыйратып шығатын дәрежеге жетеміз.

Мұндай қыйратуды қамтамасыз ететін шарттар мыналар: социализм жұмыс күнін кемітеді, қ а л ы ң б ұ қ а р а н ы жаңа өмір дәрежесіне жеткізеді, халықтың к ө п ш і л і г і н е жағдайлар туғызып, жұрттың б ә р і түгелінен «мемлекеттік функцияларды» атқара алатын халге келтіреді, осының нәтижесінде жалпы мемлекет атаулы т о л ы қ қ ұ р ы й т ы н болады.

Ал Каутский тағыда былай дейді:

...«Бұқаралық стачканың міндеті — ешқашан да мемлекеттік машинаны қ ы й р а т у бола алмайды, оның міндеті белгілібір мәселеде үкіметті өз айтқанына көндіру немесе пролетариатқа жау үкіметтің орнына пролетариаттың тілегін орындайтын (entgegenkommende) үкімет қою ғана бола алады... Бірақ, ешқашан да, қандай жағдайларда болса да, мұның» (яғни, пролетариаттың өзіне жау үкіметті

жеңуінің) «нәтижесінде мемлекеттік өкіметтің қыйратылуы мүмкін емес, мұның нәтижесінде тек мемлекеттік өкіметтің ішіндегі күштердің өзара салмағы белгілі шамада ауысуы ғана (Verschiebung) мүмкін... Біздің саяси күресте көздейтін мақсатымыз да бұрынғы үкпінде қала бермек яғни біз парламентте көпшілік алу арқылы мемлекеттік өкімет билігін өз қолымызға түсіруді және парламентті үкіметтің қожасына айналдыруды көздей береміз» (726, 727, 732-беттерінде).

Мынау барып тұрған, ең пасық оппортунизм, мұның өзі сөз жүзінде революцияны жақтап, іс жүзінде одан мүлдем айнығандық. Каутскийдің ойы «пролетариаттың тілегін орындайтын үкіметтен» әрі ұзап шыға алмайды — мұнысы «Коммунистік Манифестің» «пролетариатты үстем тап етіп ұйымдастыру керек» деп жарыялаған 1847 жылмен салыстырғанда филистерлікке қарай бір адым кері басқандық.

Каутскийге Шейдемандармен, Плехановтармен, Вандервельдтермен ынтымақтасып, өзінің өте ұнатқан «бірлігін» солармен іске асыруға тура келер, бұлардың бәрі де «пролетариаттың тілегін орындайтын» үкімет үшін күресуге рыйза.

Ал біз социализмге опасыздық жасаған бұл адамдардан мүлдем айрылысамыз, ескі мемлекеттік машинаны қыйрату үшін күресеміз, құралды пролетариаттың өзі үкімет болуы үшін күресеміз. Бұл — «мүлде екі басқа нәрсе».

Каутскийге Легиндер мен Давидтердің, Плехановтардың, Потресовтардың, Церетелилердің, Черновтардың шүйіркелес тобына қосылып, солармен бір болуға тура келер, бұлардың қай-қайсысы болса да «мемлекеттік өкіметтің ішіндегі күштердің өзара салмағын ауыстыру» үшін, «парламентте көпшілік алу және парламентті үкіметке толық қожа ету» үшін күресуге әбден рыйза, — асыл-ақ мақсат емес пе, мұнда бәрі де оппортунистерге тиімді, бәрі де буржуазияның парламентті республикасының шеңберінен шықпайды.

Ал біз оппортунистермен мүлдем айрылысамыз; және «күштің өзара салмағын ауыстыру» үшін емес, буржуазияны құлату үшін, буржуазиялық парламентаризмді қыйрату үшін, Коммуна тектес демократиялық республика жасау жолындағы немесе Жұмысшы, Солдат Депутаттары Советтерінің республикасын жасау жолындағы, пролетариаттың революцияшыл

диктатурасын орнату жолындағы күресте саналы пролетариаттың бәрі бізбен бірге болады.

* *
*

Халықаралық социализмде Каутскийден оңшылырақ ағымда тұрғандар — Германиядағы «Социалистический Ежемесячник» (Легин, Давид, Кольб және тағы талайлары, солардың ішінде скандинавтық Стаунинг пен Брантинг те бар), Франция мен Белгиядағы — жоресшілдер мен Вандервельд, Италиядағы Турати, Тревес және Италия партиясының оңшыл жағының өзге адамдары, Англиядағы пабианшылдар мен «тәуелсіздер» («тәуелсіз жұмысшы партиясы», іс жүзінде әрдайым либералдарға тәуелді партия) және басқа солар сықылдылар. Бұл мырзалардың бәрі де партияның парламенттегі жұмысы мен публицистикалық істерінде орасан зор, көп реттерде өте басым роль атқара отырып, пролетариат диктатурасын мойындамайтындығын ашық айтып, нағыз барып тұрған оппортунистік істеп жүр. Бұл мырзалар үшін пролетариат «диктатурасы» демократияға «қайшы келеді»!! Шынына келгенде ұсақ буржуашыл демократтардан бұлардың ешбір елеулі айырмашылығы жоқ.

Осы жағдайды еске ала отырып, II Интернационалдың ресми өкілдерінің орасан көпшілігі толығынан оппортунизмге ауып кетті, деп қортынды жасауға біз әбден праволымыз. Бұлар Коммунаның тәжрибесін ұмытып қана қойған жоқ, мейлінше бұрмалады да. Бұлар жұмысшылар бұқарасы майданға шығып, ескі мемлекеттік машинаны қыйрататын, оның орнына жаңа машина орнататын кез, сөйтіп, қоғамды социалистік жолмен қайта құруға өзінің саяси үстемдігін негіз ететін кез жақындап келеді деген пікірді сол жұмысшылар бұқарасына ұғындырмады, — қайта, қалың бұқараға мұның керісінше ұғындырды, «өкіметті жеңіп алудың» жолын бұлардың теріс ұғындырғаны сондай, оппортунизмнің өріс алуына мың сан саңлау қалып келді.

Империалистік бәсекенің салдарынан барынша күшейтілген соғыс аппараты бар мемлекеттер, дүниеге Англия қожа болуы керек пе, әлде Германия қожа болуы керек пе, финанс капиталының қайсысы қожа болуы керек деген таласты шешу үшін ғана, миллиондаған адамды қы-

надай қыратын соғыс құбыжығына айналып отырғанда, пролетариат революциясының мемлекетке қалай қарайтындығы жайындағы мәселені бұрмалаудың және ауызға алмай атаусыз тастаудың ролі үлкен болмасқа да мүмкін емес еді[1].

БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА СОҢҒЫСӨЗ

Бұл кітапша 1917 жылғы август пен сентябрьде жазылған еді. Мен келесі жетінші тарауының жоспарын да жасап қойып едім; ол тарауы: «1905 және 1917 жылдардағы орыс революцияларының тәжрибесі» еді. Бірақ, бұл тараудың атынан басқа бір жолын да жазып үлгіре алмадым: саяси кризис, 1917 жылғы октябрь революциясының қарсаңы «бөгет болды». Мұндай «бөгетке» қуанғаннан басқа не бар. Ал кітапшаның екінші бөлегін («1905 және 1917 жылдардағы орыс революцияларының тәжрибесіне» арналғанын) сірә көпке дейін кідірте тұруға тура келетін шығар; «революцияның тәжрибесін» жазғаннан да, оның өзін жасау әлде қайда көңілді де, пайдалы да.

Автор.

Петроград

30 ноябрь, 1917 жыл.

1917 жылғы августа жазылған. 1918 жылы жеке кітапша болып басылып шыққан

Ленин. 1917 жылғы үш томдық Шығармалары, III т. 1937 ж., 1—104-беттері.

---

[1] Қолжазбада бұдан әрі былай делінген:

VII ТАРАУ

1905 ЖӘНЕ 1917 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӘЖРИБЕСІ

Осы тарауда аты аталған теманың адам айтқысыз зор тема екендігі сондай, бұл жайында томдар жазу мүмкін де, лайық та. Мына кітапшада, әлбетте, пролетариаттың революциядағы мемлекеттік өкім жөніндегі міндеттеріне тікелей қатысы бар ең басты тәжрибелік сабақтарды ғана айтуға тура келеді. (Қолжазба осымен тынған. Ред.)

МАЗМҰНЫ

Беті

Бағасы 2 сом.